

Жылдық есеп  
2018



**СЕВКАЗЭНЕРГО**



• **МАЗМҰНЫ**

**БАСШЫЛЫҚ ҮНДЕУІ**  
 Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі ..... 3  
 Бас директор үндеуі ..... 4

**НЕГІЗГІ АҚПАРАТ**  
 Қызмет профилі ..... 7  
 Компания құрылымы ..... 7  
 Рейтинг ..... 7  
 Негізгі өндірістік сипаттамалар ..... 8  
 Қызметтің негізгі көрсеткіштері ..... 8

**ЕСЕПТІК КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР МЕН ЖЕТІСТІКТЕР** ..... 11

**КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ**  
 Тарихы ..... 13  
 Миссия ..... 13  
 Көрініс ..... 14  
 Бизнес-модель ..... 14  
 Қызмет географиясы ..... 15  
 2016-2020 жылғы даму стратегиясы ..... 18  
 Негізгі стратегиялық бағыттар ..... 18  
 Инвестициялық бағдарламаны 2020 жылға дейін жүзеге асыру перспективалары ..... 19

**НАРЫҚТЫҚ ОРТАҒА ТАЛДАУ** ..... 20

**ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ**  
 Электр энергия өндірісі ..... 29  
 Электр энергиясын беру ..... 32  
 Жылу энергиясын беру ..... 33  
 Қондырғыларды қайта құру және жаңғырту бойынша 2019 жылға жоспар ..... 34  
 Процестерді автоматтандыру ..... 37  
 Өткізуші компанияларда жобаларды жүзеге асыру ..... 39  
 Сатып алу қызметі және қамту ..... 40  
 Қаржылық-экономикалық көрсеткіштер ..... 42

**КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ**  
 Акционерлердің жалпы жиналысы ..... 47  
 Акционерлердің жалпы жиналысы қызметінің қорытындылары ..... 47  
 Ұйымдық құрылым ..... 48  
 Акционерлік капитал құрылымы ..... 48  
 Дивидендтер туралы ақпарат ..... 49  
 Директорлар кеңесі ..... 51  
 Директорлар кеңесінің құрамы ..... 52  
 Директорлар кеңесі қызметінің қорытындылары ..... 53  
 Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер қызметінің қорытындылары ..... 54  
 Іріктеу және тағайындау ..... 55  
 Мүдделер қайшылығы ..... 55  
 Корпоративтік әдеп ..... 56  
 Коррупцияға қарсы өрекет ..... 57

Сыйақы беру саясаты ..... 57  
 Ішкі бақылау және аудит ..... 58  
 Корпоративтік басқару кодексінің сақталуы туралы есеп ..... 60

**ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ**  
 Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесі ..... 63  
 Ішкі бақылау стандарттары ..... 64  
 Тәуекелдерді сақтандыру .....  
 Қызметке айтарлықтай ықпал ететін тәуекелдерге талдау ..... 65

**ТҰРАҚТЫ ДАМУ**  
 Мүдделі тараптармен өзара қызмет ..... 69  
 Ақпараттық саясат ..... 71  
 Экологиялық ықпал етуді басқару ..... 72  
 Атмосфералық ауаны қорғау ..... 72  
 Қоршаған ортаға ықпал етуді төмендету, табиғат қорғау шаралары ..... 74  
 Парник газдары шығарылымы (CO<sub>2</sub>) ..... 75  
 Табиғат қорғау шаралары шығындары ..... 76  
 Су қолдану және су ресурстарын қорғау ..... 77  
 Өндіріс қалдықтарын тиімді қолдану және жою ..... 78  
 Экологиялық менеджмент жүйесі ..... 78  
 Табиғат қорғау қызметін қоғамдық бағалау ..... 79  
 2019 жылға жоспарлар ..... 79

**КАДРЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ**  
 Қызметкерлерді басқару саясаты ..... 80  
 Қызметкерлердің сандық және сапалық құрамы ... 81  
 Қызметкерлердің тұрақсыздығы ..... 84  
 Кадрлық резерв ..... 85  
 Жас мамандарды тарту ..... 85  
 Қызметкерлерді ынталандыру және сыйақы беру... 85  
 Бейматериалдық ынталандыру ..... 86  
 Кәсіподақ ұйымдарымен өзара қызмет ..... 86  
 Әлеуметтік қолдау, кепілдіктер және өтемақы төлемдері ..... 87  
 Спорттық-сауықтыру шаралары ..... 88  
 2019 жылға жоспарлар ..... 89  
 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ..... 90  
 Тұтынушылар қауіпсіздігі ..... 95  
 Ақпараттық-түсіндірме жұмыстары ..... 95  
 Өткізуші кәсіпорындарда тұтынушылардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау ..... 95  
 Әлеуметтік әріптестік ..... 96  
 Корпоративтік оқиғалар ..... 96  
 Есеп туралы ..... 97  
 Тақырыптар тізімі мен маңыздылық картасы ..... 98  
 GRI элементтерінің индексі ..... 99

**ГЛОССАРИЙ** ..... 109  
**ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ** ..... 110  
**БАЙЛАНЫС** ..... 111

## Директорлар кеңесі төрағасының үндеуі



## Дүйсенбай Нұрбайұлы Тұрғанов

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ  
Директорлар кеңесінің төрағасы



### Құрметті акционерлер мен серіктестер!

Сіздердің назарларыңызға «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның 2018 жылғы қызметі мен басты оқиғалары туралы жылдық есеп ұсынылып отыр.

Есептік жылда Компания энергетикалық кешеннің жан-жақты дамуына бағытталған міндеттерді орындады. Олардың қатарында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-ның сенімділігін арттыру, сондай-ақ, Солтүстік Қазақстан тұрғындарын энергиямен қамту сапасын жақсарту міндеттері бар.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-ның орнатылған қуаты бүгінгі таңда 541 МВт-ты құрайды. Жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізуге 2009 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан өндірістік активтерді жаңғырту және қайта құру бағдарламасы себеп болды. Жылу электр орталығын жаңалауда мемлекеттік шекті тарифтер бағдарламасы, Еуропалық қайта құру және даму банкі бөлген қаржы және Компанияның өзіндік қаражаты үлкен роль ойнады.

Бұл уақыт ішінде станцияда үш турбоагрегат пен бір қазандық агрегат толықтай ауыстырылып, екі турбоагрегат пен үш қазандық агрегат қайта құрылды. 10 жылдық жұмыстың нәтижесі ретінде станцияның орнатылған қуатының 161 МВт-қа, электр энергиясы өндірісінің 974,13 млн кВт-с-қа, қазандық агрегаттардың бу қуатының сағатына 420 тоннаға артуын, сондай-ақ, станция қондырғыларының физикалық тозуының 89,47 %-дан 61,61 %-ға – 27,86 %-ға қысқаруын айтуға болады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өндірістік көрсеткіштерінің өсуімен бірге экологиялық көрсеткіштер де жақсаруда. 2018 жылы Компания «Экологияға қосқан үлесі үшін» аталымы бойынша республикалық «Парыз» жүлдесінің лауреаты атанды. 2009 жылдан бастап Компанияда күлдің жалпы жылдық шығарылым көлемін 71 %-ға қысқартуға, ал ластаушы заттардың атмосфераға бөліну көлемін 12 %-ға қысқартуға мүмкіндік берген бірқатар экологиялық шаралар жүзеге асырылды.

Компания үшін энергетикалық инфрақұрылымды дамытуға инвестиция бөлу де – басым бағыттардың бірі болып табылады. Энергия беруші кәсіпорындарда энэргоресурстар шығынын төмендетіп, қондырғылардың қолданыс мерзімін арттыруға мүмкіндік беретін жетекші энэргоүнемдеуші технологияларды автоматтандыру және

енгізу бойынша кең ауқымды жобаларды жүзеге асыру жалғасын тапты. Осылайша, «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-нда кең ауқымды жобаларды жүзеге асыру арқасында 2018 жылдың өзінде беру кезіндегі электр энергиясы шығыны 8,4%-дан 8,36%-ға төмендеді. Бұдан бөлек, 2011 жылдан бері кәсіпорындарда электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі (ЭКЕАЖ) белсенді түрде қолданылады. Бүгінде 28 334 электр энергиясын есептеу құралы жүйеге қосылған. «Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде Еуропалық қайта құру және даму банкінің қаржысы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің субсидиясын игеру аясында жылу желілері мен олардың қаптамаларын пенополиуретанды қаптамадағы және ППУ-қаптамалы құбырларды пайдалана отырып, жаңғырту ісі жалғасты.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның даму стратегиясының дұрыстығына есептік жылда атқарылған жұмыстардың нәтижелері дәлел. Қай қызмет түрінде болмасын жоғары кәсібилік пен көрсетілетін қызмет сапасының көрсеткіші – тұтынушылардың қанағаттану деңгейі болып табылады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда тұтынушыларды Компания өндіретін энергиямен, жоғары сапалы қызметтермен қамтамасыз етуге барлық жағдай жасалуда. Компанияның болашақтағы қызметі де осы басты мақсатқа негізделді.

# Игорь Витальевич Татаров

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ  
Бас директоры



## Құрметті акционерлер мен серіктестер!

Назарларыңызға Компанияның 2018 жылғы қызметі туралы жылдық есебін ұсынып отырмыз.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бүгінде – Солтүстік Қазақстан облысының сегіз ауданы мен Петропавл қаласын жылумен қамтудың барлық саласын қамтитын компания. Энергетикалық кешен Солтүстік Қазақстан облысының экономикалық және әлеуметтік өмірінде маңызды роль ойнайды, сондықтан Компания қызметінің басым бағыты – өңірдің экономикалық дамуына қолайлы жағдай жасау мен тұрғындар өмірінің сапасын арттыру болып табылады.

2018 жылы Петропавл 2-ЖЭО 3 млрд 211 млн кВт-с электр энергиясын және 1 млн 893 мың Гкал жылу энергиясын өндірді. Шиналардан 2 млрд 841 млн кВт-с электр энергиясы босатылса, станция коллекторларынан босатылған жылу энергиясының көлемі 1 млн 893 мың Гкал. Бұл көрсеткіштер – жылу электр орталығының қолданыстағы активтерін жаңарту, қолдау, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыруға бағытталған көп жылғы еңбектің нәтижесі.

2018 жылы станцияда үш ірі жоба жүзеге асырылды, олар: ОРУ-110 кВ жаңғырту, №7 турбоагрегаттың сенімді жұмысын қамтамасыз ететін 7АТ автотрансформаторын

ауыстыру, сондай-ақ, жылу қуатын беру сызбасын қайта құру. Бүгінде станцияда 2025 жылға дейінгі қайта құру бағдарламасы әзірленген, оның аясында технологиялық процесті басқарудың автоматтандырылған жүйесін орната отырып, №1 және 2 қазандық агрегаттарды ауыстыру, №3, 6 және 7 турбоагрегаттарды автоматтандыру, №2 турбоагрегаттың төменгі қысымды цилиндрін және №6 турбоагрегаттың жоғарғы қысымды цилиндрін ауыстыру жоспарланып отыр. Аталған шаралардың арқасында 2025 жылға қарай Петропавл 2-ЖЭО-ндағы электр энергия өндірісі 3 591 600 мың кВт-с-қа, станция шиналарынан электр энергиясының босатылуы 3 164 918 мың кВт-с-қа жетеді.

Петропавл 2-ЖЭО қондырғыларын жаңғырту және қайта құру жобаларын жүзеге асырумен қатар, Компания электр және жылумен қамту желілерінің жағдайын жақсарту жұмыстарын жалғастырды.

2018 жылға дейінгі инвестициялық бағдарлама аясында «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-нда 63,6 км 0,4-10 кВ электр беру желілері қайта құрылса, оның 49,505 км бөлігі ӨОС (өздігінен берілетін оқшаулағыш сым) маркалы өткізгіші қолданылып қайта құрылды. Электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесін (ЭКЕАЖ) орнату бойынша

компания жалғасуда: 2018 жылы 1 375 есеп нүктесінде электр энергиясының бөлшек нарығының ЭКЕАЖ есептегіштері және 25 есеп нүктесінде электр энергиясының көтерме нарығының ЭКЕАЖ есептегіштері орнатылды. Жыл нәтижесі бойынша Компания желілеріндегі электр энергиясының шығындары 8,36 %-ға дейін қысқарды.

Компанияда «Петропавл жылу желілері» ЖШС құбыр өткізгіштерін жаңалау бойынша кең ауқымды жобаны жүзеге асыру жалғасуда. 2018 жылы көсіпорын жалпы ұзындығы 13,883 км құбырларды ауыстырып, магистральді және тарату желілеріне жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізді. Инвестициялық бағдарлама аясында компанияның өз қаражатына, Еуропа қайта құру және

даму банкінің қарызына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің бюджеттік субсидиясына 0,26 км құбыр өткізгішін қайта құру және 13,3 км құбыр өткізгішінің жылу қаптамасын қайта қалпына келтіру жұмыстары орындалды.

2019 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге күш сала береді. Басты мақсат – тұрғындарды сапалы және үздіксіз жылумен қамтуды сенімді қамтамасыз ету болып табылады. Компания инвестициялық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы өзі қызмет ететін өңірде ғана емес, тұтас Қазақстан Республикасында энергетикалық саланың дамуына зор үлес қосады деп сенемін.



## Негізгі ақпарат

## ҚЫЗМЕТ ПРОФИЛІ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» акционерлік қоғамы – Солтүстік Қазақстан облысының электр және жылу энергиясын өндіретін, тасымалдайтын және өткізетін кәсіпорындарын қамтитын вертикалды түрде біріктірілген компания болып табылады. Компания жетекші әлемдік тәжірибелерді белсенді түрде енгізіп, өз қызметін өндіріс, экология, денсаулық қорғау және әлеуметтік сала халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізеді.

## БАСТЫ РЕСУРСТАР



**2 561** адам – Компаниялар тобы қызметкерлерінің жалпы саны



**160** мыңнан астам тұтынушы



Петропавл 2-ЖЭО



Петропавлдағы жылумен қамтушы компания



Солтүстік Қазақстан облысындағы ЭТК



Петропавлдағы өткізуші компания



**541 МВт** - орнатылған электр қуаты



**713 Гкал/с** - орнатылған жылу қуаты



**СЕВКАЗЭНЕРГО**

«Орталық-Азия  
Электроэнергетикалық  
Корпорациясы»

АҚ

100%



100%

АҚ

«Солтүстік Қазақстан  
электр желілік тарату  
компаниясы»

ЖШС

«Петропавл жылу  
желілері»

ЖШС

«Севказэнергосбыт»

## КОМПАНИЯ РЕЙТИНГІ

Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі | B+  
Болжам «Тұрақты»

### РЕЙТИНГТІК ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ТОЛЫҚ ТІЗІМІ:

- Ұлттық және шетелдік валютадағы ұзақмерзімді РДЭ «B+» деңгейінде расталды, болжам «Тұрақты»;
- Ұлттық ұзақмерзімді рейтинг «BBB(kaz)» деңгейінде, болжам «Тұрақты»;
- Ұлттық валютадағы басым қамтамасыз етілмеген рейтинг «B+» деңгейінде, активтердің қайтарымдылық рейтингі «RR4» деңгейінде расталды.

## НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК СИПАТТАМАЛАР

Шағын станциялардың типі бойынша саны

Шағын станциялар типі	Саны
220 кВ	-
110 кВ	37
35 кВ	121
6-10 кВ	2 234
<b>Барлығы</b>	<b>2 392</b>

Электр беру желілерінің ұзындығы

ЭБЖ типі	Ұзындығы, км
220 кВ	84,84
110 кВ	1 327,14
35 кВ	2 849,43
6-10 кВ	4 489,92
0,4 кВ	4 470,49
<b>Барлығы</b>	<b>13 221,82</b>



ЕБИТДА

Жыл	ЕБИТДА (млрд теңге)
2016	12,6
2017	11,8
2018	11,8*

\*- курстық айырманы есепке алмағанда

ЕБИТДА margin

Жыл	ЕБИТДА margin %
2016	40,7
2017	37,0
2018	35,4*

\*- курстық айырманы есепке алмағанда

Энергия өндіру

Жыл	Электр энергиясы (млн кВт-с)	Жылу энергиясы (мың Гкал)
2016	3 208	1 905
2017	3 226	1 697
2018	3 211	1 893

Тұтынушылар саны

Электр энергиясы	Жылу энергиясы
163 795	73 629



Тұтынушыларға энергия босату (тауарлы босату)

Атауы	2015	2016	2017	2018
Электр энергиясын тауарлы босату, млн кВт-с	2 307	2 692	2 731	2 709
Жылу энергиясын тауарлы босату, мың Гкал	1 316	1 288	1 224	1 352,7

Активтер

Жыл	Айналымды активтер (млрд теңге)	Айналымнан тыс активтер (млрд теңге)
2016	7	99
2017	7	102
2018	7	100

Инвестициялар көлемі

Жыл	Инвестициялар көлемі (млрд теңге)
2016	11,1
2017	9,6
2018	4,9

## ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Өткізу көлемі

Жыл	Өткізу көлемі (млрд теңге)
2016	30,9
2017	31,7
2018	33,3

Таза пайда

Жыл	Таза пайда (млрд теңге)
2016	4,9
2017	3,4
2018	1,7

# Есептік кезеңдегі негізгі оқиғалар



## НАУРЫЗ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2017 жыл қорытындысында жай акциялар бойынша дивидендтер төледі.



## МАУСЫМ

PROFENERGY жобасы аясында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ғылыми жұмыстар байқауының жеңімпаздарын марапаттады. Жеңімпаздар – Петропавл теміржол транспорты колледжінің студенттері.



## ШІЛДЕ

Fitch халықаралық рейтинг агенттігі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ұлттық және шетелдік валютадағы дефолттың ұзақмерзімді рейтингін «В+» деңгейінде растады, болжам – «Тұрақты». Ұлттық ұзақмерзімді рейтинг деңгейі - «BBBkaz», болжам – «Тұрақты».



## ҚЫРКҮЙЕК

2018 жылғы 26 қыркүйекте Doing Business субұлттық рейтингінің «Электрмен қамту жүйесіне қосылу» индикаторы бойынша ақпарат жинау мақсатында Бүкіләлемдік банктің халықаралық сарапшылары «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-нда болды. Кездесуге «ҚР Энергетика министрлігі атом және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің СҚО бойынша аумақтық департаменті» МБ және «СҚО өкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы» МБ жетекшілері қатысты.



## ҚАРАША

28 қарашада «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ акционерлері Директорлар кеңесі құрамын өзгерту туралы шешім қабылдады.



## ЖЕЛТОҚСАН

2018 жыл қорытындысында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Forbes Kazakhstan журналының нұсқасы бойынша Қазақстанның 50 ірі компаниясы рейтингінде 33-орынға тұрақтап, 2017 жылмен салыстырғанда 4 орынға жоғарылады.

Нұр-Сұлтан қаласында «Парыз 2018» бизнестің өлеуметтік жауапкершілігі байқауының қорытындылары шығарылды. «Экологияға қосқан үлесі үшін» аталымында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниясы лауреат атанды.

**22 желтоқсан**  
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобында екі кәсіпорын мерейтойларын атап өтті: «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ-ның құрылғанына 55 жыл толса, «Севказэнергосбыт» ЖШС-не – 10 жыл. Энергетик күніне арналған салтанатты жиында мерейтой иесі болып табылатын компаниялардың қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, жыл қорытындысы бойынша үздік жұмысшыларды корпоративтік наградалармен және атақтармен марапаттады.



# Компания туралы



## ТАРИХЫ

Петропавл 2-ЖЭО пайдалануға берілді.

**1961**

**1963**

«Целинэнерго» АБ бұйрығы бойынша «Петропавл электр желілері кәсіпорны» құрылды.

2-ЖЭО жылу желілері цехінің базасында «Целинэнерго» Петропавл жылу желілері басқармасы (ЖЖБ) құрылды.

**1965**

**1999**

Солтүстік Қазақстан облысы әділет органдарында «Аксесс-Энерго 2-ПЖЭО» ЖШС тіркелді.

Өңірдің энергетикалық кешенінің иесі — «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ («ОАОЭК» АҚ) болды, кейін ол «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ («ОАЭК» АҚ) акционерлер құрамына кірді.

**2007**

**2009**

Қайта құру нәтижесінде акционерлік қоғам ұйымдастырушылық-құқықтық формасындағы «СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниясы құрылды және ол «АксессЭнерго 2-ПЖЭО» ЖШС-ның барлық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мұрагері болып табылады.

## МИССИЯ

Компанияның міндеті — Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындарының өмір сапасын арттыру және облысты экономикалық тұрғыдан дамытуға жағдай жасау. Бұл мақсатқа Солтүстік Қазақстан облысындағы және Петропавл қаласындағы тұрғындарды, өнеркәсіптік кәсіпорындарды, бюджеттік және коммерциялық ұйымдарды энергиямен қамсыздандыру және олардың тіршілік етуін қамтамасыз ету бойынша сапалы қызмет көрсету арқылы қол жеткізіледі.

Көрсетілетін қызмет сапасын қамтамасыз ету барысында барлық техникалық талаптарды сақтай отырып, энергиямен қамсыздандыру сенімділігі әрі үздіксіздігі және тұтынушыларға қызмет көрсетудің жоғары деңгейі көзделеді.

Тиімділіктің негізі — Компания қызметкерлері болып табылады. Олардың жоғары кәсібилігі, командада жұмыс істеу қабілеті және нәтижелерге қол жеткізуге бағдарлануы алға дамуды қамтамасыз етеді.



## КӨРІНІС

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ – Солтүстік Қазақстан облысында орналасқан, қызметі жылу және электр энергиясын өндірудің барлық сатысы – өндіріс, тасымал және өткізуді қамтитын энергетикалық компания. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ вертикалды түрде біріктірілген энергетикалық холдинг – «Орталық-Азия Электро-энергетикалық Корпорациясы» АҚ-ның еншілес компаниясы болып табылады. Компания басшылығы

серіктестермен, клиенттермен және жеткізушілермен қарым-қатынаста сыйластық және өзара жауапкершілік принциптерін ұстанады. Компания алдындағы міндеттерге қол жеткізуге «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлері – ниеттестер командасы, жоғары кәсібилік, командада жұмыс жасау қабілеті және нәтижелерге қол жеткізуге бағыт ұстану негіз болады. Бұлар алға нық қадам жасауға мүмкіндік береді.

## БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

### КАПИТАЛДАР



**ҚАРЖЫЛЫҚ КАПИТАЛ**  
Жарғылық капитал - **16 291 512** мың теңге

**ӨНДІРІСТІК КАПИТАЛ**  
Петропавл 2-ЖЭО  
**233,544** км жылу желілері  
**13 221,82** км электр желілері  
Өткізуші компания

**ТАБИҒИ КАПИТАЛ**  
**2 735 499** мың тонна көмір тұтыну  
**2 339** тонна мазут тұтыну  
**153 974,4** мың м<sup>3</sup> су тұтыну

**АДАМ КАПИТАЛЫ**  
**2 561** жұмысшы  
**702** адам жоғары білімді  
**158** адам – кадрлық резерв  
**11,6%** - кадр тұрақсыздығы  
PROFENERGY бағдарламасы

**ЗИЯТКЕРЛІК КАПИТАЛ**  
SCADA, Ellipse, Mobility, ЭКЕАЖ, «ТЕЗИС»  
ӨТП АБЖ, ЖКЕАЖ

**ӘЛЕУМЕТТІК КАПИТАЛ**  
Мүдделі тараптардың **9** тобы  
Әлеуметтік саясат

### ҚЫЗМЕТ



**НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ**  
Ж/э және э/э өткізу тұтынушыларға  
Петропавл 2-ЖЭО-нда өндірілген электр және жылу энергиясын сату қызметі

Ж/э және э/э тасымалдау және тарату  
Энергияны өндіріс орындарынан тұтыну орындарына тасымалдау электр желілері арқылы жүзеге асырылады. Олардың құрамына электр беру желілері және тарату құрылғылары кіреді.

Ж/э және э/э өндіру  
холдингтің 4 ЖЭО-нда жылу және электр энергиясын өндіру

**ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ**  
Энергия жабдықтарын жаңғырту;  
Жылу және электр желілерін қайта құру;  
Процестерді автоматтандыру.

## ҚЫЗМЕТ ГЕОГРАФИЯСЫ

### СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



- Петропавл 2-ЖЭО
- «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ
- «Петропавл жылу желілері» ЖШС
- «Севказэнергообсбыт» ЖШС
- Аудандық ТЭС

**541 МВт** – орнатылған электр қуаты

**713 Гкал/с** – орнатылған жылу қуаты

### 2018 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР



- Өндірістік қорды жаңғыртуға салынған инвестициялар - **4,9** млрд теңге.
- 3 211** млн кВт·с – электр энергия өндірісі.
- 1 893** мың Гкал – жылу энергия өндірісі.
- Құнның артуына өкелетін ст. № 10 қазандық агрегатқа күрделі жөндеу.
- 781 760,518** мың теңге - қоршаған ортаны қорғау шығындары.
- Экологиялық және әлеуметтік әрекеттер жоспарын жүзеге асыру.
- Өндірісте адам өлімімен аяқталған оқиға саны - **0**.
- 1 375** тұтынушы ЭКЕАЖ-бен жабдықталды.
- 285** жылу есептеу құралы орнатылды.
- Мүдделі тараптармен өзара қызмет жоспары орындалды.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» Компаниясы вертикалды түрде біріктірілген құрылымға ие, оған Солтүстік Қазақстан облысының өндіруші, тасымалдаушы және өткізуші кәсіпорындары кіреді.

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниясының құрамына келесі кәсіпорындар енеді:**

- Петропавл 2-ЖЭО;
- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ (Солтүстік Қазақстан облысының, Петропавл қ. электр желілері);
- «Петропавл жылу желілері» ЖШС (Петропавл қаласының жылу желілері);
- «Севказэнергосбыт» ЖШС.

**Петропавл 2-ЖЭО**

Петропавл 2-ЖЭО қызметінің негізгі түрі электр және жылу энергиясын өндіру болып табылады. 2018 жылдың соңында станцияның орнатылған және иеліктегі қуаты электр энергиясы бойынша 541 МВт-ты, жылу энергиясы бойынша 713 Гкал/с-ты құрайды. Станция келесі цехтерден тұрады: отын-көлік цехі, қазандық, турбиналық, электрлік, химиялық цехтер. Қосалқы цехтер: жылу автоматикасы және өлшеулер цехі, жөндеу-механикалық цехі, оттегі станциясы, жөндеу-құрылыс учаскесі. КСН маркалы Екібастұз бассейнінің көмірі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ЖЭО кәсіпорнында пайдаланылатын отынның негізгі түрі болып табылады, ал тұтандыру отыны ретінде М-100 маркалы мазут қолданылады.

**«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ**

«СҚ ЭТК» АҚ энергия беруші ұйым болып табылады және өз қызметін табиғи монополиялар саласында, электр энергиясын электр желілері арқылы беру және тарату бойынша реттелетін қызметтер көрсету арқылы жүзеге асырады. Қызмет көрсету аумағының ауданы - 45 мың км<sup>2</sup>, елді мекендер саны – 399, оның ішінде 4 қала бар. «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ Солтүстік Қазақстан облысында орналасқан және өз балансына кіретін 0,4-220 кВ қысымды электр желілеріне қызмет көрсетеді. «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ құрамына 8 электр желілік аудан, Электр желілерінің қалалық басқармасы (ЭЖҚБ) кіреді. Бұл Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясының қызмет көрсету аумағындағы ауылдық өкімшілік аудандар санына сәйкес келеді. «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның Петропавл 2-ЖЭО-да өндірілетін электр энергиясын Солтүстік Қазақстан облысы, Оңтүстік Орал темір жолы және Ресей Федерациясы тұтынушыларына беру және

үлестіруді қамтамасыз етеді. Түрлі меншік формасындағы 6 094 кәсіпорын шоғырланған «СҚ ЭТК» АҚ электр желілеріне Солтүстік Қазақстан облысының көптеген кәсіпорындары қосылған, тұтынушылардың жалпы саны 162 639 адамды құрайды. «СҚ ЭТК» АҚ тұтынушыларының қызметтерге қол жетімділік деңгейін арттыру мақсатында 2012 жылы қыркүйекте Тұтынушыларға қызмет көрсету орталығы ашылды, мұнда төмендегі қызмет түрлері көрсетіледі:

- Жер учаскелері мен сервитуттарды мақұлдау;
- Электр және жылумен қамтуға қосылу үшін техникалық шарттарды беру;
- Электр желісіне қосу/ажырату;
- Есептегіштерді пломбалау;
- Өзге консультативті-оперативті қызметтер.

**«Петропавл жылу желілері» ЖШС**

«Петропавл жылу желілері» ЖШС негізгі қызметі – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-нда өндірілетін жылу энергиясын беру мен тарату, жылу желілерін техникалық дұрыс жағдайда ұстап тұру, Петропавл қаласын тұрақты жылумен қамтамасыз ету болып табылады. Бұдан бөлек, кәсіпорын қаланың магистральді және тарату желілерін жаңарту жұмыстарын жүргізіп, жылумен қамту сапасының заманауи талаптарына жауап беретін жаңа энерготипімді технологияларды іздеу мен енгізуді үздіксіз жүзеге асырады. «Петропавл жылу желілері» ЖШС балансындағы жылу желілерінің жалпы ұзындығы 233,544 км құрайды, оның ішінде тарату желілерінің ұзындығы – 148,227 км, ал магистральді желілердің ұзындығы – 85,317 км. 2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жылу желілері жабдықтарының тозу деңгейі 69,86% құраса, оның ішінде магистральді жылу желілері бойынша – 75,92%, тарату желілері бойынша – 59,53%. Кәсіпорын балансында 51 сорғы станциясы бар, оның 5-уі магистральді және 46-сы абоненттік станциялар. Сорғы станцияларының жалпы орнатылған (жобалық)

қуаты, жылу пункттерін қоса алғанда, 11 736 кВт-с құрайды. «Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде жылу энергиясын беру мен таратуға арналған қондырғыларды пайдалану мен техникалық қызмет көрсету, еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік бойынша арнайы қызметтері бар.

**«Севказэнергосбыт» ЖШС**

«Севказэнергосбыт» ЖШС – Петропавл қаласының және Солтүстік Қазақстан облысының тұтынушыларына жасалған келісімшарттар негізінде электр және

жылу энергиясын беруді қамтамасыз ететін энергиямен қамсыздандырушы ұйым. Тұрғындардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін көлемде энергия ресурстарын сенімді түрде өрі үздіксіз жеткізу серіктестік қызметінің негізгі бағыты болып табылады. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Севказэнергосбыт» ЖШС тұтынушыларының жалпы саны электр энергиясы бойынша 163 795 адамды және жылу энергиясы бойынша 73 629 адамды құрады.



Орташа босату тарифтері (ҚҚС/Гкал қоса алғанда теңге)

	01.07.14	01.07.15	01.01.16	05.10.16	01.01.17	10.07.17	01.01.18	01.07.18	01.11.18
<b>Жылу энергиясы</b>	3 364,13	3 374,54	3 890,56	3 907,18	4 284,06	4 308,05	4 542,97	4 605,17	4 579,15

(ҚҚС/кВт-с қоса алғанда теңге)

	01.01.14	01.01.15	01.04.15	01.07.15	01.01.16	01.01.18	01.11.18
<b>Электр энергиясы</b>	12,557	13,824	13,779	13,858	14,625	15,326	15,19

2016 жылы 2010-2015 жылдары жүзеге асырылған Стратегияның логикалық жалғасы болып табылатын 2016-2020 жылдарға арналған ұзақмерзімді корпоративті Стратегияны жүзеге асыру бекітілді. Ол бизнес дамуының, басқару жобалары мен технологияларының негізгі бағыттарын айқындайды.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ стратегиялық мақсаты — аймақтың экономикалық өсімін қамтамасыз ету үшін Солтүстік Қазақстан облысының энергетикалық жүйесінің теңдестірілген және тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жетекші энергетикалық компанияны құру. Бұл ретте Компания өзінің қызметінде өндіріс, экология, денсаулық сақтау салаларында және өлеуметтік салада халықаралық стандарттарға қол жеткізуге ұмтылады.

## НЕГІЗГІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

**Алға қойылған стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін Компания келесі міндеттерді жүзеге асырады:**

1. Өндірістің техникалық деңгейін арттыру, апаттылық тәуекелдерін төмендету және тұрып қалуды болдырмау мақсатында жабдықтарды жаңғырту:

**Жоспарланған шаралардың орындалуы:**

- №2 күл үйіндісінің №3 секциясының қоршау бөгеттерін биіктету;
- 2-ЖЭО кабельді тоннельдерін қайта құру;
- 12-ҚА және 5-ТА ауыстырып, 2-ПЖЭО қайта құру аясында В-Е осіндегі бас корпустың каркасын (колонна, балка, плиталар) ауыстыру;
- отын беру құрылысын жаңғырту;
- ОРУ-110 кВ жаңғырту;
- №№ 7,7А,8,Б/н2 кабельді тоннельдерін өртке қарсы автоматика жүйелеріне ауыстыру, монтаждау және реттеу;
- құнның жоғарылауына әкелетін № 10 қазандық агрегатқа күрделі жөндеу.

**2019 жылға жоспарлар:**

- №2 күл үйіндісінің №3 секциясының қоршау бөгеттерін биіктету;
- 2-ЖЭО кабельді тоннельдерін қайта құру;
- № 2 ҚО қайта құру жобасы;
- № 4 күл үйіндісін салуға жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеу;
- ОРУ-220кВ қайта құру жобасын әзірлеу;
- отын беру құрылысын жаңғырту;
- №№ 1,2,5,9,11 ҚА беткі қыздыру қабатын ауыстыру;
- құнның жоғарылауына әкелетін № 10 қазандық агрегатқа күрделі жөндеу;
- негізгі жабдықтар құнының жоғарылауына әкелетін негізгі жабдықтарға күрделі жөндеу;
- бас корпус (ҚЦ және ТЦ) ғимаратының негізгі және қоршау темірбетон құрастырылымдарының жағдайын техникалық сараптау;
- құнның жоғарылауына әкелетін №№ 1,2,6,4,9 ҚА және №№ 1,7 ТА күрделі жөндеу.

2. Энергияны өндірген және берген кезде энергияны үнемдейтін және энергиялық тұрғыдан тиімді болатын технологияларды ендіру:

**Жоспарланған шаралардың орындалуы:**

- 7АТ автоматты трансформаторын алу;

**2019 жылға жоспарлар:**

- қосымша жабдығы бар 6АТ автотрансформаторын алу, жеткізу және монтаждау;
- ерітуші қондырғыны қайта құру;
- Белое көлінің табанын тазалау жұмыстары.

3. Жылу және электр энергиясының бірліктерін өндіруге жұмсалатын үлестік шығыстарды барынша азайту:

**2019 жылға жоспарлар:**

- жылу қуатын беру сызбаларын қайта құру.

4. Экология саласындағы халықаралық, республикалық және ішкі салалық нормативтік және заңнамалық құжаттардың талаптарына сәйкес келу:

**Жоспарланған шаралардың орындалуы:**

- Экологиялық менеджмент жүйесі бойынша ISO 14001 халықаралық стандартына сәйкестікке бұрын берілген сертификатты растай отырып, бірінші бақылау аудитін жүргізу;
- қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беретін жобалық-нормативтік экологиялық құжаттамаларды әзірлеу;
- арнайы су қолдануға рұқсат алу;
- статистикалық экологиялық есептілікті, парник газдары, ПХД, РВПЗ және басқалар бойынша есептілікті уақытылы өткізу;
- 2-ПЖЭО үздік қолжетімді технологияларын бағалап, тәуелсіз экологиялық аудит жүргізу;
- жоспарланған Қоршаған ортаны қорғау шаралары жоспарын және Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасын жүзеге асыру;
- міндетті экологиялық сақтандыру;

- экологиялық тәуекелдер мен мүмкіндіктер, экологиялық аспектілер бірегейленіп, олардың алдын алу бойынша шаралар әзірленді;

- ҚТҚ полигонында орналастыруға болмайтын қалдықтарды бөліп жинау енгізілді.

**2019 жылға жоспарлар:**

- Экологиялық менеджмент жүйесі бойынша ISO 14001 халықаралық стандартына сәйкестікке екінші бақылау аудитін жүргізу;
- ҚТҚ полигонында орналастыруға болмайтын қалдықтарды бөліп жинау жүйесін қолдау;
- есептілікті уақытылы тапсыру, жобалық-рұқсаттамалық құжаттамалардың болуы.

5. Қызметкерлердің денсаулығын қорғауға, өнеркәсіптік қауіпсіздікке және жарақаттану деңгейін төмендетуге қойылатын талаптарды күшейту:

**Жоспарланған шаралардың орындалуы:**

- 5 фиксация нүктесі бар сақтандыру белдіктеріне толықтай көшу;
- медициналық тексеру нәтижесінде қысымын және өзге физиологиялық көрсеткіштерін бақылауды қажет ететін қызметкерлер күнделікті кезекшілікке

медициналық тексеруден өтеді.

**2019 жылға жоспарлар:**

- қондырғыларды бұғаттау және маралау (Lockout/Tagout және LOTO) процедураларын және «Энергия көздерін оқшаулау» қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша стандартын енгізу;
- видео форматындағы таныстыру инструктажын әзірлеу;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда еңбекті қорғау бойынша ескерту талондарын қолдану тәртібі туралы ережені енгізу;
- 45001:2018 стандартының жаңа нұсқасына көшу.

6. Қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында оларды үздіксіз оқыту.

7. Кәсіпорынды басқарудың автоматтандырылған жүйесін ендіру.

**2019 жылға жоспарлар:**

- 2-ПЖЭО жылу қуатын беру сызбаларын қайта құру.

## 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

2009-2015 жылдары инвестициялық бағдарламаның негізгі шаралары аяқталды. Жаңғырту жобаларын жүзеге асыру нәтижесінде 174 МВт қуаттылық енгізіліп, жаңаланды, орнатылған қуат көрсеткіші 26%-ға артты, электр энергия өндірісі 18,2%-ға жоғарылады және күл шығарылымдары 75%-ға қысқарды.

2016-2020 жылдардағы Стратегияға сәйкес, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өндірісті арттыруға, электр және жылу энергиясын беру кезіндегі шығынды азайтуға және экологиялық параметрлерді жетілдіруге бағытталған қондырғыларды жаңғыртудың инвестициялық бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырады. Сондай-ақ, корпоративтік басқару жүйесін және кадр саясатын жақсарту, кәсіпорын ресурстарын автоматтандырылған басқару жүйесін енгізу бойынша жұмыс жалғасатын болады.


«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тасымалдау кезінде электр және жылу энергиясы шығындарын төмендету, сондай-ақ, тұтынушыларды энергиямен қамту кезінде сенімділікті арттыру бойынша шаралар кешенін жүзеге асыру жалғасады. 2016-2020 жылдары жылу энергиясы бойынша желідегі жалпы шығындарды 12,3%-ға төмендету жоспарлануда.

# Нарықтық ортаға талдау


## ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ

Қазақстан экономикасы 2018 жылы қолайлы сыртқы экономикалық жағдайларда дамыды. Өнімнің негізгі факторы – мұнай бағасының оң динамикасы болды: 2017 жылмен салыстырғанда ол барреліне 54-тен 71 АҚШ долларына өсіп, 31%-ға артты (орташа спот-баға, US EIA мәліметтері). Сұраныстың өсуі мен ОПЕК+ аясында ірі мұнай тасымалдаушылармен өндіріс квотасы туралы келісім жасау да оң ықпалын тигізді. ҚР-ның негізгі сыртқы сауда серіктестері – РФ экономикасы өсуінің 2,3%-ға дейін жылдамдауы, Қытайда өсімнің жоғарғы қарқынының (6,6%) сақталуы және еуроаймақтың қалыпты өсімі қазақстандық экспорттың бағалық және натуралды көлемде артуына негіз болды.

**2018 жыл нәтижесі бойынша жекелеген экономикалардың ЖІӨ динамикасы**  
Дереккөз: ҚР ҰЭМ СҚ, Росстат, Бүкіләлемдік банк



**Қазақстан ІЖӨ динамикасы, %**  
Дереккөз: ҚР ҰЭМ СҚ





Нәтижесінде Қазақстан ЖІӨ 2018 жылы 4,1%-ға өсті. Өсім экономиканың барлық негізгі секторлары бойынша теңдей бөлінді. Өсімнің қозғалтқыш күші – өнеркәсіп саласы, оның өсімі 4,1% құрады. Ауыл шаруашылығында өнім өндіру 3,4%-ға артса, құрылыс көлемі де 4,1%-ға өсті. Қызмет көрсету секторы 4,0%-ға артты. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі соңғы бес жыл ішіндегі ең жоғарғы көрсеткішке ие болды – 2017 жылғы 5,5%-дан кейін 17%-ды құрады. Бұл ретте жылдық инфляция 7,1-ден 5,3%-ға төмендеді.

Қазақстандық экспорт 26%-ға – 60 млрд АҚШ долларына жоғарылап, бұл сауда балансының жақсаруына және ағымдағы операциялар шоты дефицитінің -5,1 млрд-тан -52 млн АҚШ долларына қысқаруына әкелді. Негативті макроэкономикалық фактор – дамушы нарықтардағы тұрақсыздық, дамушы елдер валюталарына деген сенімнің төмендеуі, сондай-ақ, РФ-на қарсы санкциялар болды. Сыртқы экономикалық қолайлы конъюнктураға қарамастан, теңгенің айырбастау курсы 2017 жылғы бір АҚШ долларына 326 теңгеден 2018 жылы 345 теңгеге түзетілді.


**Ақша-кредиттік саясат**

ҚР Ұлттық банкінің (ҚР ҰБ) монетарлы саясаты 2018 жылы инфляциялық таргеттеу режимімен қарастырылған шаралар периметрінде қалды. ҚР ҰБ инфляция бойынша мақсатына қол жеткізді: инфляция 2018 жылы 5-7% аралығында болып, 10,25-тен 9,00%-ға дейін үш рет базалық мөлшерлемесін төмендетті. Алайда сыртқы нарықтардағы күшейіп келе жатқан тұрақсыздық себебінен қазанда мөлшерлеме 9,25%-ға арттырылды. Бұл ретте корпоративтік сектордағы қысқа мерзімді кредиттер бойынша мөлшерлеме жыл ішінде шамамен 3 пайыздық пунктке (п.п.) – 15-тен 12%-ға, ұзақмерзімді кредиттер бойынша 17-ден 12%-ға төмендеді.

Банк секторында екі тренд сақталды – санація және концентрация: ҚР ҰБ шешіміне сәйкес, үш банк жұмысын тоқтатты. «Қазақстан Ұлттық банкі» АҚ мен «Қазкоммерцбанк» АҚ банкінің бірігуі аяқталып, барлық банк активтерінің үштен біріне иелік ететін нарық ойыншысы пайда болды.

**ҚР ҰБ базалық мөлшерлемелері және ҚР экономикасын несиелеу мөлшерлемесі, %**

Дереккөз: ҚР ҰБ




**ӨНЕРКӘСІП**

Өнеркәсіптегі өсімнің жеделдеуі үш факторға байланысты. Мұнай өндірудің 4,8%-ға өсуі (Қашаған кен орнында өндірістің 8,4-тен 13,2 млн тоннаға артуы) тау-кен өндіріс кешені динамикасының жалпы жеделдеуін жылына 4,6% өсімге жеткізді. Өңдеуші сектор ірі инвестициялық жобалардың аяқталуына және мұнай-химия кешені мен түсті металдар өндірісінде кәсіпорындардың жоспарлы қуаттылыққа шығуына байланысты жылына 4,0%-ға артты.

Энергетика секторындағы (электр және жылу энергетикасы, сондай-ақ, газ тарату) динамика экономикадағы жалпы өсімге, сондай-ақ, өнеркәсіптегі жоғары қарқынға байланысты. Электр энергетикасы 4,1%-ға өссе, жылу энергетикасы 1,5%-ға артты, ал газ секторында төмендеу байқалды (-1,3%). Сумен қамту және көріз жүйесі секторында -1%-ға дейін аздап төмендеу бар.


**Өнеркәсіп өндірісі мен энергосектор динамикасы, %**

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК




**Бөлшек сауда және халықтың нақты табысы динамикасы, %**

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК



**ҚР-дағы инфляция, %**

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК



**2019 ЖЫЛҒА БОЛЖАМ**

Инвестициялардың тұрақты түрде артып келе жатқанына қарамастан, 2019 жылы Қазақстан экономикасының өсу динамикасы 4,1-ден 3,8%-ға баяулайды (ҚР Ұлттық экономика министрлігінің болжамы). Халықаралық қаржылық институттар мен рейтинг агенттіктері 3,0-3,5% аралығындағы өсімді болжап отыр. ҚР Энергетика министрлігінің мәліметіне сәйкес, мұнай өндірісі 2019 жылы 90 млн тоннадан 89 млн тоннаға төмендейді. Бұл ретте мұнай бағасы да төмендемек. Бүкіләлемдік банк мұнай орта есеппен 3%-ға арзандайды деп күтсе, Халықаралық энергетика агенттігі бағаның 14%-ға төмендеп кетуі мүмкін екенін де жоққа шығармайды. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың қарқыны 2018 жылғы қалыбын сақтап қала алмауы мүмкін. Экономикадағы жоғары мөлшерлемелер жеке сектордың ШОБ сегментіндегі инвестициялық белсенділігін ұстап тұрады. Тұтынушылық секторға негитивті сыртқы инфляциялық фон қысым жасайды.

**Энергетикалық секторға шолу**

Қазақстандық электроэнергетикалық сектор 2018 жылы өсуін жалғастырып, өткен кезеңдерде нарық қатысушылары жасаған инвестицияның нәтижесінде өндіріс және электр энергиясын тұтыну максимумын жаңартты. Сондай-ақ, жаңартылатын энергия көздері өндірісінің өсімі де артты.

2018 жылдың соңында регулятор тарифтер саясатты түзеу туралы шешім қабылдады – 2019 жылдан бастап энергия өндіруші кәсіпорындар үшін жеті жылдық белгіленген тарифтер кезеңі басталады. Нарық құрылымы күрделене түспек: инвестициялық құрамдас бөлігі бар тарифтер механизмінің орнына қуаттылықтар нарығы келеді. 2019 жылғы шілдеден бастап ҚР электр энергиясының жалпы нарығы іске қосылады, бұл Қазақстан электр энергетикасының экспорттық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

**Өндіру және тұтыну**

2018 жылы ҚР электр энергетикалық секторының өсімі жалғасады: ҚР ҰЭЖ жүйелік операторы KEGOC мәліметінше, ҚР-ның барлық 138 электр станцияларындағы электр энергия өндірісі 4,3%-ға артып, 106,8 млрд кВт-с-қа жетті. Энергия көздеріне бөлгендегі өндіріс құрылымы аса өзгеріске ұшырамаған: 10 киловатт энергияның шамамен 8-і көмір электр станцияларында өндіріледі, ЖЭК артып келе жатқанына қарамастан, энергобаланстағы үлесі тым аз.

Энергия көздеріне бөлгендегі электр энергия өндірісі, млн кВт-с

	2017	2018	Өзгеріс, %	2018 жылғы үлесі, %
<b>ЖЭС</b>	82,420	86,795	5%	81,3%
<b>ГТЭС</b>	7,410	9,119	23%	8,5%
<b>ГЭС</b>	11,610	10,343	-11%	9,7%
<b>ЖЭК</b>	428	540	26%	0,5%

Дереккөз: KEGOC, ЭҚНҚО

Электр энергиясының 96%-дан астамы ел ішінде тұтынылады. Қазақстан таза экспорт болып табылады: РФ-на кері сальдо (таза экспорт) 2018 жылы 3,6 млрд кВт-с (2017 жылмен салыстырғанда -21%) құраса, Орталық Азия елдеріне – 2,8 млн кВт-с (2017 жылы импорт экспорттан 1,2 млн кВт-с-қа артық болды).

ҚР энергожүйесі үш аумаққа бөлінген: солтүстік, оңтүстік және батыс аумақтар. Энергияны көп тұтынатын өнеркәсіпті өңірлер кіретін солтүстік аумақта электр энергиясының 2/3 бөлігі (66%) өндіріледі, ол – энергопрофицитті аумақ. Оңтүстік (21%) және батыс аумақтар (13%) – энергодефицитті аумақтар, жетіспейтін энергия көлемін олар магистральді ЭБЖ-нен (Солтүстік – Оңтүстік, Солтүстік – Шығыс – Оңтүстік, Солтүстік – Батыс) немесе шекаралас елдердің көршілес өңірлерінен – РФ-нан (батыс аумақ), Өзбекстаннан (Орталық Азия) алады.

2018 жылы тұтынудың өсімі 5,3% (103,0 млрд кВт-с-қа дейін) құрап, барлық үш аумақта байқалды. Солтүсік аумақта ірі тұтынушылар – Ақсу ферроқорытпа зауыты, Қазақстан электролиз зауыты, ССГПО, Өскемен титан-магний комбинаты және «Қазцинк» кәсіпорындары тарапынан сұраныстың артуы есебінен 4,6%-ға өсті. Оңтүстік аумақта «Қазфосфат» арқасында тұтыну 6,2%-ға артты. Ақтөбе ферроқорытпа зауыты мен Атырау МӨЗ және өзге ірі кәсіпорындардағы өндірістің артуы батыс аумақта тұтынудың 7,6%-ға артуына серпін берді.


2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, Қазақстан электр станцияларының жалпы орнатылған қуаты 21 902 МВт болса, иеліктегі қуаты - 18 895 МВт. 2018 жылы жылдық максимум 14 823 МВт (2017 жылмен салыстырғанда 4,4%-ға жоғарылады) деңгейінде болғанын ескерсек, ҚР-да бұрынғыша иеліктегі қуаттың профициті 22% деңгейінде белгіленеді.

Электр энергиясы өндірісі сегментінде мемлекеттің қатысуы бар бір ірі ойыншы және бірнеше жеке компаниялар бар. «Самұрық-Энерго» АҚ (Екібастұз 1-МАЭС және 2-МАЭС, АлЭС, Мойнақ СЭС және басқалар) үлесіне ҚР-дағы барлық өндірістің 30%-ы тиесілі. ERG қарамағындағы станциялар үлесі – 16%, «ОАЭК» АҚ – 7%, «Қазақстан коммуналдық жүйелері» – 4%.

Жекелеген станцияларда жыл қорытындысында айтарлықтай өсім байқалды. Мәселен, 1-ЕМАЭС-нда өндіріс жыл ішінде 30%-ға артса, ЕЭК-нда өсім – 3%. 1-ЕМАЭС жоғары динамикасына станцияның тек Павлодар облысы тұтынуының өсімін қанағаттандырып және РФ-на электр энергиясын экспорттап қана қоймай, жалпы тұтынымы 1,5 млрд кВт-с-қа артқан елдің оңтүстік өңірлері – Алматы және Жамбыл облысының сұранысын да қанағаттандыруы себеп болды.



**ҚР-дағы электр энергиясы өндірісі және Қазақстан БЭЖ-не ағын сальдосы, млрд кВт-с**

Дереккөз: KEGOC




**ҚР-да электр энергиясын тұтыну, млрд кВт-с**

Дереккөз: ЭҚНҚО



### ҚР жекелеген электр станцияларындағы электр энергия өндірісі, млрд кВт-с

Дереккөз: ЭҚНҚО мәліметтері бойынша есептер



## ТАРИФ ҚАЛЫПТАСТЫРУ САЯСАТЫ

2018 жылы электр энергиясының бөлшек тұтыну бағасы электр энергиясы бойынша 1,1%-ға, жылу энергиясы бойынша 2,6%-ға артты. Бұл тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең төмен бағалар. Оның себебі – ҚР билігі 2018 жылдың соңында қолға алған шаралар болып табылады. Кешенді талдау нәтижесінде жылу энергиясы (өңірге байланысты 3-тен 37%-ға дейін) және электр энергиясы (2-ден 22%-ға дейін) тарифтері төмендеді.

Нәтижесінде ҚР Энергетика министрлігі станциялардың әр тобындағы тарифті 2019 жылғы деңгейде бекітіп, шекті тарифтер бағдарламасын 7 жылға тоқтатуға шешім қабылдады. ҚР Ұлттық экономика министрлігі «стимул беруші тариф қалыптастыру» жүйесіне көшу туралы жария етті. Бұл жүйе бойынша тариф пен субъектінің пайдасы монополистің сапа, сенімділік және тиімділік көрсеткіштеріне байланысты болады.

## САЛАҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

2018 жылы энергетика секторындағы компаниялардың негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі 13%-ға қысқарды. Ірі инвестициялық бағдарламалардың аяқталуы, өндіріс қуаттылықтарының профицитін сақтау, тарифтерді төмендету не тоқтатудан пайда болған кері ықпал – осы жағдайлар жалпы капиталдық шығындардың төмендеуіне әкелді.

Секторға салынған шетелдік инвестиция жылдам өсім берді (2017 жылы 7 мәртеден көп). Салаға салынған инвестициялардың артуына себеп бірнеше фактор бар: қуаттылық нарығының іске қосылуы және қолданыстағы нысандардағы операциялық тиімділіктің артуы.

## НАРЫҚ ДАМУЫНА БОЛЖАМ

2025 жылға дейінгі болжамға сәйкес, электр энергиясының өндірісі жеті жылдық перспективада 2018 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 40%-ға (2019 жылы – 11%-ға) өссе, тұтыну 31%-ға (2019 жылы – 9%-ға) артады. Энергобаланстағы ЖЭК үлесі артуын жалғастырып, 2025 жылы 5%-ға жетеді. Жаңартылатын энергия көздері енді енгізілетін барлық қуаттылықтар құрылымында 25%-ға жуықтайды.

Жоғарғы шекті электр қысымы болжамды кезеңде 17 093-тен 20 262 МВт-қа артады (+18,5%). Бұл ретте қуаттылық артықшылығы (резервті есепке алғанда) 2019 жылғы 1 229 МВт-тан 2023 жылы 391 МВт-қа кеміп, 2025 жылы 934 МВт-ты құрайды.


### Қазақстандағы электр және жылу энергиясының бөлшек тарифтерінің өсу динамикасы, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК




### Жекелеген энергия өндіруші кәсіпорындарға арналған электр энергиясының шекті тарифтері, 1 кВт-с үшін теңге

Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігі



### ҚР-дағы негізгі капиталға салынған инвестиция динамикасы, %

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК



### Қазақстан энергосекторына ТШИ ағыны


\*-2018 3Қ қорытындысы бойынша

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК



### 2019-2025 жылғы электр энергиясы нарығының болжамдық балансы

Дереккөз: ҚР Энергетика министрлігі



# Қызмет нәтижелеріне шолу және даму перспективасы

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобында 2018 жылы жүзеге асуы жалғасын тапқан инвестициялық бағдарлама электр және жылу энергиясы өндірісін арттырып, беру кезінде шығындарды азайтуға, қызметтің экологиялық параметрлерін жақсартуға мүмкіндік берді. 2018 жылы инвестициялық бағдарлама шараларын орындауға 4,9 млрд теңге бағытталды.

## ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ

2018 жылы электр энергиясын өндіру көлемі 3 211 млн кВт·с құрады. Жаңа қондырғыны іске қосқаннан кейін станцияның мүмкіндіктері айтарлықтай артады, ол өңірдің жылу және электр энергиясына деген артып келе жатқан қажеттіліктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Солтүстік Қазақстан облысының бизнес-жобалары мен өнеркәсібінің дамуына үлесін қосады.

Атауы	2015	2016	2017	2018
Жыл соңындағы орнатылған электр қуаты, МВт	455	541	541	541
Электр энергиясын өндіру, млн кВт·с	2 809	3 208	3 226	3 211
Қазақстандық электр энергиясы өндірісіндегі үлесі, %	2,8%	2,9%	3,1%	3,4%
Электр энергиясын тасымалдау, млн кВт·с	1 187	1 208	1 235	1 276
Электр энергиясын тауарлы босату, млн кВт·с	2 308	2 692	2 731	2 709
Жыл соңындағы орнатылған жылу қуаты, Гкал	717,65	713	713	713
Жылу энергиясын өндіру, мың Гкал	1 861	1 905	1 697	1 893
Жылу энергиясын тасымалдау, мың Гкал	1 329,586	1 301,206	1 236,670	1 364,314
Жылу энергиясын тауарлы босату, мың Гкал	1 316	1 288	1 224	1 352,7





**2008-2018 жылдардағы Инвестициялық бағдарламаның нәтижелері**

2012 жыл – № 6 и 7 қазандық агрегаттарға жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, станцияның бу қуаты сағатына 100 тоннаға артты.

2013 жыл – № 4 турбоагрегатты қайта құру және жаңғырту бойынша жоба аяқталып, турбинаның қуаты 30 МВт-қа артты, №6 турбоагрегатты қайта құру жұмыстары орындалып, электр қуаты 24 МВт-қа жоғарыланды. Екі жобаны жүзеге асыру орнатылған электр қуатын 54 МВт-қа көтеруге мүмкіндік берді.

2014 жыл – жаңа № 8 қазандық агрегат монтажданды. Нәтижесінде бу өнімділігі 270 т/с-қа артты.

2015 жыл – № 1 турбоагрегат іске қосылып, турбинаның орнатылған электр қуаты 21 МВт-қа көтерілді. №7 турбоагрегат қайта құрылып, бұл турбинаның орнатылған және иеліктегі қуатын 24 МВт-қа арттыруға мүмкіндік берді.

2016 жыл – жаңа №5 турбоагрегат пайдалануға беріліп, электр қуаты 62 МВт-қа артты. Қайта құрудан кейін №12 қазандық агрегат іске қосылып, бу өнімділігі 50т/с-қа артты.

**Аатлған шаралар келесі көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:**

- Станцияның орнатылған электр қуаты 380 МВт-тан 541 МВт-қа - 161 МВт-қа өсті;
- Орнатылған және иеліктегі қуаттар арасындағы айырмашылықты 39,99 МВт-қа қысқарту (2008 жылы 44 МВт-қа, 2018 жылы 4,01 МВт-қа);
- Электр энергиясы өндірісін 2008 жылмен салыстырғанда 43,55 %-ға арттыру (2008 жылы 2 236 980,46 мың кВт-с, 2018 жылы – 3 211 108,216 мың кВт-с);
- Станцияның өзіндік қажеттіліктеріне жұмсалатын электр энергиясының шығынын 2,9 %-ға қысқарту (2008 жылы – 14,43 %, 2018 жылы – 11,53 %);
- Шиналардан электр энергиясын босатуға шартты отынның бөлшек шығынын 19,16 г ш.о/ кВт-с-қа қысқарту (2008 жылы – 423,00 г ш.о/ кВт-с, 2018 жылы – 403,84 г ш.о/ кВт-с) және жылу энергиясын босатуға шартты отынның бөлшек шығынын 2,42 кг ш.о./Гкал (2008 жылы – 200,34 кг ш.о./Гкал, 2018 жылы – 197,92 кг ш.о./Гкал) қысқарту;
- Қазандық агрегаттар бойынша бу қуатын 420 т/сағатқа арттыру;
- Негізгі жабдықтар бойынша физикалық тозуды 27,86 %-ға (2008 жылы – 89,47 %, 2018 жылы – 61,61 %) азайту;
- Станцияның орнатылған қуат коэффициентін 0,74 %-ға арттыру (2008 жылы – 67,02 %, 2018 жылы – 67,76 %).

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ  
Петропавл 2-ЖЭО –  
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ  
энергия өндіруші активі,  
станцияның орнатылған  
электр қуаты – 541 МВт.  
2-ПЖЭО қаланың  
өнеркәсіп  
кәсіпорындарын,  
жергілікті қызмет көрсету  
нысандарын, сондай-ақ,  
үй шаруашылығын электр  
энергиясымен  
қамтамасыз етеді.  
Станция Қазақстандағы  
ең заманауи  
станциялардың бірі  
болып табылады: 2009  
жылдан бері станцияның  
өндіріс қондырғылары  
49,7%-ға жаңартылды.  
Станцияны жаңғырту  
2020 жылға дейін  
жалғасады.**

**2018 жыл**

1. №2 күл үйіндісінің №3 секциясының қоршау бөгеттерін биіктету. Шара күл-қож қалдықтарын қоймалаудың мүмкін еместігіне байланысты Петропавл 2-ЖЭО-ның апаттық жағдайда тоқтап қалуын болдырмау үшін №2 күл үйіндісінің №3 секциясының аумағын ұлғайтуға бағытталған. 2018 жылы қоршау бөгеттерін 139.00 белгісіне дейін биіктету жұмыстары жүргізілді.
2. Ақмола МЭС АДО және 2-ПЖЭО байланыс және телемеханиканы беру диспетчерлік каналдарын қайта құру. Шара 06.01.2016 жылғы энергоқамтуды жобалау және ТФ-110-2У3 типті №5 турбоагрегаттың мөлiметтерін Ақмола МЭС-на беру үшін № Г/3 техникалық шарттар талаптары аясында орындалды.
3. 2-ПЖЭО кабельді тоннельдерін қайта құру Шара қондырғылардың физикалық тозуын азайтуға бағытталған және сенiмдiлiгi арттырылған қондырғылардың апатсыз жұмысына мүмкіндік береді, сондай-ақ, өрттің пайда болуына, тиісінше ст. № 9, 10, 11 қазандық агрегаттарының және № 6, 7 турбоагрегаттардың апатты жағдайда тоқтап қалуына жол бермейді. Аталған жобаны орындау аясында 2018 жылы автоматты өрт сөндіру жүйесі монтажданып, өртке қарсы жақтаулар қайта қалпына келтірілді.
4. 2-ПЖЭО қайта құру аясында В-Е осіндегі бас корпусының каркасын (колонна, балка, плиталар) ауыстыру. Шара 2-ПЖЭО ғимараттары мен құрылыстарының физикалық тозуын қысқартуға бағытталған. Ол қондырғылардың апатсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Аталған шараны орындау аясында 2018 жылы бас корпусының негізгі құрастырылымдары қалпына келтірілді.
5. Отын беруді жаңғырту. Шара қондырғының физикалық тозуын қысқартуға бағытталған. Ол қондырғының сенімділігін арттырып, апатсыз жұмыс істеуіне және шекті қысым жағдайында қажетті көлемде үздіксіз отын беруді қамтамасыз етеді. Аталған шараны орындау аясында 2018 жылы ЛК № 13 металл құрастырылымдары толықтай ауыстырылды.
6. Сатып алынатын жабдықтар. Шараны жүзеге асыру аясында 2018 жылы 2АДО-400/250-6000-6/8У1 ДВ электр қозғалтқышы сатып алынды. Бұл жабдықтың физикалық тозуын төмендетеді, сенімді, апатсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді және шекті қысым кезеңдерінде ст. №9 қазандық агрегаттардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді.
7. АТҚ-110кВ жаңғырту. Шара қондырғының физикалық тозуын қысқартуға бағытталған. Ол қондырғының сенімділігін арттырып, апатсыз жұмыс істеуіне және электр энергиясының белгіленген параметрлерін босатуға мүмкіндік береді. 2018 жылы АТҚ-110кВ шиналары жүйесінің өткізгіштері мен қаптамалары толықтай ауыстырылды.
8. 7АТ автоматты трансформаторын сатып алу. Шара станцияның электр және жылу қысымдарын алып жүру мақсатында және негізгі жабдықтардың жұмыс сенімділігін арттыру мақсатында орындалды.
9. Ст. № 6 турбоагрегаттың автоматты бекітпесін ауыстыру. Шара ст. №6 турбоагрегаттың физикалық тозуын азайтуға бағытталған. Бұл қондырғының сенімділігін арттырып, апатсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.
10. Трансферлік бу өткізгішінің 4-секциясын жаңғырту. Шара қондырғының физикалық тозуын қысқартуға бағытталған және қондырғының сенімділігін арттырып, апатсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.
11. 6АТ автотрансформаторын жеткізуге аванстық төлем. Шара станцияның электр және жылу қысымдарын алып жүруіне және негізгі жабдықтардың жұмыс сенімділігін арттыруына қажетті автотрансформаторды алу үшін 2018 жылы 35 % аванстық төлем жасау үшін қосылды.
12. Тамызықты редуциялық-салқындатқыш құрылғыны орнату жобасын өзірлеу. Аталған жобаны орындау қазандықтардың тамызық режимін оңтайландыруды қамтамасыз етіп, тұрақты емес тамызық режимі жағдайында жабдықтардың зақымдану тәуекелін азайтады.
13. 2-ПЖЭО периметрін бейнебақылау жүйесін жаңғырту бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы өзірлеу. Шара негізгі қондырғылар жұмысының технологиялық процестерін бейнебақылау және қадағалауға арналған заманауи жабдықтарды монтаждауға бағытталған.
14. №3 түтін тұрбасына апаратын бу өткізгішін қайта құру жобасын өзірлеу. Шараны жүзеге асыру түтін сорғы құрылғысының сенімділігін және пайдалану сипаттамаларын жақсартуға мүмкіндік береді.
15. №3 түтін тұрбасына газ өткізгішінің іргетасын салу. №3 түтін тұрбасына апаратын бу өткізгішін қайта құру жобасын жүзеге асырудың бірінші бөлігі.
16. Ст. № 6, 7 қазандық агрегаттарының ПТК кондиционер жүйесін жаңғырту. Шараны жүзеге асыру ТП БАЗ қондырғыларының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін микроклиматты және ылғалдылықты ұстап тұруды қамтамасыз етеді.
17. Ст. №5 турбоагрегат алаңында технологиялық құбыр өткізгіштерін монтаждау. Аталған шара желілік суды ст. №5 турбоагрегаттан «Город» жылу магистраліне жіберу үшін және соңғы тұтынушыны жылуден қамтамасыз ету үшін қажет.
18. Жағалық сорғы станциясының сорғы жобасын өзірлеу. Шара қондырғының ескірген ресурсын ауыстыру үшін қажет.
19. К-025 типті ауа бөлу құрылғысын АК3352.000-01 жылу алмасу құрылғысын ауыстырып жаңғырту. Шара қондырғының ескірген парктік ресурсын ауыстырып, оттегі станциясының жұмыс режимін тұрақтандыру мақсатында орындалды.
20. № 1-3, 5, 9-11 қазандық агрегаттарында 14 дана СОМ-16Л шаң өлшеуіштерін алу. Шара қондырғының ескірген парктік ресурсын ауыстырып, экологиялық заңнаманы сақтау мақсатында қажет.
21. 2-ПЖЭО қазандық цехін жарықтандыруды жаңғырту. Аталған шара қазандық цехті жарықтандырудың қанағаттанарлықсыз жағдайына байланысты оқшаулау және энергоүнемдеу бойынша талаптарды сақтау мақсатында орындалды.
22. Көмір ұнтақтаушы қондырғыны (Ц-800, БВШ, МПШ шестернялары мен редуктор шестернясының валы) қайта құру. Шараны орындау сомасы 23 088,55 мың теңге болды. 2018 жылы аталған қондырғы 2019 жылы монтаждау мақсатымен сатып алынды. Шара парктік ресурсын тауысқан қондырғыны ауыстыруға бағытталған.
23. Ст. № 1, 2, 5, 9, 11 қазандық агрегаттарының қыздыру қабатын қайта құру. Шара нормадан асып кеткен қыздыру қабаты құбырларының дефекттерінің анықталуына байланысты қыздыру қабатының сенімділігін арттыруды қамтамасыз ету үшін және парктік ресурсын арттыру үшін қажет. Қыздыру қабатын монтаждау 2019 жылы орындалады.
24. АТҚ-220 кВ қайта құру жобасын өзірлеу. 2018 жылғы жағдай бойынша АТҚ-220 кВ екі парктік ресурсын тауысқандықтан, қолданыстағы қондырғылар сенімді және апатсыз пайдалану талаптарына сай келмейтін болуына байланысты шараны орындау қажеттігі туындады.
25. № 7, 7а, 8, Б/н2 кабельді тоннельдерінің өртке қарсы автоматика жүйелерін алу, монтаждау және реттеу. Аталған шара қайта құрылып жатқан тоннельдерде өртке қарсы жүйелерді автоматтандыру мақсатында кабельді тоннельдерді қайта құру бойынша жобалар аясында орындалды.
26. «Хроматэк-Кристалл 5000» газ хроматографын сатып алу. Шара жаңғыртылған АТҚ қондырғысын мониторингілеу және бақылауға қажетті құрылғыны алу үшін 2018 жылы 50 % аванстық төлем жасау үшін қосылды.
27. «ВТМ-МК» трансформаторлық майының ылғал өлшегішін алу. Шара жаңғыртылған АТҚ қондырғысын мониторингілеу және бақылауға қажетті құрылғыны алу үшін 2018 жылы 50 % аванстық төлем жасау үшін қосылды.
28. 2-ПЖЭО оптоалшықты магистраль құрылғысы. Шара ішкі және сыртқы байланыс каналдарын (телефон, интернет, мөлiметтерді беру) ұйымдастыруға бағытталған.
29. Құнның жоғарылауына әкелетін ст. № 10 қазандық агрегатқа күрделі жөндеу жүргізу. Шара парктік ресурсын тауысқан қазандық агрегаттың қызмет мерзімін ұзартуға бағытталған. Ол өндіріс жоспарына сәйкес, жылу және электр қысымын алып жүруге мүмкіндік береді.

## ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ

2018 жылы инвестициялық бағдарлама аясында «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ электр желілерін салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

- 63,6 км 0,4-10 кВ ЭБЖ қайта құру шаралары, оның ішінде ӨОС – 49,505 км;
- ӘЖ-110 кВ «Советская-Полтавка» өткізгішін ауыстыру – 42 км;
- ӘЖ-110 кВ «Сибирь-Троицкая» газотросын ауыстыру – 34 км, сондай-ақ, ӘЖ-110 кВ «Пресновка-Троицкая» – 49 км;
- ӘЖ-35 кВ «2-ПЖЭО – Тяговая» фарфор оқшаулағышын ауыстыру – 1 592 дана, сондай-ақ, ӘЖ-110 кВ «Возвышенка-Киялы» – 5 625 дана;
- 110/35/10 кВ «Возвышенка» ШС-да май толтырылған кіру нүктесін RIP оқшаулағышты кіру нүктесіне ауыстырып, ТДТН-10000/110 кВА трансформаторына күрделі жөндеу жұмыстары орындалды;

- КТПН 10/0,4 кВ ауыстыру – 3 дана;
- 10/0,4 кВ трансформаторларын ауыстыру – 22 дана;
- 110/10 кВ № 6 шағын станциясында 25 000 кВА кВ күш трансформаторын ауыстыру;
- 2 РЭС және РПБ ғимараттарын қайта құру орындалды;
- орталық диспетчер пунктінде SCADA жүйесі базасындағы ескірген мнемощитті ауыстыру;
- орталық диспетчерлік қызмет орнын қайта құру;
- 1 375 есеп нүктесінде ЭКЕАЖ РРЭ және 25 есеп нүктесінде ЭКЕАЖ ОРЭ есептегіштерін орнату орындалды;
- 10-110 кВ шағын станциясында қайта құру жұмыстары – 9 дана.

2018 жыл қорытындысы бойынша «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ шығындары 8,4 %-дан 8,36 %-ға төмендеді.



## ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ

Жылу энергиясы шығындарын төмендету бойынша негізгі шаралар орталықтандырылған жылумен қамту жүйесін қалпына келтіруге және жаңғыртуға бағытталған. Жоба «ОАЭК» АҚ 2016-2020 жылғы инвестициялық бағдарламасы аясында жүзеге асырылса, ол Компанияның өзіндік қаржысы және ЕҚДБ жаңа инвестициялық қарызын тарту есебінен, сондай-ақ, ҚР Инвестиция және даму министрлігінің «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында бюджеттік субсидия есебінен қаржыландырылады.

Жоба жылумен қамту сенімділігін, энергия пайдалану тиімділігін арттыруға, сондай-ақ, желілер бойынша беру кезінде жылу шығындарын төмендетумен байланысты көмір шығынын үнемдеу нәтижесінде CO<sub>2</sub> шығарылымдарын төмендету есебінен экологиялық стандарттарды жақсарту және шығындарды төмендетуге бағытталған.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде жылу шығынын автоматты реттегіштер, өнеркәсіптік контроллерлер және механизмдер мен бақылаушы-өлшеуші құралдардың диспетчерлік қызметпен байланысына арналған модемдер орнатылуда. Жылу пункттерінің барлық қондырғылары бірыңғай жүйеге ендірілуде, бұл диспетчерлерге гидравликалық және температуралық режимдерді оперативті түрде бақылауға, ал мамандарға штаттан тыс және апаттық жағдайларда жедел шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, кәсіпорын жылу энергиясы шығындары көздерін анықтау үшін келесі жетекші технологияларды қолданады: магистральді құбыр өткізгіштерін бақылау және диагностикалауға арналған тепловизиондық зерттеу құралдары мен ультрадыбыстық дефектоскоптар.

«Күрделі және ағымдағы жөндеу» бағыты бойынша 2018 жыл ішінде кәсіпорын жалпы ұзындығы 13,883 км (5,072 км магистральді желілер және 8,811 км тарату желілері) құбырларды ауыстырып, магистральді және тарату желілеріне жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізді. Жалпы ұзындығы 9,779 км зақымданған жылу қаптамалары мен құбыр өткізгіштерінің жалаңаштанған бөліктеріне шыны-мақталы плиталарды қолданып жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

2018 жылы «Петропавл жылу желілері» ЖШС инвестициялық бағдарлама аясында компанияның өз қаражатына Ульянов көшесінде 0,26 км тарату желілерінің құбыр өткізгішін қайта құру бойынша жұмыстарды атқарды.

Инвестициялық жобаның мақсаты – тасымал кезінде шығындарды төмендету есебінен жылу энергиясын пайдалану тиімділігін арттыру, экологиялық көрсеткіштерді жақсарту және тұтынушыларға қызмет көрсету сенімділігі мен сапасын арттыру болып табылады.

## 2019 ЖЫЛҒА ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРТУ БОЙЫНША ЖОСПАРЛАР

Инвестициялық бағдарлама аясында 2019 жылы өндірісті арттыру, электр және жылу энергиясын беру кезінде шығындарды төмендету және қызметтің экологиялық параметрлерін жетілдіруге бағытталған қондырғыларды жаңғырту бойынша шараларды жалғастыру жоспарлануда.

2019 жылы Компания инвестициялық бағдарлама шараларын орындауға 21,8 млрд теңге бағыттауды жоспарлап отыр.

Инвестициялық бағдарламаны орындау аясында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2019 жылы өндірісті арттыруға, электр және жылу энергиясын беру кезінде шығындарды төмендету және қызметтің экологиялық параметрлерін жетілдіруге бағытталған қондырғыларды жаңғырту бойынша кең ауқымды шараларды жалғастырады.

Петропавл 2-ЖЭО-нда келесі шараларды орындау көзделіп отыр:

1. №2 күл үйіндісінің №3 секциясының қоршау бөгеттерін биіктету. Аталған шараны жүзеге асыру күл үйіндісінің пайдалы көлемін кеңейтіп, пайдалану мерзімін 2024 жылға дейін ұзартады.
2. 2-ПЖЭО № 2, 3, 4, 5 кабельді тоннельдерін қайта құру. Аталған шара кабельдік тоннельдердің физикалық тозуын 9 %-ға қысқартып, сенімділігін арттырып, апатсыз жұмыс жасауына мүмкіндік береді.
3. Ст. №2 қазандық агрегаттың Ц-800 ШБМ редукторын сатып алу. Шара ст. №2 қазандық агрегаттың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
4. № 3 түтін тұрбасының газ өткізгішін қайта құру. Бұл шараны орындау ст. №9 қазандық агрегатты №3 түтін тұрбасына енгізуді қамтамасыз етеді. Соның нәтижесінде №2 және 3 түтін тұрбаларының аэродинамикалық сипаттамаларын жақсартып, №2 түтін тұрбасын жөндеуге шығаруға мүмкіндік береді.
5. Ст. № 2 қазандық агрегаттың қайта құру жобасы. 01.10.2018 жылғы жағдай бойынша ст. №2 қазандықтың барабаны рұқсат етілетін 362 114 сағат парктік ресурстың 346 105 сағатында жұмыс істеді. Парктік ресурсты ұзарту мүмкін емес, соған орай 2019 жылға жобаны өзірлеу жоспарланып, 2020 жылы оны жүзеге асыру

көзделіп отыр. Сондай-ақ, қайта құру барысында бу өнімділігін 250 тонна/сағатқа арттыру жоспарланған. Бұл жағдайда қосымша өндіріс көлемі 354 947,443 мың теңге/жылды құрайды.

6. №4 күл үйіндісінің құрылысына жобалық-сметалық құжаттамалар әзірлеу. Аталған шараны жүзеге асыру күл-кож қалдықтарын 2034 жылға дейін қоймалауға мүмкіндік береді.
7. АТҚ-220 кВ қайта құру жобасын әзірлеу. Аталған шара АТҚ 220 кВ қондырғысының физикалық тозуын қысқартып, жұмыс сенімділігін арттырады.
8. Отын беру құрылғысын жаңғырту. Аталған шара өнімді және үздіксіз жұмыс жүргізуге қажетті физикалық тозып-ескірген қондырғыларды ауыстыруға мүмкіндік береді.
9. № 2, 5, 9, 10, 11 қазандық агрегаттардың қыздыру қабатын ауыстыру. Шара нормадан асып кеткен қыздыру қабаты құбырларының дефекттерінің анықталуына байланысты қыздыру қабатының сенімділігін арттыруды қамтамасыз ету үшін және парктік ресурсын арттыру үшін қажет.
10. Өлшеу қондырғыларын жаңғырту. Аталған қондырғы Ишим өзенінен Белое көліне суды жіберу кезіндегі су шығынын өлшеу үшін қажет.
11. Футеровкасын ауыстырып, №2 темірбетон түтін тұрбасын жаңғырту. Шара түтін тұрбасының физикалық тозуын азайтуға бағытталған. Атқарылған жұмыстар тұрба мен оған қосылған қондырғыны 5 жылдан кем емес уақыт апатсыз пайдалануға мүмкіндік береді.
12. Көмір ұнтақтаушы қондырғыны (Ц-800, БВШ, МПШ шестернялары мен редуктор шестернясының валы) қайта құру. Шара парктік ресурсын тауысқан қондырғыны ауыстыруға бағытталған.
13. Бас корпусының шатырын қайта құру бойынша жұмыстарды аяқтау (шатырды коррозияға қарсы өңдеу). Аталған шараны орындау бас корпусының шатырын кем дегенде 20 жыл пайдалануға мүмкіндік береді.
14. «Хроматэк-Кристалл 5000» газ хроматографын сатып алу. Аталған қондырғы жаңғыртылған АТҚ қондырғысын мониторингілеу және бақылауға қажет.
15. «ВТМ-МК» трансформаторлық майының ылғал өлшегішін алу. Аталған қондырғы жаңғыртылған АТҚ қондырғысын мониторингілеу және бақылауға қажет.
16. БАТ автотрансформаторын қосымша жабдықтаумен бірге сатып алу, жеткізу және монтаждау. Шара

станцияның электр және жылу қысымын алып жүруі үшін және негізгі қондырғылардың жұмыс сенімділігін арттыру үшін қажет.

17. Ст. № 10 қазандық агрегатты күрделі жөндеу. Аталған шара парктік ресурсын тауысқан қазандық агрегаттың қызмет мерзімін арттыруға бағытталған. Бұл өндіріс жоспарына сәйкес, электр және жылу қысымын алып жүруіне мүмкіндік береді.
18. Негізгі қондырғылардың құнын арттыру мақсатында негізгі қондырғыларды күрделі жөндеу. Аталған шара парктік ресурсын тауысқан қазандық агрегаттың қызмет мерзімін арттыруға бағытталған. Бұл өндіріс жоспарына сәйкес, 2019 жылы электр және жылу қысымын алып жүруіне мүмкіндік береді.
19. Бас корпус ғимаратының (ҚЦ және ТЦ) негізгі және қоршау темірбетон құрастырылымдарының жағдайын техникалық сараптау. Шара негізгі өндірістік цехтардың ғимараттарының пайдаланудан шығып қалуын болдырмау үшін қажет.
20. Құнның артуына әкелетін № 1, 2, 6 қазандық агрегаттар мен №7 турбоагрегатты күрделі жөндеу. Шара қазандық барабандары мен турбина барабандарының нормативтен тыс жұмыс істеуіне байланысты қазандықтар мен турбиналардың істен шығып қалуын болдырмау мақсатында қажет. Өндірілмейтін энергия 9 млрд теңге/жылды құрайды.
21. Мұз еріткіш құрылғыны қайта құру. Мұз еріткіш құрылғыны қайта құру бойынша нысанды енгізу үшін КИПИА және электр бөлігін монтаждауды есепке ала отырып, КТПВ кешенді жеткізілімін жүзеге асыру қажет.
22. Белое көлінің табанын тазалау жұмыстары. Шараны салқындатушы су температурасының жазғы кезеңде артуына байланысты электр қысымын алып жүруді шектеуді болдырмау үшін орындау қажет. Өндірілмейтін энергия жазғы кезеңде 55 млн теңгеге бағаланады.
23. Құнның артуына әкелетін №11 қазандық агрегатты күрделі жөндеу. Аталған шара парктік ресурсын тауысқан қазандық агрегаттың қызмет мерзімін арттыруға бағытталған. Бұл өндіріс жоспарына сәйкес, электр және жылу қысымын алып жүруіне мүмкіндік береді.
24. 2-ПЖЭО жылу қуатын беру сызбасын қайта құру. Шара жылу қуатын арттыруға және қондырғының физикалық тозуын қысқартуға бағытталған.
25. Ст. №6 қазандық агрегаттың газ өткізгішінің бу жылытқышын ауыстыру. Газ өткізгішінің жақтау панельдерін ауыстыру. Бу жылытқыш панельдеріндегі 32\*4 ст. 20 құбырларындағы көптеген зақымданулар. Нәтижесінде электр энергиясының өндірілмеуі 18 599 мың кВт-с-ты құрайды.
26. Ст. № 5 қазандық агрегаттың 2-сатылы КПП ауыстыру. 1-сатылы КПП ауыстыру (орта блоктар). Құбыр иірлерінің көптеген зақымдануы. Нәтижесінде электр энергиясының өндірілмеуі 18 056 мың кВт-с-ты құрайды.
27. Ст. № 11 қазандық агрегаттың қыздырғышының ч. 225125 амбразурасын сатып алу. Көптеген зақымданулар, түйіндер жөндеуге келмейді, түйінді толықтай ауыстыру қажет. Ст. №11 қазандық агрегатты бір айға тоқтатқан кезде электр энергиясының өндірілмеуі 32 712 мың кВт-с-ты құрайды.



**28. Негізгі қондырғылардың құнының артуына әкелетін ст. №1, 4 қазандық агрегаттарының барабандарына күрделі жөндеу.** Аталған шара парктік ресурсты ұзартуға бағытталған.

**29. № 9-14, 16 кабельдік тоннельдерін қайта құру.** Шара негізгі қондырғылардың (ҚЦ және ТЦ) апатсыз пайдаланылуына мүмкіндік береді. Кабельді тоннельдердің бірінде өрт болған жағдайда оның салдарын жою кезінде бір айдағы электр энергиясының өндірілмеуі 44 640 мың кВт-ты құрайды.

**30. № 1, 2, 3, 4, 9, 10 қазандыққа қуат беру түйіндерін қайта құру.** Ст. № 3, 9, 10 қазандық агрегаттар қуатының негізгі реттеушілері ресурсын таусқандықтан және бірнеше рет қайта қалпына келтіру жөндеу жұмысынан өткендіктен қажетті су шығынын реттеу диапазонын қамтамасыз етпейді. Қазандық агрегатты бір айға тоқтатқан кезде электр энергиясының өндірілмеуі 32 712 мың кВт-с-ты құрайды.

**31. № 6, 7, 8, 12 диірмен вентиляторларын қайта құру.** Шаң жүйесінің абразивті тозуы қазандықтардың апаттық жағдайда тоқтауына әкеледі. Жөндеу жүргізу үшін қосымша мазут шығындалады. Бір қазандық агрегатта бу қысымын төмендеткен кезде электр энергиясының өндірілмеуі 22 822 мың кВт-с-ты құрайды.

**32. Ст. № 1, 3, 11 қазандық агрегаттарының электр қондырғыларын қайта құру.** Ұзақ пайдаланылуына орай электр-техникалық қондырғылардың жиі істен шығуына байланысты бу қысымы 30 %-дан 50 %-ға дейін қысқарды. Бір қазандық агрегатта бір ай бі қысымын қысқартқан кезде өндірілмейтін электр энергиясы 22 822 мың кВт-с-ты құрайды.

2019 жылы инвестициялық бағдарламаның аясында жоспарланып отырған шаралар:

- 46 км 0,4-10 кВ электр желілерін салу, қайта құру және техникалық қайта жарақтандыру, оның ішінде 31 км – өздігінен берілетін оқшаулағыш өткізгіштен.
- 35-110 кВ әуе желілерін салу және қайта құру, 51 км;
- 35 кВ және одан жоғары шағын станцияларды қайта құру, 1 дана;
- 10 кВ шағын станцияларды қайта құру, 5 дана.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде 2019 жылы кәсіпорынның өз қаражаты есебінен 12,361 км құбыр өткізгішін ауыстыру жоспарланса, оның 7,981 км бөлігі – тарату желілері және 4,380 км – магистральді желілер. Инвестициялық бағдарламаны орындау аясында кәсіпорынның өз қаражатына 2019 жылы келесі шараларды жүзеге асыру жоспарланған: жалпы ұзындығы 1,524 км алдын ала оқшауланған құбыр өткізгіштерін пайдаланып жылу желілерін қайта құру, ППУ-қаптамасын қолданып 1,245 км жылу оқшаулағышын қалпына келтіру.



## ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ

«Севказэнерго» АҚ-нда еңбек өнімділігін, қызметтің ашықтығын және экономикалық тиімділікті арттыру мақсатында 2018 жылы өндірістік, есептік және ақпараттық жүйелерді кешенді жаңғырту және автоматтандыруды жүзеге асыру жалғасты.

### SCADA

«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ өндірістік қорлар мен активтерді автоматтандырылған басқару жүйесін, жұмыс үстелін қашықтықтан басқарудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін қолдап, байланыстың жаңа деңгейіне көшуде. Ол барлық қатысушылардың электр энергиясын беру және тарату қызметтерін жүзеге асыру бойынша желіге және интеллектуалдық көмекшіге бір уақытта қосылып, өз мәліметтерін тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

«SCADA» жүйесімен автоматтандырылған диспетчерлік басқару құрылымын құру бойынша жоба аясында ескірген мнемощит жаңаланды (видеоқабырға орнатылды), ол диспетчерлік басқару құрылымын, байланыс, басқару, телеөлшеу, телесигнализация, телебасқару және резервтеу каналдарын жолға қояды. Оның ішінде:

- режимдерді ұзақ және қысқа мерзімде жоспарлау;
- электр желілерінің, электр станцияларының, энергоблоктар мен шағын станциялардың қалыпты режимдерін оперативті басқару;
- электр станциясының қысымы мен тұтынылатын қуатты бақылау;
- апаттық жағдайларға ретроспективалық талдау жасау;
- ретроспективалық ақпаратты сақтау және қажет жағдайда диспетчердің талабы бойынша басып шығару;
- жедел ауыстыруларды бақылау;
- оперативті құжаттаманы автоматты түрде енгізу.

### Ellipse

«Севказэнерго» АҚ-нда Ellipse 8 (АСУПФИА Ellipse) жүйесінің базасында өндірістік қорларды басқарудың автоматтандырылған жүйесі өнеркәсіптік пайдалануға енгізілді. Ellipse бірыңғай жүйесі техникалық және жөндеу жұмыстарын жоспарлап, жүргізуге мүмкіндік береді, оның ішінде:

- болуы мүмкін іркілістер мен апаттық жұмыстарды жою бойынша жұмыстарды автоматтандыру;
- жұмыстарды орындаудың және жоспарлы техникалық қызмет көрсетудің уақыттылығын болжау есебінен іркілістер мен апаттық жұмыстар санын қысқарту;
- қызметкердің оперативті іске кірісу есебінен іркілістер мен апаттық жұмыстарды жою уақытын қысқарту.

### Mobility

2018 жылы АСУПФИА Ellipse жүйесімен толықтай біріктірілген Mobility мобильді қосымшасын әзірлеу және енгізу жұмыс тапсырмаларын қашықтықтан беруге, жабдықтарға инвентаризация және мониторинг жасауға, тарихи, нормативті мәліметтер мен жұмыс тапсырмаларына оперативті қолжетімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Mobility жобасы аясында инфрақұрылым нысандарына техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді жүзеге асыру мақсатында нысандар жағдайына мониторинг жасайтын жұмысшыларға арналған мобильді қосымша әзірленді.

### ЭКЕАЖ

2018 жылы «Электр энергиясын бақылау және есептеудің автоматтандырылған жүйесі» (ЭКЕАЖ) жобасын жүзеге асыру жалғасын тапты. Бұл жүйе энергия шығындарының ошағын автоматты түрде анықтап, оны уақытылы жоюға мүмкіндік береді. ЭКЕАЖ электр энергиясының коммерциялық шығынын қысқартады.



2018 жылы «СҚ ЭТК» АҚ-нда электр энергиясын бөлшек тұтыну нарығының 1 375 есеп нүктесінде ЭКЕАЖ орнатылды.

Технологияның бұл түрі әрбір кешенді трансформатор шағын станциясында мәліметтер жинау және беру құрылғыларын қолдануды қажет етпейді. Тұтас тұрғын аумағына бір базалық станция қолданылады, ал радиомодульмен жабдықталған, батареялы есептегіштер тәулік ішінде радиожилілік арқылы базалық станцияға өз көрсеткіштерін жолдап отырады. Базалық станция интернет арқылы жинақталған ақпаратты серверлік қондырғыға жіберіп, ақпарат сол жерде сақталады. Логин және пароль иеленген тұтынушы интернет көмегімен серверге қосылып, қажетті кезеңдегі құрал көрсеткіштерімен таныса алады.

**«ТЕЗИС» ТҚП БАЖ**

2017 жылғы қарашадан бері электр желілеріне техникалық қосылу процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесі – ТҚП БАЖ тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалануға берілді. Жүйе электр желілеріне тұтынушыларды қосу үшін техникалық шарттарды рәсімдеу процесінің ашықтығын көтеруге бағытталған.

Жүйенің басты артықшылығы – құжаттардың қай сатыда және процесс қатысушыларының қайсысында екенін анықтауға мүмкіндік беретін аралық бақылау. Жүйе кәсіпорындардың оперативтік қызметіне тиімді

қолдау көрсетеді, техникалық шарттарды беру, жобалық-сметалық құжаттаманы мақұлдау және тұтынушыларға құжат дайындау процесін есепке алу және бақылауға мүмкіндік береді.

ТҚП БАЖ жобасы аясында тұтынушыларды қосу уақыты қысқарды, жаңа тұтынушыларды инфрақұрылым нысандарына қосудың барлық процесі жеңілдетіліп, оңтайландырылды.

**ЖКЕАЖ**

2018 жылы «Жылу энергиясын бақылау және есептеудің автоматтандырылған жүйесі» жобасын жүзеге асыру жалғасын тапты. Есеп құралдарын енгізу қолданыстағы және перспективалық тариф жүйелері бойынша жеткізушілер мен тұтынушылар арасында мәліметтер мен есептердің дәлдігі мен шынайылығын арттырады.

ЖКЕАЖ тұтынуды бақылау және тұтынылған жылу энергиясына төлем жасауда кешігуді төмендету мақсатында жылу энергиясын есепке алу бойынша мәліметтерді жинау оперативтілігін арттырады. Жүйе жылу шығындары мен есепсіз тұтыну деректерін жедел анықтауға мүмкіндік беріп, оларды болдырмау және коммуналдық-тұрмыстық секторда жылу энергиясын үнемдеуге жағдай жасайды.

## ӨТКІЗУШІ КОМПАНИЯДА ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

**Тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру шаралары**

- «Севказэнерго» АҚ Бас директорының бастамасымен тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша ведомстваралық комиссия құрылып, оған «Севказэнерго-ГО» АҚ компаниялар тобының өкілдері, мемлекеттік органдар мен Петропавл қаласының қоғамдық ұйымдарының өкілдері енді. Алғашқы кездесу 2018 жылғы желтоқсанда болып, оның барысында жеткізушілер арасындағы тұтынушыларды энергиямен қамту қызметтері, тұрғындарды энергиямен қамтуды ұйымдастырумен байланысты процедураларды жеңілдету, сондай-ақ, энергетикалық компания қызметтерінің оперативтілігі мен қолжетімділігін арттыру мәселелері қарастырылды. Ведомстваралық комиссияның отырыстары тұрақты түрде өткізіледі.
- «Севказэнергосбыт» ЖШС «City Mall» сауда-ойын-сауық орталығында коммуналдық қызметтер төлемін қабылдау пунктін ашып, ол қолданыстағы қызмет көрсету орталықтарына түсетін қысымды азайтып, қаланың шалғай аудандарын қамтыды.
- «Севказэнергосбыт» ЖШС қызмет көрсету орталықтарында тұтынушыларға арналған қызмет көрсету сапасын бағалауға мүмкіндік беретін батырмалар орналастырылды. Сондай-ақ, кезекті электронды реттеу жүйесі енгізілді.
- 2018 жылы бірыңғай ақпараттық есеп орталығына (БАЕО) Петропавл қаласындағы 8 коммуналдық кәсіпорын, СҚО аудандарындағы 4 коммуналдық кәсіпорын, кондоминиум нысандарына қызмет көрсететін 105 ұйым (ПИК) кірді. БАЕО негізгі функцияларына есепшоттарды есептеу, өзірлеу, басып шығару және жеткізу, төлем қабылдау, кешігу, есептеу бойынша консультация беру жатады.

**Тұтынушылар арасында ынталандыруды арттыру**

- Өткізуші компания бұқаралық ақпарат құралдарымен белсенді жұмыс жүргізіп, дебиторлармен жұмыс, тарифтер туралы ақпаратты, тұтынушыларға арналған хабарландыруларды жариялап тұрады.
- Өткізуші компанияның барлық учаскелерінде ақпараттық

стендтер орнатылған. Стендтердегі Типтік шарттарға сәйкес энергия төлемдерінің мерзімдері, уақытылы төленбеген жағдайдағы жауапкершілік және төлем жасаудың тәсілдері туралы ақпарат тұрақты түрде жаңартылып тұрады.

- Тұрғындарға түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Электр және жылу энергиясы бойынша қарызы бар тұтынушыларға қарызды бөліп төлеу графигін жасау ұсынылады. Әрбір тұтынушы бойынша қарызды бақылау бекітілді;
- Энергия түрлері бойынша есептердің автоматтандырылған мәліметтер базасы жүйелі түрде жетілдірілуде;
- Төлем түсіміне жедел талдау ұйымдастырылды;
- 2018 жылы сапа стандарттарын енгізу бойынша жұмыстар жалғасын тапты: «Севказэнергосбыт» ЖШС сапа менеджменті жүйесінің ISO 9001:2015 стандартының жаңа нұсқасына көшіп, ISO 9001:2015 сапа менеджменті жүйесіне ресертификациялық аудит жүргізілді.



### ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ БОЙЫНША 2019 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

2019 жылы аяқталуы жоспарланып отырған бірыңғай биллинг жүйесіне көшу жылу және электр энергиясын автоматтандырып және бірегейлендіріп қана қоймай, тұтынылған электр және жылу энергиясының нақты құнын оперативті есептеу есебінен тұтынушылармен жұмысты жақсартады, тұтынушыларға қызмет көрсету мен жеке кабинет арқылы ақпарат алудың қашықтықтағы каналдарын ұсынады.

### 2019 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

Бірыңғай есеп орталығын одан ары кеңейту:  
 - «Севказэнергосбыт» ЖШС «Қазақтелеком» АҚ-мен жұмысты жалғастырып, облыс аудандарында тұратын тұтынушыларға байланыс қызметін, сондай-ақ, қала мен облыс аудандарының өзге коммуналдық қызметтерін (қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару, домофон, кабельді телевидение, лифтке қызмет көрсету) бірыңғай төлем құжатына қосуды жоспарлап отыр.  
 «Севказэнергосбыт» ЖШС-нде жаңа «1С Биллинг» БҚ өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жоспарланып отыр. Бұл электр және жылу энергиясы есебін бірыңғайландыруға және автоматтандыруға мүмкіндік береді.  
 «Севказэнергосбыт» ЖШС ведомстваралық комиссия енгізген ұсыныстарды орындау аясында қызмет көрсету орталығында коммуналдық төлем қабылдау бойынша қосымша терезелерді ашуды жоспарлап отыр.

Энергиямен қамтушы ұйым	2016		2017		2018	
	Э/э	Ж/э	Э/э	Ж/э	Э/э	Ж/э
«Севказэнергосбыт» ЖШС	162 029	71 230	163 340	72 621	163 795	73 629
Заңды тұлғалар	6 185	2 263	6 262	2 266	6 201	2 300
Жеке тұлғалар	155 844	68 967	157 078	70 355	157 594	71 329

### 2019 ЖЫЛҒЫ САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ:

- Сатып алу қызметінің ашықтығын арттыру;
- Коммерциялық тиімділікті арттыру және KPI бағалау жүйесін енгізу;
- Сатып алуларды тиімді жоспарлау жүйесін енгізу;
- Жеткізушілерді аттестациялау және біліктілігін анықтау жүйесін енгізу;
- Сатып алу процестерін автоматтандыру және электронды сатып алу жүйесін енгізу;
- Сатып алу қызметі бойынша тиімді ішкі және сыртқы есептілік жүйесін енгізу;
- Ішкі клиенттер үшін есептілік жүйесінің тиімділігін арттыру;
- Қойма қорларын есепке алу, ТМҚ сақтау және беру процестерінің тиімділігін арттыру;
- Қойма шаруашылығын салмақты өлшеу және бақылауға арналған заманауи жабдықтармен қамту және қойма алаңдарында ТМҚ қоймалау үшін қондырғыларды жаңғырту.

## САТЫП АЛУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ҚАМТУ

Тиімді сатып алулар қызметін құру – Компанияның операциялық қызмет деңгейін арттыру аясындағы маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниялар тобының сатып алулар саласындағы маңызды басымдықтарына тендер өткізу кезіндегі ашықтықты қамтамасыз ету, максималды экономикалық тиімділікке қол жеткізу мен кешігулерді қысқартуға қол жеткізу үшін сатып алулар қатысушылар санын арттыру жатады.

2017 жылдан бастап компаниялар тобында сатып алу қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру мақсатында трансформациялық процестер басталды. Жыл ішінде сатып алу қызметін автоматтандыруға, сатып алу жүйесін жоспарлауды жақсартуға, санаттық сатып алулар стратегиясын өзірлеуге, қойма қорларын есептеу, ТМҚ сақтау және беру процестерін оңтайландыруға, KPI бағалау жүйесін енгізуге және басқаларға бағытталған жобалар өзірленді.

### 2018 ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША КЕЛЕСІ МІНДЕТТЕР ОРЫНДАЛДЫ:

- жылдық сатып алу жоспары түріндегі сатып алуды жоспарлау жүйесі өзірленіп, енгізілді;
- кейбір KPI көрсеткіштерді анықтайтын апта сайынғы есептілік жүйесі өзірленіп, енгізілді;
- жаңаланған ұйымдық құрылым бекітілді;
- сатып алуларды орталықтандыру деңгейі бойынша тәсіл қайта қаралды;
- сатып алу бойынша процестер қайта қаралып, нұсқаулықтар жаңаланды.

## ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Компанияның 2018 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес әзірленді. Есеп саясатының принциптері Компания кәсіпорындарының бәріне бірегей.

Компанияның басты қаржы-экономикалық көрсеткіштері операциялық және қаржылық қызметтің нәтижелілігі мен тиімділігін, сондай-ақ, Компанияның стратегиялық дамуының негізгі бағыттары орындалғанын көрсетеді.

2016-2018 жылғы негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер, млн теңге

КӨРСЕТКІШТЕР	2016	2017	2018
Негізгі қызмет табыстары	30 905	31 702	33 303
Кезең шығындарын есепке алғандағы өзіндік құн	(23 026)	(24 737)	(27 376)
Операциялық қызметтен түскен пайда	7 879	6 965	5 927
Бір жылғы жалпы EBITDA*	12 573	11 741	11 795
Бір жылғы жалпы EBITDA, айырма %	40,7	37,0	35,4
Табыс салығы бойынша шығындар	(1 484)	(1 230)	(871)
Бір жылғы таза пайда	4 886	3 363	1 749
Активтер	105 633	109 793	107 766
Капитал	56 004	56 923	56 188
Негізгі жабдықтар бойынша капиталды шығындар	10 962	8 432	3 604

\* жалпы EBITDA курстық айырмашылықты есепке алмай келтірілген

## ТАУАР/ҚЫЗМЕТ ӨТКІЗУДЕН ТҮСКЕН ТАБЫС

2018 жыл қорытындысы бойынша, Компания жалпы сомасы 33 303 млн теңгенің электр және жылу энергиясын өндіру, беру және өткізу қызметтерін жүзеге асырды. Бұл 2017 жылғы сәйкес көрсеткіштен 5,1%-ға жоғары болса, ол электр энергиясын өткізу көлемінің артуымен және жылу энергиясы бойынша тарифтің өсуімен байланысты.

Өткен кезеңмен салыстырғанда, 2018 жылғы өткізуден түскен табыс деңгейіне ықпал еткен басым факторларға келесілер жатады:

- Электр энергиясын өткізуден түсетін табыстар өткізу тарифінің артуына байланысты 2017 жылмен салыстырғанда 598 млн теңге не 2,7%-ға өсті.

- Электр энергиясын беруден түсетін табыстар энергия беру көлемінің 41,5 млн кВт-с-қа (3,5%-ға) өсуі және тарифтің 2,0%-ға өсуі есебінен 257 млн теңге немесе 5,5%-ға өсті;
- Жылу энергиясын беруден түсетін табыстар энергия беру көлемінің 129 мың Гкал-ға (10,5%-ға) өсуі және тарифтің 9,1%-ға өсуі есебінен 481 млн теңге немесе 20,6%-ға өсті.
- Өткізу маржасын есепке алғандағы жылу энергиясын өткізу табыстары 266 млн теңгеге не өткізу көлемінің 10,5%-ға өсуі нәтижесінде 10,0%-ға өсті.

## ӨТКІЗІЛГЕН ТАУАР/ҚЫЗМЕТТІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

2018 жылы өткізілген электр және жылу энергиясының өзіндік құны 24 803 млн теңгені құрап, 2017 жылмен салыстырғанда өсім 2 535 млн теңге немесе 11,4% болды. Ол «Отын», «Шығарылымдар», «Тозу және амортизация», «Еңбекті төлеу», «Сатып алынатын энергия» және «Сыртқы ұйымдардың қызметтері» баптары бойынша операциялық шығындардың артуымен байланысты орын алды.

Компанияның өзіндік құн құрылымында басым бөлшек үлеске (41%) «Отын» бабы ие.

Аталған бап бойынша қымбаттау 1 293 млн теңге немесе 14,6% құрады. Оның ішінде отын шығындары көлемінің 3,6%-ға артуы есебінен 348 млн теңгеге қымбаттаса, тасымалдау есебінен бағаның 10,7%-ға артуына байланысты 945 млн теңгеге қымбаттаған.

Өндірісте көмір шығынының артуына байланысты қоршаған ортаға шығарылымдар бойынша шығындар 58 млн теңгеге артты. Амортизациялық аударымдар 2018 жылы 2 972 млн теңгеге негізгі жабдықтарды енгізу есебінен 269 млн теңге немесе 5,9%-ға өсті.

Еңбекті төлеу шығындары 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбекақының өсуіне байланысты 260 млн теңге немесе 10,3%-ға артты.


Жаңартылатын энергия көздерінен электр энергиясын сатып алу шығындары сатып алу көлемінің 5,3 млн кВт-с немесе 27%-ға артуына байланысты 143 млн теңге немесе 27,0%-ға көбейді.

Өндірістік сипаттағы қызметтер шығындары техникалық диспетчерлеу мен теңгерімдеу бойынша КЕГОС қызметі құнының өсуі мен, сондай-ақ, қондырғыны жөндеу және пайдалану шығындарының өсуіне байланысты 2 550 млн теңге немесе 10,3%-ға артты.

## ЖАЛПЫ EBITDA ДИНАМИКАСЫ\*

2018 жылғы EBITDA көрсеткіші 11 795 млн теңгені құрады, 2017 жылмен салыстырғанда өсім 54 млн теңге немесе 0,5% құрады. Операциялық тиімділік көрсеткіші өсімінің негізгі факторы жылу энергиясын өткізу көлемінің 128,6 мың Гкал немесе 10,5%-ға артуы болып табылады.

Бір жылғы жалпы EBITDA, млн теңге



\* жалпы EBITDA курстық айырмашылықты есепке алмай келтірілген

## СЕГМЕНТТЕР БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛЫҚ EBITDA КӨРСЕТКІШІ

Компания өндірістік қызметін бағалауда операциялық EBITDA көрсеткіші негізгі болып таңдалған. Бұл көрсеткіш — Компанияның базалық өндірістік қызметіне өсер етпейтін өзге кірістер, қаржыландыру кірістері, курстық айырмаға қатысты міндеттемелердің сенімсіз компоненті, еңбекке қабілеттіліктен айрылу бойынша өлеуметтік төлемдер, амортизация мен қайталанбайтын немесе тұрақсыз баптарды қарастырмайды.

Компанияның 2018 жылғы операциялық EBITDA көрсеткіші 10 993 млн теңге құрап, 2017 жылмен салыстырғанда төмендеу 790 млн теңге немесе 6,7% құрады. Операциялық EBITDA көрсеткіш құрылымында негізгі (бірінші кезектегі) айырмалы сегмент – электр және жылу энергия өндірісі (9 076 млн теңге) болып табылады, мұнда 2018 жылы отын шығындарының 1 293 млн теңгеге өсуі және электр энергиясын сатып алу шығындарының 143 млн теңгеге өсуі есебінен 1 226 млн теңге немесе 11,9%-ға төмендеу байқалады.

Сегменттер бойынша 2018 жылғы қаржы-экономикалық көрсеткіштер, млн теңге

Көрсеткіштер	Электр және жылу энергиясын өндіру	Электр энергиясын беру және тарату	Жылу энергиясын беру және тарату	Электр және жылу энергиясын өткізу	Басқалар	Қорытынды
Негізгі қызмет табыстары	24 134	4 907	2 822	1 425	15	33 303
Өзіндік құны	(17 845)	(4 110)	(2 588)	(197)	(63)	(24 803)
Жалпы пайда	6 289	797	234	1 228	(48)	8 500
Кезең шығындары	(859)	(587)	(676)	(451)	-	(2 573)
Операциялық қызметтен түскен пайда	5 430	210	(442)	777	(48)	5 927
Қаржылық шығындар, нетто	(2 111)	(147)	(337)	1	-	(2 594)
Өзге табыстар	188	54	173	115		530
Курстық айырмашылық шығыны	(807)	(352)	(85)	1		(1 243)
Табыс салығы бойынша шығындар	(616)	29	(98)	(186)		(871)
Бір жылғы таза пайда	2 084	(206)	(789)	708	(48)	1 749
Сегменттер бойынша операциялық EBITDA	9 076	1 031	137	797	(48)	10 993

## ТАЗА ТАБЫС/ШЫҒЫННЫҢ ДИНАМИКАСЫ


2018 жылғы операциялық қызметтен түскен пайда 5 927 млн теңге (өткізу табысынан айырмасы 17,8%) құраса, табыстың 1 037 млн теңгеге төмендеуі отын, электр энергиясын сатып алу шығындарының өсуімен және күмәнді қарыз бойынша резерв есептеумен байланысты.

Қаржылық нетто шығындары капитализация сомасының есебінен 333 млн теңге немесе 14,7%-ға артты. Табыс салығы бойынша шығындар 359 млн теңгеге төмендеді.

## АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жиынтық активтері 107 766 млн теңгені құрады, бұл 2017 жылдың сәйкес көрсеткішінен 1,8%-ға төмен.


Активтер, млн теңге



2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі жабдықтардың құны 100 120 млн теңге немесе барлық активтер құнының 92,9%-ын құрады. 2018 жылғы кең ауқымды инвестициялық бағдарлама аясында 3 581 млн теңге соманың негізгі жабдықтары сатып алынды. 2 972 млн теңге сомаға ағымдағы кезең және өткен жылдардан келе жатқан жаңа және қайта құрылған нысандар енгізілді.

Басқа қаржылық активтер 383 470 млн теңге көлемінде бөлшектеп толтыру және алуға мүмкіндік беретін жұмсақ шарттары бар депозиттер түрінде берілген. Депозиттер Компанияның қарыздарға қызмет көрсету, инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру және айналымдық капиталды ұстап тұру үшін жиналған ақшалай қаражат түрінде берілген.

Пассивтер, млн теңге



Компанияның жарияланған жарғылық капиталы 143,9 млн дана жай акцияны құрайды. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толықтай төленген жай акциялардың құны 16 292 млн теңгені құрады.

Ұзақмерзімді қарыздар негізінен Топ активтерін қайта құру және жаңғырту бойынша Компанияның ұзақмерзімді инвестициялық бағдарламаларын қаржыландыруға бағытталған ЕҚДБ қарызын қамтиды.

Жалпы қаржылық қарыз есептік жыл аяғында 25 844 млн теңгені құрап, бұл ретте Компания қаржылық тұрақтылығын сақтайды.

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

2018 жылы операциялық қызметтен ақшалай қаражат ағынының артуы байқалды, бұл жылу энергиясын өткізу көлемінің артуымен және электр мен жылу энергиясы тарифтерінің өсуімен байланысты болды. Операциялық қызметтен келетін таза ағын, шетелдік валютадағы қалдық ақша қаражатына курстық өзгерудің ықпалын есепке алғанда, 8 063 млн теңгені

құрады. Айналымдық капиталдың өзгеруі сауда дебиторлық қарыздың артуымен байланысты. Негізінен инвестициялық бағдарламаны жүзеге асырумен байланысты кредиторлық қарыздың азаюы айналымдық капиталдың азаюына өкелді.

Ақша қаражатының қозғалысы, млн теңге



Жыл соңында ақшалай қаражаттар мен депозиттер 455 млн теңгені құрады, ақша қаражатының жеткілікті резерві Компанияға қажетті өтімділік деңгейін ұстап тұруға және қарыздарға қызмет көрсету үшін ішкі ресурстарды ұстап тұруға мүмкіндік береді.

## 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ өндірістік активтерді жаңарту мен қайта құруға бағытталған капитал салымдарының көлемі бойынша Қазақстан электр энергетикасы саласындағы кәсіпорындары арасындағы кең ауқымды инвестициялық бағдарламалардың бірін жүзеге асырады. Инвестициялық бағдарлама аясындағы шаралар үш бағытқа ие:

- өндірісті арттыру;
- беру кезіндегі электр және жылу энергиясы шығындарын төмендетуді қоса алғандағы энергоүнемділік;
- өндірістің экологиялық параметрлерін жақсарту.





## Корпоративтік басқару



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда қазақстандық және халықаралық стандарттарға жауап беретін тиімді де айқын корпоративтік басқару жүйесі жұмыс жасайды. Корпоративтік басқару қызмет ашықтығын арттырып, активтердің өсуіне және Компанияның қаржылық тұрақтылығын сақтауға көмектеседі.

### АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

Компанияның жоғарғы басқарушы органы – Акционерлердің жалпы жиналысы. Компания акционерлері жылдық Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер енгізіп, Директорлар кеңесіне, Комитетке үміткерлер ұсынуға және Директорлар кеңесі отырыстарын шақыруға құқылы.



### АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

2018 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы компетенциясына жататын шешімдер «ОАЭК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысында (АЖЖ) келесі мәселелер бойынша қабылданды:

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын арттыру, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерінің өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшері және төлеу тәртібін анықтау туралы шешім;
- Жылдық шоғырландырылған қаржылық есепті бекіту және 2017 қаржылық жыл үшін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ таза табысын бөлу тәртібі туралы шешім;

- 2018 жылғы қаржылық есептілікке аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды анықтау;
- Еуразиялық даму банкімен «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызығушылығы бар мәміле жасау туралы шешім;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және жаңа мүшесін сайлау.

## ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ



## ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Дивидендтерді есептеп жазуға, оларды жариялау тәртібіне, мөлшеріне, төлеу нысанына және мерзімдеріне қатысты Компанияның саясаты Жарғыда айқындалған.

Төменде аталғандар Компанияның дивидендік саясатының негізгі принциптері болып табылады:

- дивидендік төлемдердің мөлшерлерін айқындаған кезде Компания және оның акционері мүдделерінің теңгерімі;
- Компанияның инвестициялық тартымдылығын, қаржылық тұрақтылығын, капиталын және өтімділігін арттыру;
- салынған капиталдың нарықтық табыстылығын қамтамасыз ету;
- акционерлер құқықтарын сақтау және сыйлау, олардың әл-ауқатын арттыру.

Компания таза табыстың өз дамуына қажетті қаражатты сақтауға мүмкіндік беретіндей бөлігін дивидендтерді төлеуге жұмсайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы Компанияның Директорлар кеңесінің ұсынысы бойынша жылдық дивидендтерді төлеу жөніндегі шешімді қабылдайды. Алдын-ала қарастырылмаған негативті жағдайлар болған кезде, Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына дивидендтерді төлеу (жариялау) туралы шешім қабылдамауға ұсыныс беруге міндетті.

2018 жылғы «ОАЭК» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысында (АЖЖ) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ акционерлеріне 2017 қаржылық жыл үшін 1 008 859 277 теңге дивиденд төлеу туралы шешім қабылданды.

## АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қаржылық есептіліктің деректеріне сәйкес, 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталы 16 291 512 мың теңгені құрайды. «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ акциялардың 100%-ына ие жалғыз акционер болып табылады.

Ұстаушының атауы	Жай акциялар		Артықшылығы бар акциялар	Барлық акция	
	саны	үлесі		саны	үлесі
«Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ	143 863 799	100%	-	143 863 799	100%



## АТҚАРУШЫ ОРГАН

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда атқарушы орган Бас директор болып есептеледі. Бас директор Компанияның ағымдағы қызметіне басшылық етеді, Директорлар кеңесінің және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерін орындайды.

Атқарушы орган сыйақысының көлемі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры Татаров Игорь Витальевич. Акционерлік қоғамның жарғылық капиталында, сондай-ақ, еншілес және тәуелді ұйымдар капиталында үлесі жоқ.

## Игорь Витальевич Татаров

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ  
Бас директоры



## ҚЫСҚАША ТҮЙІНДЕМЕ

Татаров Игорь Витальевич 1965 жылы Қарағанды облысының Теміртау қаласында дүниеге келді. 1990 жылы Қарағанды мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірді. 1985-2002 жылдары Қарағанды облысының кәсіпорындарында түрлі лауазымдарды атқарды. 2002-2007 жылдары – Павлодар қаласында «Энергоорталық» АҚ вице-президенті, бірінші вице-президенті, президенті болды. 2007-2008 жылдары – «АксессЭнерго» ЖШС бас директоры. 2008-2009 жылдары – «Солтүстік Қазақстан Энергоорталығы» ЖШС бас директоры. 2009-2013 жылдары – «Севказэнерго» АҚ Басқарма төрағасы. 2013-2014 жылдары – «Павлодарэнерго» АҚ Басқарма төрағасы. 2015 жылдан 2018 жылғы 22 қазанға дейін – «Степногорск тау-химия комбинаты» ЖШС бас директоры. 2018 жылғы 23 қазаннан –

Петропавл 2-ЖЭО, «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ, «Петропавл жылу желілері» ЖШС, «Севказэнерго» ЖШС кіретін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бас директоры. Татаров Игорь Витальевич мемлекеттік наградалар: «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігіне 25 жыл» мерейтойлық медальдерімен марапатталған. 2012 жылы ТМД елдерінің электр энергетикасына қосқан үлесі үшін Татаров Игорь Витальевич «ТМД еңбек сіңірген энергетигі» атағымен марапатталды.

Компания еншілес кәсіпорындарының атқарушы органдары әрбір кәсіпорынның бас директоры болып табылады.


Атауы, ұйымдық-құқықтық формасы	Атқарушы орган	Лауазымы	Сайланған күні/ өкілеттілігінің аяқталу күні
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	Татаров Игорь Витальевич	Бас директор	23.10.2018 - 22.10.2020
«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ	Казановский Анатолий Антонович	Бас директор	16.10.2017 - 15.10.2019
«Петропавл жылу желілері» ЖШС	Калиничев Андрей Владимирович	Бас директор	28.12.2018 - 27.12.2020
«Севказэнерго» ЖШС	Сагандыков Мағауия Карипуланович	Бас директордың міндетін атқарушы	12.06.2016

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ осы Компания Жарғысы мен «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен Акционерлердің жалпы жиналысының (АЖЖ) компетенциясына берілген мәселелерді есепке алмағанда, Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Компанияның атқарушы органын қалыптастырады және қадағалайды. Қызмет мақсатына қол жеткізу үшін Директорлар кеңесі келесі принциптерді басшылыққа алады:

- Компания қызметі турасында шынайы және толық ақпаратты қолдана отырып, ұжымдық және салмақты негізде талқыланған мәселелер бойынша, бизнес жүргізудің ең жоғарғы стандартына сәйкес шешім қабылдау;
- Акционерлердің Компанияны басқаруға қатысу, дивидендтер, Компания туралы ақпарат пен есеп алу сынды заңды көзқарастары мен құқықтарын шектеуге жол бермеу;
- Компания акционерлері көзқарастарының теңгерімді болуын қамтамасыз ету және Директорлар кеңесінің Компания акционерлерінің көзқарастарына сай келетін объективті шешімдер қабылдауына қол жеткізу;
- Компания акционерлерін шынайы және уақытылы ақпараттармен қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ, «Севказэнерго» ЖШС, «Петропавл жылу желілері» ЖШС сияқты заңды тұлғалардың акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері жөніндегі шешімдерді қабылдайды, бұл заңды тұлғалардың (жарғылық капиталына қатысу үлестерінің) 100%-ы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-на тиесілі. «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-ның («СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның еншілес кәсіпорны) Директорлар кеңесі де электр желілік компанияны басқару функцияларын атқарады. Директорлар кеңесіне берілетін сыйақы мөлшері Компания акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі негізінде анықталады.



### Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы

Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы

«ОАЭК» АҚ Бас директорының бірінші орынбасары, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «Ақмола ЭҰК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады

(1959 ж. т.)  
15.11.2017 ж. – «ОАЭК» АҚ Бірінші вице-президенті  
01.02.2012 ж. – Павлодар облысы өкімінің бірінші орынбасары  
Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланды:  
2010-2011 жж. – «Ядролық технологиялар паркі» АҚ  
2011-2012 жж. – «Балқаш ЖЭС» АҚ; «Шардара ГЭС» АҚ  
2012-2017 жж. – «СПК Павлодар» ұлттық компаниясы» АҚ  
2012-2015 жж. – «Павлодар СЭА басқарушы компаниясы» АҚ

### Татаров Игорь Витальевич

Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі және Бас директоры

«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

(1965 ж. т.)  
01.07.2015 ж. – «Степногорск тау-химия комбинаты» ЖШС Бас директоры  
2013 ж. – «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ Басқарма төрағасы  
11.11.2009 ж. – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Басқарма төрағасы  
01.01.2009 ж. – «СевКазЭнерго Петропавл» ЖШС Бас директоры

### Карягин Андрей Валерьевич

Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «Ақмола ЭҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

(1967 ж. т.)  
25.12.2017 ж. – «Астана Инвест» инвестициялық үйі» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы  
06.12.2017 ж. – «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті  
2016 ж. – Astana Investment Corporation президенті  
2014 ж. – «Астана Инвест» инвестициялық үйі» АҚ Басқарма төрағасы

### Нигаи Александр Данилович

Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі

«ОАЭК» АҚ Бас директорының коммерциялық мәселелер бойынша орынбасары, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «Ақмола ЭҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

(1984 ж. т.)  
01.08.2013 ж. – «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ коммерциялық мәселелер жөніндегі вице-президенті  
03.05.2012 ж. – «Com Trade Product» ЖШС Стратегиялық даму жөніндегі директоры

### Табанов Эльдар Рашитович

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Тәуелсіз директоры

«ОАЭК» АҚ, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ және «Ақмола ЭҰК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

(1968 ж. т.)  
29.09.2017 ж. – «City Box» ЖШС директоры  
17.11.2016 ж. – «СПК «Астана» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі  
09.09.2015 ж. – «СПК «Астана» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары  
03.10.2013 ж. – «Водоканал Проект» АҚ президенті

### Андреев Геннадий Иванович

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Тәуелсіз директоры

«ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ, «Ақмола ЭҰК» АҚ, «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры

(1968 ж. т.)  
2016 ж. – «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директоры)  
02.07.2015 - «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ/Құрметті президент.  
23.07.2011 ж. – «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі  
01.10.1970 ж. – «Институт «КазНИПИЭнергопром» президенті

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Атауы, ұйымдық-құқықтық формасы	Директорлар кеңесінің мүшелері	Лауазымы	Сайланған күні/өкілеттігі аяқталатын күн
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы	15.01.2018 – 14.01.2020
	Татаров Игорь Витальевич	Директорлар кеңесінің мүшесі	05.11.2018 – 14.01.2020
	Карягин Андрей Валерьевич	Директорлар кеңесінің мүшесі	15.01.2018 – 14.01.2020
	Нигаи Александр Данилович	Директорлар кеңесінің мүшесі	15.01.2018 – 14.01.2020
	Андреев Геннадий Иванович	Тәуелсіз директор	15.01.2018 – 14.01.2020
	Табанов Эльдар Рашитович	Тәуелсіз директор	15.01.2018 – 14.01.2020
«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ	Орал Бағдат Еркебұланұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы	23.10.2018 – 22.10.2020
	Татаров Игорь Витальевич	Директорлар кеңесінің мүшесі	23.10.2018 – 22.10.2020
	Андреев Геннадий Иванович	Директорлар кеңесінің мүшесі	23.10.2018 – 22.10.2020

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

2018 жылы Директорлар кеңесінің 13 мәжілісі өткізілді.

Директорлар кеңесінің назарында болған негізгі мәселелер төмендегілер болды:

- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі төрағасын сайлау туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелерін сайлау, олардың өкілеттік мерзімін анықтау;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ мүдделі тараптармен мәміле жасау туралы;
- «Севказэнергосбыт» ЖШС-нде Бақылау кеңесін құру туралы;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2017 жылғы шоғырландырылған жылдық қаржылық есебін алдын-ала бекіту;
- Директорлар кеңесіне есепті құрылымдық бөлімшелердің ішкі нормативтік құжаттарын бекіту;
- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ 2017 жылғы қаржылық есептілігін бекіту және таза табысты бөлу;
- «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директорын сайлау, оның өкілеттік мерзімін анықтау туралы;
- «Петропавл жылу желілері» ЖШС Бас директорын сайлау, оның өкілеттік мерзімін анықтау туралы;
- «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау, олардың өкілеттік мерзімін анықтау туралы.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Атауы	Міндеттері	Құрамы	Қызмет нәтижелері
Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау, оның даму стратегиясы, Қоғам бюджетін әзірлеу мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу және консультативтік көмек көрсету;</li> <li>- Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін жоспарлау;</li> <li>- Қоғам қызметін жоспарлау және бюджеттеу саласындағы мәселелерді анықтау.</li> </ul>	<p>Андреев Геннадий Иванович -Төраға</p> <p>Мүшелер: Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлы</p> <p>Татаров Игорь Витальевич</p>	2018 жылы Комитет отырысы өткізілмеді.
Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Директорлар кеңесіне басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ұсыныстар әзірлеу және беру;</li> <li>- тәуекел-ориентациялы ішкі аудит, ТБЖ және ІБЖ жетілдіру бойынша заманауи тәсілдерді енгізу;</li> <li>- ТБЖ және ІБЖ тиімділігін тестілеудің тиімді бағдарламаларын енгізу;</li> <li>- ТБЖ және ІБЖ жетілдіру бойынша шаралар жоспарлары мен түзетуші әрекеттер жоспарларының толықтай және уақытылы орындалуын бақылау.</li> </ul>	<p>Табанов Эльдар Рашитович -Төраға</p> <p>Мүшелер: Карягин Андрей Валерьевич</p> <p>Татаров Игорь Витальевич</p> <p>Рахимберлинова Жанар Жандарбекқызы</p> <p>Станбаева Айжан Орманқызы</p>	2018 жылы Комитеттің 2 отырысы өткізіліп, келесі мәселелер қаралды: - Ішкі аудит басқармасы мен Тәуекел-менеджмент басқармасының есептік кезеңдегі жұмысының қорытындылары; - Ішкі аудит басқармасы мен Тәуекел-менеджмент басқармасының алдағы кезеңге жұмыс жоспарлары; - Ішкі аудит басқармасы мен Тәуекел-менеджмент басқармасының қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттары мақұлдау.
Кадрлар, сыйақылар және өлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қоғамның Директорлар кеңесіне кадр, өлеуметтік мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу және консультативтік көмек көрсету;</li> <li>- Директорлар кеңесі мен Қоғамның құрылымдық бөлімшелері арасында өзара әрекет механизмдерін дамыту.</li> </ul>	<p>Андреев Геннадий Иванович -Төраға</p> <p>Мүшелер: Нигаи Александр Данилович</p> <p>Татаров Игорь Витальевич</p> <p>Константинова Наталья Валерьевна</p>	2018 жылы Комитеттің 2 отырысы өткізіліп, келесі мәселелер қаралды: - Кадрлар, сыйақылар және өлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің есептік кезеңдегі қызметінің нәтижелері; - жас мамандарды қолдау бағдарламасы аясында шараларды жүзеге асыру шығындары.

Аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет Директорлар кеңесі жанындағы тұрақты жұмыс органы болып табылады. Комитеттің құзыретіне тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге және нығайтуға, Директорлар кеңесі мен Атқарушы органға берілетін ұсыныстарды әзірлеуге қатысты мәселелер жатады. 2018 жылы комитеттің екі отырысы өткізілді.

Кадрлар, сыйақылар және өлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Директорлар кеңесі жанындағы

тұрақты жұмыс органы болып табылады. Комитеттің құзыретіне атқарушы орган, ішкі аудит басқармасы, тәуекел менеджменті басқармасы, Компанияның басқа да органдары мен қосалқы бөлімшелері мүшелерінің лауазымдарына, корпоративтік хатшының лауазымына үміткерлерді сайлау/тағайындау, сыйақыларды тағайындау және төлеу, кадрлық саясат және оны іске асыру, Компанияның қызметкерлеріне өлеуметтік қолдау көрсету саясаты және өлеуметтік мәселелерді шешу мәселелері жатады. 2018 жылы комитеттің 2 отырысы өткізілді.

## ІРІКТЕУ ЖӘНЕ ТАҒАЙЫНДАУ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері «ОАЭК» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен сайланады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны үшеуден кем болмауы тиіс. Олардың отыз пайыздан кем емес бөлігін тәуелсіз директорлар құрауы қажет. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып тек жеке тұлғалар, акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылған тұлғалар сайлана алады. Сондай-ақ, қоғам акционері болып табылмайтын және акционерлер мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлануға ұсынылмаған тұлғалар Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Мұндай тұлғалардың саны Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспауы шарт.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директоры да Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайлана алады, алайда ол Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі мүшелерінің ішінен кеңес мүшелерінің ашық дауыс беруімен ең көп дауыс жинауы арқылы сайланады.

Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлауды өткізіп жатқан Акционерлердің жалпы жиналысында тоқтатылады. Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар шектеусіз мәрте қайта сайлана алады.

Тәуелсіз директор болып «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сөйкес, тәуелсіздік критерийлеріне сай келетін үміткер сайлана алады. Критерийлер:  
- соңғы 5 жыл ішінде Қоғам қызметкері не Қоғамның атқарушы органының мүшесі болмаған тұлға;  
- Директорлар кеңесі мүшесінің міндетін атқарғаннан басқа Қоғам не оның тарапынан сыйақы алмайтын тұлға;  
- Қоғам акцияларының 10 пайыздан артық бөлігіне ие емес және Қоғам акцияларының 10 пайыздан артық бөлігіне ие өзге компанияның атқарушы органы мен директорлар кеңесіне мүше емес тұлға (егер компания не Қоғам бір компаниялар тобының мүшелері болмаған жағдайда).

## МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫ

Мүдделер қайшылығы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы кәсіпорындары қызметкерлерінің Корпоративтік әдеп кодексімен (14-бөлім) реттеледі.

Бұл құжатта қызметкерлердің жауапкершілігі, өз қызметтік лауазымын дұрыс пайдаланбауы, қызметкердің компания ішінде және одан тыс аумақтағы қызметі туралы жазылған.

«Алаяқтық пен коррупцияға қарсы әрекет саясатында» алаяқтық пен коррупцияға қатысты негізгі принциптердің қатарында «Мүдделер қайшылығын төмендету» принципі көрсетілген. Бұл принципке сәйкес,

Компания ашық Ұйымдық құрылым түзу арқылы өкілеттік пен жауапкершіліктерді тиімді бөлу негізінде мүдделер қайшылығын төмендетеді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметі тиісті Ережемен реттеледі. Ереженің 6.2.3 тармағына сөйкес, Директорлар кеңесінің мүшелері лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейіндегі, қоғам меншігін заңсыз пайдалану және қоғам мүддесі бар мәмілелер жасауда заңсыздыққа баруды қоса алғанда мүдделер қайшылығын қадағалап, мүмкіндігінше оларды болдырмауға міндетті.



## КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП

Қоғамда 2011 жылы бекітілген «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ компаниялар тобы кәсіпорындары қызметкерлерінің корпоративтік әдеп кодексі әрекет етеді. Кодексте басшылық пен қызметкерлердің өзара қызметінің негізгі ережелері, тәртіп ережелері, Компания тарапынан қызметкерлерге қойылатын талаптар баяндалған. Аталған ережелер Компанияның әдеп пен заңға сай, сәтті бизнес жүргізуге мүмкіндік беретін принциптері мен ережелеріне сәйкес жұмыс жүргізетінін растайтын корпоративтік стандарттардың жиынтығы болып табылады.

Компанияның корпоративтік құндылықтары:

- клиенттермен өзара қарым-қатынас: компания тұтынушыларға қызмет көрсетудің ең жоғарғы стандарттарына ұмтылады;
- акционерлермен өзара қарым-қатынас: акционерлермен қарым-қатынаста Компания ашық саясат

ұстанады және корпоративтік басқару принциптеріне сай жұмыс жүргізеді;

- қызметкерлермен өзара қарым-қатынас: Компания қызметкерлері сәтті қызметтің негізгі кілті болып табылады;

- мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас: Компания қаржылық-өнеркәсіптік топтарға, саяси партиялар мен бірлестіктерге қатысты бейтарап принцип ұстанады және өз қызметін тұтынушылар мен акционерлердің мүддесіне орай жүргізеді.

Компаниялар тобында іскери әдептің сақталуы реттелген әдеп принциптері мен талаптарына сәйкес қызметті ұйымастыру арқылы басшылық тарапынан бақыланады.

Кодекстің бекітілген стандарттары мен талаптары Корпорацияның барлық жұмысшылары арасында бөлінеді.

## КОРРУПЦИЯҒА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ

Қоғамда 29.01.2018 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Коррупция және алаяқтыққа қарсы әрекет саясаты әрекет етеді. Компанияда Коррупция және алаяқтыққа қарсы әрекет келесі принциптерге сүйенеді:

- корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін сақтау;
- коррупция мен алаяқтыққа төзбеушілік;
- коррупция мен алаяқтықтың туындау тәуекелін дұрыс бағалау;
- мүдделер қайшылығын азайту.

Компаниядағы Коррупцияға қарсы әрекеттің негізгі мақсаттары мен міндеттері: коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекетті қамтамасыз ететін тиімді стратегияны әзірлеу және енгізу; Компания органдары мен қызметкерлерінде коррупциялық әрекеттер мен алаяқтықтың барлық түрлеріне негативті қарым-қатынас пен тиісті әдеп мәдениетін қалыптастыру, Компания мен жұмысшылардың коррупциялық және алаяқтық әрекетке бару тәуекелін төмендету, коррупциялық және алаяқтық сипаттағы оқиғаларға оперативті қимылдау.

## СЫЙАҚЫ БЕРУ САЯСАТЫ

Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақы көлемін Компания акционерлерінің жалпы жиналысы анықтайды. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы екі бөліктен құралады:

- нақты сыйақы;
- Қоғамның жұмыс нәтижелері, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің оған қол жеткізуге қосқан үлесін бағалау, сондай-ақ, Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысына қатысуына байланысты төленуі мүмкін сыйақы.

2018 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне төленген сыйақының жалпы көлемі 84 097 мың теңгені құрады.

Атқарушы органға төленетін сыйақы көлемі «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен анықталады.



Бизнес-процестерді жетілдіру және Компанияда қабылданатын шешімдер тиімділігін арттыру мақсатында ішкі бақылау механизмдері жолға қойылған. Ішкі аудит басқармасы (ІАБ) қызметінің тәуелсіздігі мен объективтілігі оның Компания Директорлар кеңесіне бағыныштылығы мен есеп берушілігімен және қаржылық есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйелерін үйлестіру процестері мен қабылданған шешімдерге мониторинг жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі.

ІАД Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жоспарға сәйкес келесі жұмыстарды орындайды. ІАБ Директорлар кеңесіне және Аудит және тәуекелдерді басқару комитетіне жылдық есеп және басқарманың 9 айда атқарған жұмысы туралы есеп ұсынады.

2018 жылы ІАБ «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ мен оның еншілес ұйымдарында келесі тақырыптар бойынша тексерулер жүргізді:

- 1) «Инвестициялық қызметті басқару» бизнес-процесінің ІБЖ тиімділігін бағалау;
- 2) «Салықтарды есептеу» бизнес-процесінің ІБЖ тиімділігін бағалау;
- 3) НЖ мен ТМҚ жекелеген инвентаризация жасау;
- 4) ІАБ ұсыныстары бойынша түзеуші әрекеттер мониторингі;
- 5) «НЖ мен ТМҚ есептеу» бизнес-процесінің ІБЖ тиімділігін бағалау;

- 6) «Сатып алу, шарттарды басқару және кредиторлармен есеп айырысулар» бизнес-процесінің ІБЖ тиімділігін бағалау;
- 7) 31.12.2016 ж. жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитінің қорытындысы бойынша сыртқы аудитор ұсыныстарын орындау бойынша түзеуші әрекеттерге мониторинг.

Департамент қызметі Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына (ISA), сондай-ақ, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына және «ОАЭК» АҚ ішкі аудиторлар этикасы кодексіне сәйкес жүргізіледі. Ішкі аудиторлар өз жұмысында келесі принциптерді ұстанады: адалдық, нақтылық, конфиденциалдық және кәсіби компетенттік.

ІАБ қызметі «ОАЭК» АҚ Ішкі аудит департаментінің талаптарына сәйкес бірегейлендірілген және қабылданған аудит әдістемесі мен тәжірибесіне сәйкес келеді.

2018 жылы және қазіргі таңда Компания бақылаудың барлық деңгейінің, оның ішінде қаржылық және операциялық бақылаудың, заңдар мен ережелердің сақталуының сенімділігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін ішкі бақылау жүйесіне ие.



## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Компанияның корпоративтік басқару тәжірибесі 2018 жылы Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне толықтай сәйкес келді.

«Севказэнерго» АҚ корпоративтік басқару жүйесі акционерлер, өзге мүдделі тұлғалар және Компанияның ішкі бақылау, басқару органдарының өзара қызмет процесін реттейді және аталған тараптардың көзқарас теңгерімін қамтамасыз етеді.

Корпоративтік басқару жүйесі Компанияның ішкі құжаттарымен регламенттеледі және ол Корпоративтік басқару кодексінде көрініс тапқан. Кодекс Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңнамасының талаптарына толықтай сәйкес келеді: құжат корпоративтік басқару саласындағы халықаралық тәжірибеге және қазақстандық

акционерлік қоғамдардың корпоративтік басқару принциптерін қолдану бойынша ұсыныстарға сүйеніп жасалған.

Корпоративтік басқару кодексінің принциптерін сақтау Компанияның күнделікті қызмет тәжірибесінде халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және акционерлер, клиенттер мен қызметкерлердің Компания туралы жағымды көзқарас қалыптастыруына негіз болатын ережелер мен дәстүрлерді қалыптастырып, енгізуге, акционерлердің құқықтарын толықтай жүзеге асыруға және олардың Компания қызметі жайлы ақпараттануына, сондай-ақ, тәуекелдерді бақылап, төмендетуге, Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсімін қамтамасыз етіп, оның жарғылық қызметін сәтті жүзеге асыруына бағытталған.

## 2018 ЖЫЛЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІНІҢ САҚТАЛУЫ

Корпоративтік басқару кодексінің негізгі принциптері	Принциптерді сақтау туралы ақпарат	Түсіндірмелер
<b>Әділеттілік</b> Капиталдағы қатысу үлесі мен орналасқан жеріне қарамай, барлық акционерлерге теңдей қарым-қатынас жасау және олардың құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік беру.	Сақталады	«Севказэнерго» АҚ корпоративтік басқаруы Компания акционерлерінің құқықтары мен заңды көзқарастарын қорғау мен құрметтеу, сондай-ақ, активтер өсімі мен қаржылық тұрақтылықты және Компания табыстылығын қамтамасыз ету принципіне негізделген.
<b>Есеп берушілік</b> Компанияның Директорлар кеңесінің акционерлерге, атқарушы органдардың Компанияның Директорлар кеңесіне, қызметкерлердің атқарушы органына (Компания Бас директорына) есеп берушілігі. Бұл принцип есеп берушілік пен Компанияның басқару органдарының өкілеттіліктерін бөлуді, сондай-ақ, Компанияның акционерлерге толығымен есеп беруін қамтамасыз етеді, бұл Компанияның ағымдағы қаржылық жағдайына, қол жеткізген экономикалық көрсеткіштеріне, қызмет нәтижелеріне, Компанияны басқару құрылымдарына қатысты сенімді ақпаратты Компания акционерлеріне уақытылы әрі толық беру арқылы жүзеге асады, ал бұл Компания акционерлері мен инвесторларына негізгі әрі оңтайлы шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.	Сақталады	Корпоративтік басқару Кодексінің аталған принципі Компанияның Жарғысында және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған ұйымдастырушылық құрылымды жүргізумен сақталады. Сондай-ақ, есеп берушілік принципі Компанияның әрбір басшылық органы/құрылымдық бөлімшелер туралы ережеде көрініс тапқан, ол Компания басқарушы органдарының өкілеттіктерін шектеуін, сондай-ақ, Компанияның акционерлеріне есеп беруін жүзеге асырады.

<b>Жауапкершілік</b> Компанияның өз акционерлері, қызметкерлері, тұтынушылары мен серіктестері алдындағы жауапкершілігі, Компанияның активтерін көбейту, оның тұрақтылығы мен сенімділігін арттыру мақсатында олармен тығыз ынтымақтастықта болу. Бұл принцип Компания акционерлері мен қызметкерлеріне арналған әдеп нормаларын айқындайды, сондай-ақ, Компанияның лауазымды тұлғалары заңға қайшы, кінәлі (қасақана ойластырылған немесе абайсызда болған) іс-әрекеттер жасаған не болмаса қолданыстағы заңнамада қарастырылған әрекетсіздіктер жасаған жағдайда олардың жауапкершілігін қарастырады.	Сақталады	2011 жылы Компанияда Іскерлік этика кодексі қабылданған, ол төрт бағыттағы іскерлік өзара қарым-қатынастарды реттеу стандарттарын біріктіреді: • Бизнес және кәсіби этика; • Ұйымдық этика; • Корпоративтік басқару; • Компанияның әлеуметтік жауапкершілігі. Іскерлік этика кодексі Компанияның барлық қызметкерлері жұмыс орнында бизнес этикасы принциптерін қолдану кезінде басшылыққа алатын ережелер мен принциптерден тұрады. Сондай-ақ, мүдделі тараптармен өзара жұмыс шаралар жоспары әзірленіп, қабылданған, оның негізінде Компания жыл сайын Жоспардың орындалуы бойынша есеп береді.
<b>Ашықтық</b> Компанияның қаржылық жағдайын, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, оның қызметіне қатысты барлық маңызды деректер туралы сенімді ақпаратты заңнамада және ішкі құжаттарда көзделген көлемде уақытында ашу, сондай-ақ, заңнамада және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен оны оңай қол жеткізілетін көпшілікке арналған дереккөздерге орналастыру арқылы барлық мүдделі тұлғаларға еркін қолжетімді болуын қамтамасыз ету. Аталмыш принцип Компанияның лауазымды тұлғаларының барынша ашықтығын қамтамасыз етеді.	Сақталады	Компанияның ашықтық принципін сақтау бойынша негізгі міндеттері: • Компанияға қатысы бар барлық маңызды мәселелер бойынша уақытылы ақпарат беру; • Компания туралы жария ақпараттың барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімді болуын қамтамасыз ету; • Компания мен мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынаста ашықтық пен сенім деңгейін арттыру; • Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіру; • Компанияның оң имиджін қалыптастыру.
<b>Қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік</b> Компания өз қызметі барысында қоршаған ортамен мұқият әрі ұқыпты қатынаста болуды қамтамасыз етеді және қоғам алдында әлеуметтік тұрғыдан жауапты.	Сақталады	«Севказэнерго» АҚ-нда Компанияның қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік салалары бойынша саясатын ретейтін экологиялық және әлеуметтік жұмыстар бойынша шаралар жоспары әзірленіп, қабылданған.
<b>Тиімділік</b> Компания Бас директоры мен оның Директорлар кеңесі Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің тұрақты өсуін, акционерлік меншіктің ұлғаюын, сондай-ақ, тиімді кадрлық саясатты белгілеуді, Компания қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды, еңбекті ынталандыру және әлеуметтік қамсыздандыруды, Компания қызметкерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін Компанияны парасатты әрі өділ басқаруға міндетті.	Сақталады	Корпоративтік басқару кодексінің тиімділік принципі Бас директор туралы ережемен реттеледі. Бас директор — Компанияның жеке атқарушы органы, ол ағымдағы қызметке басшылық етеді, Акционерлер мен Директорлар кеңесі айқындаған стратегияны жүзеге асырады. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаттары — ұзақмерзімді және жақсы ойластырылған перспективаға негізделген стратегияны қамтамасыз ету, Компания активтерін арттыру, оның тиімді қызметін жүзеге асыруды, акционерлердің заңды көзқарастары мен құқықтарын беруді қамтамасыз ету, атқарушы органға бақылау жүргізу болып табылады.
<b>Бақылауға алушылық</b> Компания акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін бақылау, Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен саясат пен рәсімдеріне сәйкес, жоғарыда тұрған басшылардың өздерінен кейін тұрған басшыларды бақылауы, сондай-ақ, тәуекелге бағытталған ішкі бақылаудың орнатылған тиімді жүйесімен қатар, ішкі және сыртқы аудиторлардың жұмыстарын тиімді пайдалану.	Сақталады	Акционерлердің құқықтары мен заңды көзқарастарын қорғау мақсатында Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне бақылау жасау «Севказэнерго» АҚ Бас директоры тарапынан ішкі құжаттарда қарастырылған талаптарға сәйкес жүргізіледі. Сондай-ақ, Компанияда Директорлар кеңесінің консультативті-ақпараттандырушы органы болып табылатын және «Севказэнерго» АҚ Директорлар кеңесіне қаржылық есептіліктің шынайылығы үшін және ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару үшін қабылданған шешімдер мен процесстерге мониторинг жасауға көмек көрсету мақсатымен құрылатын Аудит жөніндегі комитет жұмыс жасайды.



## Тәуекел-менеджмент



**СЕВКАЗЭНЕРГО**

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ тәуекелдерді басқару саласындағы негізгі мақсаттарына Топ қызметімен қатар жүретін оқиғалардың негативті ықпалын төмендету, сондай-ақ, оң мүмкіндіктерді жүзеге асыру жатады.

### **Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі**


Бұл мақсаттарға қол жеткізу үшін Компаниядағы тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ) тәуекелдерді бірегейлендіру, тиімді басқару және тұрақты түрде мониторинг жасауға бағытталған. Тәуекелдерді анықтау барлық деңгейде – өндірістік кәсіпорындар, құрылымдық бөлімшелер және Компаниялар тобы деңгейінде жүргізіледі.



Стратегиялық тәуекелдер	Қаржылық тәуекелдер	Операциялық тәуекелдер	Құқықтық тәуекелдер
Реттеу тәуекелдері	Пайыздық тәуекелдер	Технологиялық тәуекелдер	Заңнаманың бұзылуы
Инвестициялық тәуекелдер	Өтімділік тәуекелі	Сатып алу және қамту	Коррупциялық тәуекел және алаяқтық
Жобалық тәуекелдер	Кредиттік тәуекелдер	АТ және ақпараттық қауіпсіздік	Мүліктік тәуекелдер
Репутациялық тәуекелдер	Бағалық тәуекелдер	Төтенше жағдайлар	Коллекторлық тәуекелдер
Нарықтық тәуекелдер	Валюталық тәуекелдер	Кадрлық тәуекелдер	Реттеу тәуекелдері
Басқарушылық тәуекелдер	Басқарушылық тәуекелдер	Экологиялық тәуекелдер	Экологиялық тәуекелдер
Кредиттік тәуекелдер		Контрагенттермен өзара әрекет	Кадрлық тәуекелдер
		Коммерциялық тәуекелдер	Салықтық тәуекелдер
		Кәсіби тәуекелдер	
		Отын тәуекелдері	
		Репутациялық тәуекелдер	
		Өлеуметтік тәуекелдер	
		Мүліктік тәуекелдер	
		Басқарушылық тәуекелдер	

Тәуекелдер бірдейлендіріледі, бағаланады және бақыланады.

## ТБЖ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ



## ІШКІ БАҚЫЛАУ СТАНДАРТТАРЫ

Компанияда бірегей үздіксіз процеске біріккен саясаттар, процестер, процедуралар, тәртіп және әрекет нормаларының жиынтығын құрайтын Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) енгізілген. ІБЖ Директорлар кеңесі, барлық атқарушы органдар мен қызметкерлер жүзеге асыратын Компаниялар тобын басқару процесінің бөлігі болып табылады. ІБС Компания мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге және қызметті жүзеге асыру кезіндегі тәуекелдерді төмендетуге бағытталған.

Компанияда Ішкі бақылау жүйесінің үш деңгейі айқындалған:

Операциялық	Қаржылық	Сәйкестікті бақылау
Ресурстардың өнімділігін, рентабельділігін және сақталуын қоса алғанда, ұйымның негізгі бизнес мақсаттарына қолданады.	Аралық, қысқарған қаржылық есептер, сондай-ақ, есептен шығатын мәліметтерді (мәселен, табыс туралы мәліметтер) қоса алғанда, шынайы бұқаралық қаржылық есептілікті дайындауға жатады.	Ұйым қызметін реттейтін заңдар мен нормаларға сәйкестікті қамтамасыз етумен байланысты.

## ҚЫЗМЕТКЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕРГЕ ТАЛДАУ

Бекітілген тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес, Компанияның корпоративтік тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру нәтижесінде 2018 жылы Компания қызметіне айтарлықтай ықпал ететін 79 тәуекел анықталды.

№	Тәуекел	Факторлар	Тәуекел деңгейі	Өзгеріс	Тәуекел өзгерісінің сипаттамасы	Тәуекелді төмендету шаралары
<b>Стратегиялық тәуекелдер</b>						
1.	Электр қуаты және электр энергиясының теңгерімді нарығының енгізілуі	1. Электр қуаты және электр энергиясының теңгерімді нарығы заңнамасының жетімсіздігі. 2. Нақты тұтынымды белгілейтін толыққанды ЭКЕАЖ жүйесінің болмауы. 3. Тұтынушылардың қысым профилі бойынша статистиканың болмауы.	●	↘	Электр қуаты нарығының 2019 жылдан бастап енгізілуіне және шешілмеген сұрақтардың бар болуына байланысты тәуекел ірі аумаққа орын ауыстырды.	Аталған тәуекелді басқару аясында келесі шаралар жүзеге асырылуда: - Энергетика министрлігімен және ҚР Ұлтық экономика министрлігінің табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестік және тұтынушылар құқықтарын қорғау комитетімен Электр қуаты және электр энергиясының теңгерімді нарығы қызметінің ережелерін реттейтін заңнамалық құжаттарға ұсыныстар мен ескертпелер енгізу бойынша әріптестік; - Көтерме тұтынушылардың ЭКЕАЖ жүйесін дамыту; - Электр қуаты және электр энергиясының теңгерімді нарығында жұмыс істеу үшін БҚ енгізу; - Тәуелділік графиктерді беру бойынша тұтынушылармен жұмыс жүргізу; - Нақты тұтынушылардың тұтынымын ЭКЕАЖ жүйесінде бақылау.
2.	Өкілетті органның тарифті төмендетуі	1. Заңнаманың жетімсіздігі. 2. Заңнамадағы өзгерістер туралы Топтың жауапты қызметкерлерін уақытылы хабарландырмау.	●	↘	2018 жылы бірқатар ЕҰ-да өкілетті органның шешімімен жылу және электр энергиясын беру және тарату тарифтері төмендетіліп, бұл босату тарифтерінің төмендеуіне әкелді.	1. Топ мүдделерін қауымдастықтар мен қоғамдастықтар (Қазақстан электрэнергетикалық қауымдастығы, «Атамекен» Қазақстан кәсіпкерлерінің ұлттық палатасы) арқылы қорғау және дамыту. 2. Ұсыныстар беру және жұмыс комиссияларында жұмыс істеу арқылы нормативтік-құқықтық актілер (реттеуші сала) әзірлеуге қатысу.

<b>Операциялық тәуекелдер</b>						
1.	Жарақаттану/қайғылы оқиға	1. Жұмыс жүргізу кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша нормалар мен ережелердің технологиялық талаптарын жұмысшылардың бұзуы. 2. Жекелеген жұмысшылардың қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар мен талаптарын жеткілікті деңгейде білмеуі. 3. Жұмыстың қанағаттанарлық деңгейде ұйымдастырылмауы. 4. Қондырғылардың істен шығуы, өндірістегі апаттар.	●	↔	2018 жылы ауыр қайғылы оқиға орын алып, «Петропавл жылу желілері» ЖШС жұмысшысының өндірістік жарақат (электр тоғымен жарақаттану) алуы тіркелді.	Аталған тәуекелді басқару аясында өндірістік жарақаттануды төмендетуге бағытталған келесі шаралар жүзеге асырылуда: - қондырғылар, ғимараттар, құрылыстар және автотранспорттың техникалық жағдайына қатаң бақылау; - жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік техникасы жағдайына тұрақты бақылау жасау; - жұмысшыларды 100% арнайы киім мен жеке қорғаныс заттарымен қамтамасыз ету; - жұмысшыларды қауіпсіздік пен еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша оқыту және білімдерін тексеру; - орын алған қайғылы оқиғалардың болашақта қайталанбауы үшін оларды терең зерттеу және талдау. Мердігер ұйымдармен Топ нысандарында (аумағында) жұмыс жүргізу кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы сапасында өзара әрекет ету бойынша ішкі нормативті құжат әзірленуде.

2.	Жылу энергиясының нормативтен тыс шығындары	1. Жылу желілерінің жоғары тозу деңгейі. 2. Тұтынушылардың жылу желілеріне заңсыз қосылуы. 3. Жылу желілеріндегі жылу тасығыштарындағы шығындар (оның ішінде технологиялық ақаулармен және жылу желілерінің қанағаттанарлықсыз жағдайымен байланысты). 4. Пайдалы босатылым көлемінің өзгеруі (оның ішінде климат жағдайларымен байланысты).		2018 жылғы шығын көрсеткіштерін талдау 2017 жыл көрсеткіштерімен салыстырғанда жылу энергиясының нормативтен тыс шығындарының нақты көлемі аз ғана артқанын көрсетті. Бұл орташа сыртқы ауа температурасының төмендеуіне байланысты жылу энергиясының үлкен көлемінің желіге босатылуымен байланысты.	Аталған тәуекелді өлсірету аясында 2018 жылы бірқатар шара жүзеге асырылды, оның ішінде: - бекітілген жоспар-графикке сәйкес, жылу желілеріне күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу; - ППУ-құбыр өткізгіштерін қолданып жылу желілеріне қайта құру және жаңғырту жұмыстарын жүргізу; - режимдерді ауыстыру және реттеуді жүзеге асыру; - герметикалық еместігін анықтау үшін су жылыту құрылғыларына зерттеу жүргізу; - технологиялық ақауларды тексеру мақсатында жылу желілеріне инспекция жүргізу.
----	---------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------


**Қаржылық тәуекелдер**

1.	Контрагент банктерге қатысты кредиттік тәуекел	1. Кредиттік рейтингі төмен ЕДБ ақша қаражатын орналастыру. 2. Заңнамадағы өзгерістер. 3. Елдегі қаржылық-экономикалық ахуалдың нашарлауы.		Өзгерістер қазақстандық банк жүйесіндегі негативті процестермен байланысты: 2018 жыл ішіндегі кейбір ЕДБ-дегі қолайсыз сценарийлер (лицензияның тартып алынуы).	Аталған тәуекелді басқару аясында Топта келесі шаралар тұрақты түрде жүзеге асырылуда: - барлық депозиттер мен өзге қаражаттардың рейтингі В+-тен төмен емес банктерде орналастыру; - Рейтинг агенттіктерінен ақпарат алу, авторитетті қаржылық басылымдардың пікірлерін зерттеу жолымен ЕДБ қаржылық жағдайына мониторинг жасау.
2.	Шетелдік валюта қатынасында ұлттық валюта курсының өзгеруі	1. Макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруі. 2. Мұнай бағасының өзгеруі. 3. АҚШ долларының қуаттануына байланысты дамушы елдердегі валютаның (оның ішінде теңгенің) өлсіреуі. 4. Дамушы елдердің санкциялы саясатының қосымша ықпалы.		2018 жылдың басында теңге курсы 332,33/S1 деңгейінде болып, кейін ұлттық валюта бірте-бірте күшейіп, наурыз айының соңында өзінің осы жылдағы шекті көрсеткішіне (318,31/S1) жетті. Бұдан соң қыркүйек айының алғашқы онкүндігіне шейін теңге курсы өлсіреп, алайда кейін қысқа мерзімге қайта күшейіп отырды. 31 желтоқсанда курс жыл ішіндегі ең төменгі көрсеткішіне (384,2/S1) ие болды. Компанияның АҚШ долларында деноминацияланған айтарлықтай міндеттемелері бар, соған орай ұлттық валютаның бұлай төмендеуі Топтың жыл қорытындысындағы қаржылық көрсеткіштеріне айтарлықтай ықпал етті.	Компания валютаның айырбас курсының өзгерісіне, сондай-ақ, валюталық курстың өзгеруіне ықпал ететін өзге көрсеткіштерге (мұнай, шикізат және басқалардың бағасы) мониторинг жасайды. Аталған тәуекелді басқару үшін Компания өз қаражатын АҚШ доллары номинацияланбаған депозиттерде орналастыру жолымен табиғи хеджирлеу және ұзақмерзімді инвестициялық бағдарламалар тиімділігін мониторингілеу әдісін қолданады.

3.	Дебиторлық қарыздың өсуі	Жылу және электр энергиясын тұтынушылардың шарттық энергиямен қамту қызметіне төлем жасау бөлігі бойынша талаптарын орындамауы.		2018 жылы тұтынылған энергияға төлем жасаудың оң тренді байқалды. Осылайша 2018 жыл қорытындысы бойынша «Севказэнерго» ЖШС алдындағы жалпы дебиторлық қарыз көлемінің ішіндегі 3 айдан астам уақыт кешіктірілген дебиторлық қарыз үлесінің көрсеткіші жақсарды. Дегенмен тәуекел Компания үшін маңыздылығын жойған жоқ.	Аталған тәуекелді басқару аясында тұрақты негізде келесі шаралар жүзеге асырылуда: - Қарызды бөліп төлеу графиктері жасалуда. - Претензия-искті жұмыс жүргізілуде. - сот орындаушылармен бірге төлемнен жалтарушыларға рейдтер жүргізіліп, тізім жасалып, тұрмыстық техникалар мен автотранспорт тартып алынады. - Кәсіпорындар мекен-жайына жұмысшыларының коммуналдық қызмет бойынша қарыздары туралы ақпарат жолдануда. - борышкерлер мүлкіне арест қойылады. - борышкерлердің Қазақстан Республикасынан тыс аумаққа шығуы шектеледі. - борышкердің қаржылану көзінен қарызды өндіру ісі (еңбекақысынан және зейнетақы аударымдарынан ұстап қалу) жүргізіледі. - қарызды өндіру тәсілі өзгертіліп, соның негізінде борышкер мүлкіне (пәтерлер не автотранспорт) саудаға шығару үшін бағалау жүргізіледі.
----	--------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

**Құқықтық тәуекелдер**

1.	Қызметкерлер немесе үшінші тұлғалардың өз адал емес әрекеттерімен Компанияға шығын келтіруі	Жұмысшылардың және/немесе үшінші тұлғалардың топ активтеріне қатысты заңсыз іс-әрекеттерінің нәтижесінде топ мүддесіне сыртқы және ішкі қауіп төндіруі, ресурстарды тиімсіз, мақсатсыз пайдалану нәтижесінде шығын келтіруі.		2018 жылы Топқа үшінші тұлғалар тарапынан материалдық шығын келтіру деректері (қосалқы бөлшектер, материалдар және электр желілеріндегі электротехникалық жабдықтарды жымқыру) бірнеше мәрте тіркелді.	1. Аталған тәуекелді басқару аясында тұрақты негізде келесі шаралар жүзеге асырылуда: - жұмысшылар мен үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерін алаяқтық деректерге арнайы (қызметтік) тексеру жүргізу жолымен жиналған ақпаратқа талдау және бағалау жүргізу арқылы анықтау; 2. Коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекет етудің тиімді стратегиясын құру және енгізу, сондай-ақ, Топтың жұмысшылары мен басқарушы органдарында мұндай әрекеттерге негативті қарым-қатынасты қалыптастыру мақсатында Топта Директорлар кеңесі бекіткен Коррупция мен алаяқтыққа қарсы әрекет саясаты әрекет етеді.
----	---------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------



Тәуекелдерді басқару жұмыстарын Тәуекел менеджменті департаменті жүргізеді, ол Компанияның Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитетке есеп береді. Басқарманың жұмысы Директорлар кеңесі бір жылға бекіткен жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2018 жылы атқарылған жұмыстар	2019 жылға жоспарланған жұмыстар
Компания тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру	Компания тәуекелдер реестрі мен тәуекелдер картасын актуалдандыру
Топтың негізгі бөлімшелері мен басшы қызметкерлеріне арналған тәуекелдерді басқару саласы бойынша оқыту жүргізу.	Топтың негізгі бөлімшелері мен басшы қызметкерлеріне арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі саласы бойынша оқыту жүргізу.
Алаяқтық тәуекеліне бейім бизнес-процестер тізімін жаңарту.	Алаяқтық тәуекеліне бейім бизнес-процестер тізімін жаңарту.
Бизнес-процестердегі ІБС ұйымдастыруының тиімділігін талдау және тестілеу: - «Электр энергиясын тарату, тұтынуды есепке алу және энергобақылау процесін басқару»; - «Жылу энергиясын тарату, тұтынуды есепке алу және энергобақылау процесін басқару»; - Қызметкерлерді басқару; - Қызметкерлермен есеп айырысуды есепке алу.	Бизнес-процестердегі ІБС ұйымдастыруының тиімділігін талдау және тестілеу: - «Инвестициялық қызмет»; - «Қойма шаруашылығын басқару»; - «Техникалық қызмет көрсету және жөндеулерді басқару».

# Тұрақты даму



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ стратегиялық мақсаты – тұтынушыларға сапалы қызмет көрсету, халықаралық индустриялық және экологиялық стандарттарды сақтау, корпоративтік басқару деңгейін арттыру, жемқорлыққа қарсы бағытталған шараларды өткізу сынды жалпы қабылданған тұрақты даму принциптерін сақтайтын жетекші жеке энергетикалық компания құру болып табылады.

## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ЖҰМЫС

Тұрақты даму жүйесінің маңызды элементі – мүдделі тараптармен жұмыс болып табылады. Оларды анықтау және іріктеу принципі аймақтық аспекспен белгіленген. Компания қызметі өсер етуі мүмкін тараптар олардың Компанияның өндірістік белсенді аймақтарына қатыстылығымен айшықталады. 2018 жылы Компания SEP (Stakeholder Engagement Plan) есебін өзірледі. Есепті өзірлеу барысында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ менеджментіне жедел сұрау жүргізіліп, оның негізін-

де Компанияның мүдделі тараптарының рангтық картасы талданды. Бірінші кезекте Компанияның қызметіне айтарлықтай ықпал ететін мүдделі тараптармен, сондай-ақ, Компанияның өзіндік стратегиялық бастамаларын жүзеге асыруда ортамерзімдік перспективада ықпал ететіндермен өзара қызмет жолға қойылады. Одан бөлек, Компания қызметінің мүдделі тараптарға өсері де назарға алынды.

Компания мүдделі тараптармен келесі бағыттар бойынша диалог жүргізеді:

Әлеуметтік жауапкершілік	Қоршаған ортаны қорғау	Өндірістегі қауіпсіздік және еңбекті қорғау	Экономикалық қауіпсіздік
Қызметкерлер	Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)	Қызметкерлер	Акционерлер
Мемлекеттік билік органдары және қадағалаушы органдар	Мемлекеттік билік органдары және қадағалаушы органдар	Жеткізушілер, мердігерлер	Жергілікті қоғамдастықтар
Жергілікті қоғамдастықтар	Жергілікті қоғамдастықтар	Кәсіподақ	
Оқу орындары			

## АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ақпараттық саясаты корпоративтік ақпаратты тарату процесін, мақсатты аудитория ішінде Компанияның бірыңғай бейнесін қабылдауды басқаруға мүмкіндік беретін әрекеттер, шаралар және регламенттер кешенін құрайды.

Саясат ішкі және сыртқы ақпараттық жұмыстардан құралады. Сыртқы жұмыс Компанияның қызметі туралы қоғамдық есеп, хабарлама жариялау, құжаттар және өзге материалдарды беру жолымен ақпараттандыруға негізделеді. Ішкі жұмыс барлық жұмысшылардың оның ағымдағы жағдайы туралы ақпараттандыруға, корпоративтік ниеттестік, түрлі жұмысшылар мен құрылымдық бөлімшелердің корпоративтік ақпаратқа қолжетімділігін регламенттеуге бағытталған.

Ақпаратты ашудың негізгі міндеттері:

- Акциягерлер, инвесторлар, сондай-ақ, өзге мүдделі тараптардың Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне ықпал ететін салмақты шешім қабылдауға немесе өзге әрекеттер жасауға қажетті ақпарат, сондай-ақ, Компания қызметін толығырақ түсінуге мүмкіндік беретін өзге ақпарат алу тұрғысындағы заңды құқықтарын сақтау мақсатында Компанияға қатысты барлық маңызды мәселелер бойынша уақытылы ақпарат беру;
- Компания туралы бұқаралық ақпараттың барлық мүдделі тұлғаларға қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- Компания мен акционерлер, инвесторлар, нарық қатысушылары, мемлекеттік органдар және өзге

- мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастың ашықтық және сенімділік деңгейін арттыру;
- Компанияда корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- Компанияның оң имиджін қалыптастыру.

2018 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниялар тобы мүдделі тұлғаларды Компания және оның еншілес ұйымдарының корпоративтік сайттарын актуалдандыру, БАҚ және әлеуметтік желілерде ақпарат жариялау, сұрақтарға жауап беру, бұқаралық тыңдаулар, баспасөз турларын, «дөңгелек үстелдер» және өзге шаралар ұйымдастыру жолымен тұрақты түрде ақпараттандырып отырды.

2018 жылы Компанияда Еуропалық қайта құру және даму банкінің саясатына сәйкес Мүдделі тараптармен өзара қызмет жоспары (SEP) бойынша шаралар өткізілді. 2018 жылы БАҚ және әлеуметтік желілерде Компания қызметі туралы 1 874 материал жарияланды, 45 шара өткізілді, оның 27-сі – БАҚ қатысуымен. корпоративтік басылымның 34 шығарылымы жарық көрді.

Есептік жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қоғаммен байланыс қызметі спорттық, демеушілік, мерейтойлық, мерекелік, қалалық шараларды өзірлеуге, өткізуге және ақпараттық қолдау көрсетуге қатысты. Сондай-ақ, Компаниялар тобы кәсіпорындары үшін брошюра, буклет және стендтер өзірлеп, шығарды.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету процестері

НЕГІЗГІ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР	ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ ПРОЦЕСІ	ҚОЗҒАЛАТЫН БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР
Қызметкерлер	Ішкікорпоративтік газет және интернет-сайттар арқылы жүргізіледі. Қызметкерлерге арналған электронды пошта жәшіктері және сенім телефондары жұмыс істейді. Компания басшылығының қызметкерлерді қабылдауы жүргізіледі. Еңбек келіспеушіліктері келісім комиссиясында жұмыс беруші және жұмысшы өкілдерінің қатысуымен шешіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Еңбек және денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;</li> <li>• Қызметкерлерді Компания қызметі туралы ақпараттандыру;</li> <li>• Кәсіби дамуға атсалысу.</li> <li>• Әлеуметтік көмек және қолдау;</li> <li>• Ұжымдық шартты орындау.</li> </ul>
Жергілікті қоғамдастықтар, тұтынушылар	Компанияда тұтынушылар хабарламаларымен жұмыс жүйеленіп, кері байланыс жолға қойылған. Ол интернет-сайт пен электронды пошта арқылы жүзеге асырылады. Қоғамдық тыңдаулар, «дөңгелек үстелдер» және өзге де шаралар өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тариф өтінімдерін қарау, оларды монополиялық реттеуші қызмет түрлеріне бекіту;</li> <li>• Инвестициялық бағдарламаны орындау;</li> <li>• Тұтынушыларға көрсетілетін қызметтің сапа деңгейі, талаптардың орындалуына мониторинг.</li> </ul>
Мемлекеттік билік органдары және бақылаушы органдар	Мемлекеттік және бақылаушы органдардың хаттары өңделеді: кейбіріне жауап берілсе, кейбірі ақпараттандыру сипатына ие. Компания қызметкерлері салалық отырыстар мен жиналыстарға қатысады. Ресми делегациялардың кездесулері өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қала мен өңірге негативті әсер етуді азайту;</li> <li>• Жылу беру маусымына дайындықты қамтамасыз ету;</li> <li>• Инвестициялық міндеттемелерді орындау;</li> <li>• Заңнамаларды сақтау, оның ішінде экология және қоршаған орта талаптарын сақтау мәселелері бойынша.</li> </ul>
Жеткізушілер, мердігерлер, клиенттер	Тендерлер ұйымдастырылады және өткізіледі, мердігерлер мен клиенттермен кездесулер өткізіледі. Компания сайтында кері байланыс қамтамасыз етілген.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өзара тиімді әріптестікті қалыптастыру;</li> <li>• Тендер өткізуде ашықтықты қамтамасыз ету.</li> </ul>
Оқу орындары	Қызмет ету өңірлеріндегі ЖОО өкілдерімен кездесулер өткізіледі. Компания қызметкерлері емтихан комиссиялары, біліктілік комиссиялары, білім беру бағдарламаларын аккредиттеу процестеріне қатысады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Кәсіпорынға қызметкерлер таңдау;</li> <li>• Түлектерді тәжірибеден өткізу және қызметке орналастыру.</li> </ul>
Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)	Жыл сайын Компания пресс-тур, БАҚ-қа арналған брифинг, пресс-конференция, өткізіп, пресс-релиз таратады, ақпараттық сұрауларға жедел жауап береді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Әріптестікті қалыптастыру;</li> <li>• Активтерді жаңғырту мен жаңарту бойынша инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру туралы ақпараттандыру;</li> <li>• Экологиялық нормаларды орындау;</li> <li>• Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру.</li> </ul>
Үкіметтік емес ұйымдар (ҮЕҰ)	ҮЕҰ өкілдері жыл ішінде өткізілген пресс-тур және қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырылды. Компания қызметкерлері шағын және орта кәсіпкерлік өкілдерімен ашық кездесулерге қатысты. Әлеуметтік тұрғыдан аз қамтамасыз етілген топтарға қолдау көрсететін ҮЕҰ жетекшілерімен, тұтынушыларды қорғау қоғамдары өкілдерімен кездесу өткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Экологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешуге атсалысу.</li> </ul>
Кәсіподақ	Кәсіподақтармен өзара қызмет жұмыс барысында кездесулер ұйымдастырып, сұрауларды өңдеу арқылы жүргізіледі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұжымдық келісімшартты орындау;</li> <li>• Қызметкерлердің бос уақытын және демалысын ұйымдастыруға атсалысу.</li> </ul>
Акционерлер	Өзара әрекет акционерлердің жиналысын өткізу барысында жүзеге асады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Экономикалық тиімділік және қаржылық нәтижені өндіру;</li> <li>• Компания операциялық қызметінің барысында тұрақты даму принциптерін сақтау.</li> </ul>

### 2019 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

Ақпараттық саясатты жүзеге асыру аясында Компания қызметіндегі барлық маңызды деректер туралы ақпаратты уақытылы және тұрақты түрде ашып көрсетуге бағытталған жұмысты ары қарай жалғастыру көзделіп отыр. Оның ішінде:

- Маңызды тақырыптар бойынша тұтынушыларға ақпараттық-түсіндірме жұмысын жүргізу;
- Компаниялар тобы ішінде коммуникациялық каналдарды дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- Сыртқы аудиториямен коммуникациялық каналдарды дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- ішкі оқыту/тәжірибе алмасуды дамыту.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУДІ БАСҚАРУ

Қоршаған ортаны қорғау (ҚОҚ), қызметтің табиғат қорғау және энерготиімділік көрсеткіштерін тұрақты түрде жақсарту – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі және қызмет тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды элементі болып табылады.

2018 жыл көрсеткіштері:

Өндірілген электр энергиясы, млн кВт-с	Өндірілген жылу энергиясы, Гкал	Жұмсалған көмір, тонна	Жұмсалған мазут, тонна
3 211,108	1 892,814	2 735 499	2 339

Қоршаған ортаға (ҚО) ықпал етуді азайту мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес болу және ғылым мен техниканың ең жаңа жетістіктерін қолдану мақсатында Компанияның даму стратегиясында қарастырылған экологиялық саясатты жүзеге асырады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ экологиялық қызметінің басым бағыттары қоршаған ортаға тигізетін ықпалына негізделеді. Мұндай ықпал етулерге келесілер жатады:

- ластаушы заттардың атмосфераға шығарылуы;
- парник газдарының атмосфераға шығарылуы (CO<sub>2</sub>);
- су тұтыну есебінен су нысандарына ықпал ету;
- өндірістік қалдықтарды орналастыру.

Басты экологиялық аспектерді басқару экологиялық көрсеткіштерге тұрақты түрде мониторинг жүргізу және қызметтің заңнамалық пен корпоративтік талаптарға сәйкестігін бағалау барысында жүзеге асырылады. Еншілес компаниялардың аталған экологиялық ықпал етулерін бақылау, есепке алу және талдауды қамтамасыз ету функциялары «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қоршаған ортаны қорғау бойынша жауапты тұлғаларына жүктелген.

## АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ

Ауаға шығарылымдар негізгі экологиялық ықпал етулердің бірі болып табылады. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ шығарылымдарын төмендетуге негізгі ықпал ескірген, энергетикалық және экологиялық тиімділігі төмен өндірістік нысандарды ҚОҚ саласы бойынша заманауи талаптарға жауап беретін жаңа қуаттылықтармен ауыстыру есебінен орын алады. Экологиялық параметрлерді жетілдіру мақсатында «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2009-2014 жылдары инвестициялық бағдарлама аясында станцияның барлық қазандықтарында күл аулағыш қондырғыларды (КАҚ) қайта құрып, эмульга-

торларды орнату нәтижесінде кәсіпорын шығындарын төмендетуді қамтамасыз етті. Эмульгаторларды орнатудан кейін түтін газдарын тазалау коэффициенті 95,9% орнына 99,5%-ға жетті. Бұл шара көмір күлі шығарылымдарының жалпы жылдық көлемін 2009 жылғы 19 336 тоннадан 2018 жылы 5 546 тоннаға төмендетуге мүмкіндік берді. 2008 жыл соңынан 2018 жылға дейін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындары бойынша атмосфераға бөлінетін зиянды заттар шығарылымдарының жалпы көлемі 12%-ға төмендеді.

Одан бөлек, Компания мердігер ұйымдарды қолданылатын заңнамалық және нормативтік талаптар туралы оларды келісімшарттарға, техникалық шарттарға және мердігерлерге қойылатын талаптарға қосу жолымен ақпараттандырады.


«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ негативті экологиялық ықпал етудің алдын алуға мүмкіндігінше жұмыс жасап, ISO 14001 халықаралық стандартына сәйкес келетін жұмыс тәсілдерін енгізуге ниетті.

2009 жылдан бері Инвестициялық бағдарлама аясында және Еуропалық қайта құру және даму банкінің саясатына сәйкес, Компания ЕҚДБ қаржыландыратын жобалар бойынша ҚОҚ қатысты Экологиялық және өлеуметтік қызмет жоспарын (ESAP) жүзеге асырады.


Өндіріс көлемінің төмендеуіне, тиісінше жанған отын (көмір, мазут) санының жоғарылауына орай, жылу және электр энергиясы өндірісімен байланысты азот қышқылы (NOx) және күкірт қышқылы (SOx) шығарылымдарының жалпы және бөлшек көрсеткіштері 2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда сәл артты (жалпы күл бойынша 5,8%-ға, SOx бойынша 7,4%-ға (т/жыл), бөлшек шығарылымдар күл бойынша 1,95%-ға, SOx бойынша 3,61%-ға артты).



### 2012-2018 жж. Ластаушы заттардың атмосфераға жалпы шығарылымы, мың тонна



### 2012-2018 жж. Ластаушы заттардың атмосфераға бөлшек шығарылымы, мг/МВт-с



## ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЫҚПАЛ ЕТУДІ ТӨМЕНДЕТУ, ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

2018 жылы қоршаған ортаға ықпал ету деңгейін төмендетуге бағытталған келесі негізгі шаралар жүзеге асырылды:

- Нақты уақыт режиміндегі автоматтандырылған өндірістік экологиялық мониторинг станцияларының қызметін қамтамасыз ету;
- шығарылымдар көздерінен берілетін газдарда ластаушы заттарды тиімді тазалауды, жоюды, бейтараптандыруды, басуды, залалсыздандыруды қамтамасыз ететін қазандық агрегаттардың қызу беткі қабатын қалпына келтіру;
- күл аулау құрылғылары, ауа өткізгіштері, газ өткізгіштерінің ескірген элементтеріне жөндеу жүргізу;
- гидрокүлжю жүйелерін, өндірістік мақсаттағы айналымдық жүйелерді, қайта пайдаланылған су

жүйесін, су ресурстарының ластануы мен жоғаруына жол бермейтін жүйелерді жаңғырту бойынша жұмыстар;

- жерді қайтару және оларды ғаруашылық айналымға уақытылы тарту мақсатында №3 күл үйіндісін рекултивациялау;
- №2 күл үйіндісі 3-секциясының бөгеттерін биіктету жұмыстары;
- желді ауа райы жағдайында қолданыстағы күл үйіндісінде шаңдануды төмендету;
- кәсіпорын қызметі барысында пайда болатын қалдықтарды қоймалау орнын ұйымдастыру, қалыптасқан қалдықтарды ҚТҚ полигонына уақытылы шығару.

## ПАРНИК ГАЗДАРЫНЫҢ ШЫҒАРЫЛЫМЫ (CO<sub>2</sub>)

2009 жылы Киот хаттамасы Қазақстан Республикасында күшіне енгеннен кейін Компания парник газдары шығарылымын түгелдей жүргізуге және озон бұзушы заттарды тұтынуға дайындық бойынша жұмыс ұйымдастырылды. Парник газдарына мониторинг жасау үшін басқарушы нормативті құжаттарға сәйкес, қалыпты (тұрақты) өндірістік қызметтен, арнаулы тәжірибеден (пуск-реттеу жұмыстары, үдерісті тоқтату, жөндеу және техникалық қызмет көрсету) және апаттық жағдайлардан шығарылымдар есебін қамтамасыз ететін есеп тәсілі қолданылды. Парник газдары шығарылымдарын есептеу басқарушы нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілді.


2016 жылы Еуропалық қайта құру және даму банкі, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі және «ОАЭК» АҚ арасында «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында Петропавлда жылумен қамту жүйелерін жаңғырту бойынша жобаларды

жүзеге асыру туралы ұшжақты келісімшартқа қол қойылды. Аталған келісімшарт аясында Петропавл қаласының жылумен қамту жүйелерін жаңғыртуға 12,01 млрд теңге бағытталды. Жаңғырту жобалары энергия пайдалану тиімділігін арттыруға, шығындарды азайтуға және экологиялық стандарттарды жақсартуға бағытталған (желілер бойынша беру кезінде жылу шығандарының азаюымен байланысты көмір шығынын үнемдеу есебінен CO<sub>2</sub> шығарылымдарын азайту).


2018 жылы парник газдары шығарылымдарының жалпы көлемі 2017 жылмен салыстырғанда артып (6%), 4 275 438 тонна CO<sub>2</sub> құраса, ол жағылған отын (көмір, мазут) санының артуымен байланысты. Жылу және электр энергиясын өндірумен байланысты парник газдары шығарылымдарының бөлшек көрсеткіштері де 2018 жылы кішкене жоғарылауды көрсетті.



**2012-2018 жж. CO<sub>2</sub> жалпы шығарылымы**



**2012-2018 жж өндірілген энергияның бірлігіне CO<sub>2</sub> бөлшек шығарылымы, тонна/МВт·с**



**ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ ШЫҒЫНДАРЫ**



ҚОҚ саласындағы қызмет тиімділігін арттыру үшін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ табиғат қорғау қызметін қаржыландыруды жүзеге асырады. Шығындардың жалпы сомасы 2018 жылы 781 760,518 мың теңгені құрады. Құрылыс және қайта құру бойынша жаңа жобалардың бәріне ҚОҚ мәселелеріне арналған «Қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау» (ҚОЫБ) жобасы өзірленеді. Оның материалдары жергілікті қоғамдастықтар мен мүдделі топтардың назарына қоғамдық тыңдау түрінде жеткізіледі. Қазақстан Республикасы экологиялық стандарттарына сәйкестікті растау үшін барлық жобалар ҚОҚ саласы бойынша аймақтық бақылау органдарында мемлекеттік экологиялық сараптаудан өтеді.

2018 жылғы табиғат қорғау шаралары шығындары

Шығындар атауы	Шығындар сомасы, млн теңге					
	2013	2014	2015	2016	2017	2018
<b>«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ</b>						
Инвестициялық шығындар	2 999,9	2 911,7	3 000,0	4 348,9	434,4	366,7
Табиғат қорғау мақсатындағы негізгі қорларды күрделі жөндеу шығындары	259,5	212,9	131,5	27,6	152,1	200,6
Ағымдағы шығындар	29,9	237,7	292,9	189,9	182,8	214,5

**2018 жылғы табиғат қорғау шаралары шығындарының құрылымы:**

- Атмосфералық ауаны қорғау – 253 158,703 мың теңге;
- Су ресурстарын қорғау – 32 680,711 мың теңге;
- Жерді қорғау және рационалды пайдалану – 467 607,681 мың теңге;
- Қалдықтарды жою – 10 378,272 мың теңге;
- Өзге шығындар – 17 935,151 тыс. теңге.

**ҚОРЫТЫНДЫ 781 760,518 мың теңге.**

Компания қызметінің жалпы құрамдас бөлігі ҚОҚ және энергетика саласындағы заңнама талаптарын сақтау болып табылады. 2018 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» АММ тарапынан үш тексеру жүргізілді: бір жоспарлы, екі жоспардан тыс/тақырыптық. Жүргізілген тексерулер нәтижесінде өкімшілік айыппұлдар тағылып, жалпы сомасы 2 324,554 мың теңге көлемінде шығын келді.

**СУ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ СУ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ**

Су ресурстарын қолдану кәсіпорындардың өндірістік үдерістерінің негізгі бөлігі болып табылады және қондырғыларды салқындату үдерісінде маңызды роль ойнайды. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ықпал ететін негізгі су нысандары Солтүстік Қазақстан облысындағы (Петропавл қаласы) Ишим өзені мен Большое Белое көлі болып табылады.

сандық көрсеткіштерді қалыптастыру сипатымен негізделген.

Су қолдануды басқарудың негізгі мақсаты – суды тиімді пайдалану, ол қоршаған ортаға негативті ықпал етуді төмендетеді. Кәсіпорында ауыз сумен қамту, ағын және коммуналдық-тұрмыстық көріз жүйелері бар. Шаруашылық-тұрмыстық, ауыз су, өрт қажеттіліктеріне су әкелу және су өкету жүйелері келісім бойынша қалалық су жүргізу және көріз жүйелері есебінен орталықтандырылып жүргізіледі. Өндірістік сумен қамту жүйесі – айналымды.

Кәсіпорын үздіксіз жұмыс жасаған уақытта қоршаған ортаға тигізілетін зиянды азайтуды қамтамасыз ету үшін «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ зертханасында судың гидрохимиялық көрсеткіштеріне және су нысандарына өндірістік мониторинг ұйымдастырылды. Судағы тиісті ластаушы заттарды бақылау Ишим өзені, Большое Белое көлі су нысандары үшін судың гидрохимиялық көрсеткіш ерекшеліктерімен, олардың маусымдық және жыл ішіндегі өзгерістерімен, сондай-ақ, жабық су қоймасы (салқындатқыш) жағдайындағы сапалық және

2018 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ сумен қамту мақсатында 153 974,4 мың м<sup>3</sup> су қолданды. Өндірістік мақсатта қолданылатын барлық су тұщы болып табылады. Өзге су көздері қолданылмайды.

Көздерге бөлгендегі қолданылған судың жалпы саны, мың м<sup>3</sup>

Көрсеткіш	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Барлық қолданылған су, оның ішінде:	13 403,858	11 690,468	11 158,997	13 591,0	157 598,8	153 974,4
Беткі су нысандарынан	14 308,827	11 561,703	11 032,316	13 462,6	157 469,7	153 828,5
Сыртқы жеткізушілерден	116,061	128,765	126,681	128,4	129,1	145,9
Жерасты су нысандарынан	-	-	-	-	-	-
Айналымды сумен қамту жүйелерінен	0	0	0	0	19 606,9	20 331,6
Суды қайталама қолдану жүйесінен	0	0	0	2 418,6	146 695,4	145 381,6

Ағын су өкету көлемі, мың м<sup>3</sup>

Көрсеткіш	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Пайда болған барлық ағын су	116,061	128,765	126,681	128,4	129,1	151,2
Сыртқы ұйымдармен әкетілді	116,061	128,765	126,681	128,4	129,1	145,9

2018 жылы жүзеге асырылған су қолдану және су өткізу саласындағы маңызды табиғат қорғау жұмыстарының ішінде келесілерді атап өтуге болады:

- өндірістік мақсаттағы айналымды сумен қамту жүйесін, қайта қолданылатын суды, су ресурстарының ластануы мен сарқылуын болдырмайтын жүйені жаңғырту, нақты айтқанда: «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ТА №1-7 май бактарын, бактардың торларын тазалау; ТА №2,3,6,7 МОУ фильтрлерін тазалау және жөндеу; 5Д,2Г,4В,2Б,5Е,3А,6Б май салқындатқыштарын тазалау, ТА №1-7 май тазалау қондырғыларына техникалық қызмет көрсету;
- орталық сорғы станциясында №2,3,4 айналмалы торлары жөнделді, №1,2 артезиан сорғыларына, жағалық сорғы станциясының №1,2,3 дренажды сорғыларына және орталық сорғы станциясының №2,4 сорғыларына ағымдағы жөндеу жүргізілді, №2 сорғы мен №1,2,3,4,5 циркулярлы сорғыларына техникалық қызмет көрсетіліп, №5 циркулярлы сорғы күрделі жөндеуден өтті, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ағынды арнасы тазаланды;
- ОСС №3,5 аванкамераларының суасты бөлігіне тексеру жүргізілді, Большое Белое көлінің құбыр өткізгішінің суасты бөлігіне зерттеу жүргізілді;
- судың сандық-сапалық сипаттамаларына мониторинг (бекітілген графикке сәйкес суға талдау жүргізілді);
- жіберілетін судың сапалық құрамының жақсаруын қамтамасыз ететін шараларды ұйымдастыру, тазалау құрылғыларының тиімділігін арттыру («Рубеж-45» маркалы үнемі қалқып тұратын бонды қоршауларды тазалау жүргізілді).



## ӨНДІРІС ҚАЛДЫҚТАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ЖОЮ

Барлық қалдық көлемінің 99%-н құрайтын күл-қож қалдықтары жазық типті арнайы жасақталған гидротехникалық құрылғы – күл үйінділерінде қоймаланады. Күл-қож қалдықтарын қоймалауға арналған жаңа орынды құру кезінде Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамаларын сақтау қоршаған ортаны өндірістің күл-қож қалдықтарымен ластануын болдырмайды және ЖЭО қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді.

Компания өндірістік қызметінің нәтижесінде пайда болатын басқа қалдық түрлері өз қызметін республика аумағында жүзеге асыратын арнаулы ұйымдарға қайта өңдеуге, жоюға және соңғы орналастыруға беріледі. Жер қыртысын өндірістік қалдықтардан қорғау бойынша ең маңызды шаралардың бірі – қалдықтарды уақытша сақтау және жою талаптарын сақтау болып табылады.

Кәсіпорында 2018 жылы қалыптасқан қалдық көлемі – 1 144 445,482 тонна, оның ішінде күл-қож қалдықтары

- 1 142 932,713 тонна, өнеркәсіптік және коммуналдық қалдықтар - 1 512,769 тонна. 2017 жылмен салыстырғанда қалыптасқан қалдықтар көлемінің 43 563,61 тоннаға өсуі қауіптің «жасыл» тізіміне жататын күл-қож қалдықтары үлесінің өсуімен байланысты. Ол бірінші кезекте «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ отын балансындағы көмір шығыны үлесінің артуынан туындаған.

2018 жылы атқарылған қалдықтармен жұмыс бойынша ең айтулы шаралар күл-қож үйінділері мен өзге қалдық орналастыру нысандарының өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздігін арттыруға бағытталған:

- №3 күл үйіндісін рекультивациялау («СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ);
- №2 күл үйіндісінің №3 секциясы бөгетін биіктету;
- энергоньсандарды қайта құру және салу барысында пайда болатын қалдықтарды қоймалау орындарын ұйымдастыру (алаңдарды жасақтау, контейнерлерді орнату).

Қалыптасқан қалдықтардың жалпы массасы, мың тонна

Көрсеткіш	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Күл-қож қалдықтары	1 024 094,401	1 022 074,027	1 028 964,208	1 134 195,800	1 094 293,674	1 142 932,713
Қалдықтардың өзге түрлері	2 828,060	2 941,842	6 685,315	1 255,292	6 588,198	1 512,769

Қауіптілік деңгейіне бөлгендегі қалдықтар, мың тонна

Көрсеткіш	2013	2014	2015	2016	2017	2018
Қалыптасқан қалдықтар:	1 026 922,461	1 025 015,869	1 035 649,523	1 135 451,092	1 100 881,872	1 144 445,482
Жасыл тізім	1 026 910,116	1 025 005,363	1 035 635,746	1 135 415,684	1 100 841,028	1 144 406,423
Янтарь тізім	12,345	10,506	13,777	35,408	40,844	39,058
Қызыл тізім	-	-	-	-	0	0

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Солтүстік Қазақстан облысында алғашқылардың бірі болып ISO 14001 сериялы халықаралық экологиялық стандарттарға сәйкестік сертификатын алды.

ISO 14001 сериялы стандарттарға сәйкес өзірленген, сәтті жүзеге асырылып жатқан және сертификатталған экологиялық менеджмент жүйесінің болуы Компанияның бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне, акциялардың нарықтық бағасының артуына, сыртқы мүдделі тараптармен қарым-қатынаста оң имидж қалыптастыруға негіз болатын ҚОҚ саласындағы жүйелі, тиімді жұмыстың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Есептік кезеңде TÜV Rheinland Inter Cert компаниясы (тәуелсіз сараптама және сертификация саласының үздігі) «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ еншілес кәсіпорындарының ISO 14001 (Экологиялық менеджмент жүйесі), ISO 9001 (Сапа менеджменті жүйесі), OHSAS 18001 (Кәсіби қауіпсіздік және денсаулық менеджментінің жүйесі) халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестікке бақылау және қайта сертификаттау аудитін жүргізді. Нәтижесінде менеджменттің біріктірілген жүйесі (МБЖ) сертификаты беріліп, оның жұмыс қабілеттілігі, нәтижелілігі және жақсаруға бағытталғаны расталды.

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІН ҚОҒАМДЫҚ БАҒАЛАУ

2018 жылы экологиялық жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілген жоқ.



### 2019 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

2019 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-ның қоршаған ортаға негативті ықпал етуді төмендетуге бағытталған экологиялық қызметі жалғасатын болады.

Инвестициялық бағдарлама аясында өндіріс нысандарын одан өрі жаңғырту, табиғат қорғау шаралары жоспарын орындау, әлемдік экологиялық стандарттарға сәйкестікті растау жоспарланып отыр.

Табиғат қорғау шаралары жоспарына сәйкес, 2019 жылға жалпы сомасы 1 041 121 мың теңгені құрайтын 13 табиғат қорғау шараларын жүзеге асыру жоспарланған. Олар:

- Нақты уақыт режиміндегі өндірістік экологиялық мониторингтің автоматтандырылған станциялары қызметін қамтамасыз ету;
- Шығарылым көздерінен шығатын газдардағы ластаушы заттарды тиімді тазалау, жою, бейтараптандыру, басу және зарарсыздандыруды қамтамасыз ететін қазандық агрегаттардың қыздыру қабатын қалпына келтіру;
- Күл аулаушы құрылғылар, ауа өткізгіштері және газ өткізгіштерінің ескірген элементтерін жөндеу;
- Желді ауа райы жағдайында қолданыстағы күл үйіндісінде шаңдануды төмендету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- Сумен қамту жүйелерін: гидрокүлжою жүйесін, өндірістік мақсаттағы суды қайта пайдалану айналымды жүйесін, су ресурстарының ластануын және таусылуын болдырмайтын жүйені жаңғырту;
- Жерді қайтару және оны уақытылы шаруашылық айналымға салу мақсатында мүмкіндігін таусқан күл үйіндісін рекультивациялау;
- №2 күл үйіндісінің қоршау бөгеттерін биіктету;
- Әкімшілік-аумақтық бірлік аумағын көктету және қолайландыру;
- Кәсіпорын қызметі барысында қалыптасатын қалдықтарды қоймалау орындарын ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізу, қалыптасқан қалдықтарды ҚТҚ полигонына шығаруды ұйымдастыру;
- Экологиялық жобаларды өзірлеу;
- Кәсіпорын қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу бойынша жұмыстарды жүргізу: жылына екі мәрте, қазаннан наурызға дейін станцияның жоғарғы қысымды негізгі көздерінде жүзеге асатын, ПДВ нормативтерінің сақталуын бақылау;
- Қоғамдастықтарды кәсіпорын қызметінің қоршаған ортаға тигізетін ықпалы туралы ақпараттандыру;
- ҚР экологиялық баспасөзіне жазылу.



## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ САЯСАТЫ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлерді басқару саясаты Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және қамтамасыз етуге бағытталған қызметкерлермен өзара жұмыс жүйесі болып табылады.


«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ қызметкерлерді басқару саясатының мақсаты – қызметкерлер мүмкіндігін толық ашудың барлық мүмкіндіктерін беретін тиімді корпо-

ративтік басқару жүйесі бар компания құру. Компания қызметкерлерді басқару саласындағы саясатын түрлі деңгейдегі кәсіби қызметкерлерді тарту, жоғары кәсіби қызметкерлерді ұстап қалу, қызметкерлерді үздіксіз кәсіби оқыту және дамыту, жас қызметкерлердің кәсіби өсуіне мүмкіндіктер беру, кадрлық резервті құру және дарындарды басқару жолымен бекемдеу болып табылады.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Компания қызметкерлерінің сандық құрамы 2018 жылдың 31 желтоқсаны бойынша 2 561 адамды құрады, қызметкерлер санының 2017 жылмен салыстырғанда 0,6%, 2016 жылмен салыстырғанда 0,8 % -ға төмен. Көрсеткіштің төмендеуі штаттың толық қамтылмауымен және қызметкерлер тұрақсыздығының артуымен байланысты.

### Сандық құрамның өзгеру динамикасы, адам



«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындары бойынша 2018 жылы сандық құрамның бөлінісі

Компания атауы	Қызметкерлер саны
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	843
«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ	1 207
«Петропавл жылу желілері» ЖШС	281
«Севказэнергообит» ЖШС	230
<b>Барлығы:</b>	<b>2 561</b>

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНАТЫ МЕН ЖЫНЫСТЫҚ ҚҰРАМЫ

Компания қызметкерлерінің жынысы бойынша құрылымының ара қатынасы ерлердің 64,2% жоғары үлесімен сипатталады. Өндіріс қызметкерлері негізінен «жұмысшылар» санатынан тұрады, оның 74,1% пайызын ерлер құрайды.

«Басшылар» санатындағы қызметкерлердің үлесі 2018 жылы қызметкерлердің барлық санының 14,3% құрады, бұл оңтайлы көрсеткіш болып табылады.


Қызметкерлер санаты	Барлығы		Олардың ішінде:			
	адам	%	ерлер		әйелдер	
			адам	%	адам	%
Саны	2 571	100,0	1 663	64,7	908	35,3
Басшылар	370	14,4	268	72,4	102	27,6
Мамандар/қызметкерлер	718	27,9	326	45,4	392	54,6
Жұмысшылар	1 483	57,7	1 069	72,1	414	27,9

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАСЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ

Компания қызметкерлерінің жас құрамы кәсіби еңбек өнімділігі жоғары қызметкерлер үлесінің жоғары деңгейімен сипатталады. 40 жасқа дейінгі қызметкерлер саны барлық қызметкерлердің 57,4% құрайды. 60 жастан асқан қызметкерлер үлесі – 4,9%.

Қызметкерлерді басқару саясатын жүзеге асыру аясында Компанияда кәсіби білім мен білікті беру және ізбасарлықты қамтамасыз ету мақсатында жас мамандар мен тәжірибелі, жоғары білікті қызметкерлердің оңтайлы қатынасына қол жеткізу үшін түрлі деңгейдегі кәсіби қызметкерлерді тарту, ұстап қалу, сапалы жоспарлау және бастамашыл жас мамандардың кәсіби өсуіне мүмкіндіктер жасауға бағытталған шаралар қолға алынған.

### Жұмысшылардың жас құрамы



## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІМ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ

Жалпы Компания бойынша 2018 жылы жалпы орта, жоғары, техникалық/кәсіби білімді жұмысшылар саны 2017 жылғы деңгейде болды.

2017 жылы сырттай оқу формасында 16 қызметкер жоғары білім алса, оның ішінде 10 қызметкер – кәсіпорын саласы бойынша білім алды, ал 26 қызметкер техникалық/кәсіби білім алса, оның ішінде 21 қызметкер – кәсіпорын саласы бойынша білім алды. 4.0-ден кем емес орташа балмен оқуын аяқтаған 17 жұмысшыға оқу орнын сәтті аяқтағаны үшін бонус төленді. 91 жұмысшы ЖОО-нда энергетика профилі бойынша ЖОО-нда және техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында білім алуды жалғастырып жатыр.

## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Компанияның оқыту және дамыту жүйесі келесі бағыттарды қарастырады:

- Міндетті, нормативті оқыту;
- Басқарушылық компетенцияларды дамыту;
- Кәсіби компетенцияларды дамыту.

2018 жылы барлық қызметкерлердің 83,7%-ын құрайтын 2 144 адам оқытудан өтсе, оның ішінде 62,6% құрайтын 1 604 адам еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі саласы бойынша міндетті оқудан өтті.


Қызмет тиімділігін арттырып, қауіпсіз еңбек жағдайларын орнату үшін Компания кәсіпорындарында корпоративтік форматта және жеке даму жоспары бойынша оқытулар жүргізіледі.

2018 жылы Компания қызметкерлерінің кәсіби профилін кеңейту мақсатында қосып атқарушылық (аралас) мамандықтарға 448 адам оқытылды.



## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ

### Тұрақсыздық коэффициенті




2018 жылы тұтас компания бойынша қызметкерлердің тұрақсыздығы 11,6% құрап, 2017 жылмен салыстырғанда 1,8%-ға артты. Тұрақсыздықтың өсуіне Компанияда жүзеге асырылатын келесі шаралар ықпал етті:

- қызметкерлердің Қазақстаннан тыс аумаққа көші-қоны (РФ);
- қызметкерлердің Қазақстан ішінде көші-қоны;
- еңбекақы көлеміне қанағаттанбаушылық;
- денсаулық жағдайына байланысты.

#### Аталған көрсеткішті жақсарту үшін Компанияда келесі шаралар жүзеге асырылады:

- тәлімгерлік институтын дамыту және жас мамандарды қолдау жүйесі;
- компания есебінен оқыту, біліктілік көтеру және корпоративтік тренингтерді ұйымдастыру;
- қызметкерлерді материалдық және материалдық емес ынталандыру.

### Қабылдау бойынша айналым коэффициенті, %



Компанияның жалпы 2016-2018 жылғы динамикасында қызметкерлерді қабылдау бойынша айналым коэффициентінің өсімі байқалады. Бұл ретте жұмыстан шыққан қызметкерлер саны жұмысқа тұрғандар санынан басым, бұл қызметкерлер тұрақсыздығының артуымен байланысты.

## КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВ

Түрлі деңгейдегі басқарушылық лауазымдарды толтыру үшін қажетті резервті қалыптастыру мақсатында 2018 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» компаниялар тобында 158 басшыдан құралған жоғарғы, орта және бастапқы басшылық буындарының кадрлық резерві қалыптасқан. Кадрлық резервті дамыту – өзіндік оқу орындарында оқыту, біліктілік арттыру, тәлімгерлік алу, басқарушылық функцияларды атқару, уақытша

ауыстыруды қамтитын жеке кәсіби және ұйымдастырушылық-басқарушылық бағдарламаға негізделеді. 2018 жыл ішінде кадрлық резервте тұрған қызметкерлердің 9-ы басқарушылық қызметке ауыстырылды. Компанияда сыртқы резервті қалыптастыру, оның ішінде оқу орындары түлектерінен құралған резервті қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

## ЖАС МАМАНДАРДЫ ТАРТУ

PROFENERGY жобасы аясында 2018 жылы жас мамандарды қолдау және қызметкерлердің білім деңгейін дамыту және арттыру бағдарламасын жүзеге асыру жалғасын тапты. Бұл бағыт аясында келесі шаралар жүзеге асырылды:

- 1.«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ атаулы корпоративтік шәкіртақысын алуға ғылыми жұмыстар конкурсы ұйымдастырылып және өткізіліп, оның қорытындысы бойынша бір жеңімпаз анықталды. Ол – «Электрмен қамту» мамандығы бойынша білім алатын Петропавл теміржол транспорты колледжінің студенті.
- 2.Жазғы каникул уақытына 12 студент жұмысқа орналастырылды.
- 3.151 студентке кәсіби тәжірибе ұйымдастырылып, олардың 8-і ақы төленетін тәжірибеге қабылданып, білім туралы дипломды қолына алғаннан кейін Компанияға жұмысқа орналасу жөнінде келісімге қол қойды.


4.Компания қызметкерлері емтихан қабылдау және диплом жұмыстарын қорғау бойынша емтихан комиссиясы мен мемлекеттік аттестациялық комиссия құрамына қатысты.

СҚО Кәсіпкерлер палатасымен бірге «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобының 51 тәлімгеріне «Жұмыс орнындағы оқыту педагогикасы» тақырыбында біліктілік арттыру курсы өткізілді.

2017 жылы Компанияның өндірістік нысандарына 18 экскурсия жүргізілді.

Компания кәсіпорындарына 2018 жылы 79 жас маман жұмысқа алынса, олардың ішінде 30 адам – колледж және ЖОО түлектері болды.

## «СЕВКАЗЭНЕРГО» ТОБЫ КӘСІПОРЫНДАРЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ ОРТАША ТАБЫСТЫҢ АРТУ ДЕҢГЕЙІ



## ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

Компаниядағы ынталандыру мен марапаттау жүйесінің мақсаты – Компанияның өз міндеті мен бизнес-мақсаттарына аз шығынмен қол жеткізуіне жұмыс жасайтын қызметкерлерді тарту, ұстап қалу және ынталандыру болып табылады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» тобы кәсіпорындары бойынша 2018 жылғы орташа табыс 2017 жылмен салыстырғанда 10,4%-ға артса, 2016 жылмен салыстырғанда 13,5%-ға көбейді.

## МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС ЫНТАЛАНДЫРУ

Қызметкерлерді жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізу үшін моральдық ынталандыру, тиімді еңбекке ұмтылдыру үшін Компанияда жыл сайын наградалар, құрмет грамоталарын, атақтар беру, корпоративтік ақпарат көздерінде жариялау шаралары жүзеге асырылады.

2018 жыл қорытындысында тиімді еңбегі үшін «СЕВКАЗЭНЕРГО» кәсіпорындар тобының 64 жұмыс-

шысы мен ардагері наградалармен марапатталды: корпоративтік наградалармен 37 жұмысшы, «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ наградаларымен 13 жұмысшы, мемлекеттік наградалармен 6 жұмысшы мен ардагер, ТМД Электроэнергетикалық Кеңесінің наградасымен 2 жұмысшы, Қазақстан Энергетикалық Қауымдастығының наградасымен 6 жұмысшы марапатталды.

## КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫМЕН ӨЗАРА ҚЫЗМЕТ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобы 2018-2020 жылдарға бірыңғай ұжымдық шарт жасады. Келісім-шарттың басты мақсаты – жұмыс тиімділігін арттыру, өндірістік-экономикалық қызмет нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілікті күшейту, шартта қарастырылған әлеуметтік кепілдіктер, өтемақылар және жеңілдіктерді беру есебінен жұмысшыларды ынталандыру және еңбек өнімділігін арттыру өсімін қамтамасыз ету болып табылады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобының Кәсіподақ ұйымы жұмыс берушімен бірге кәсіпорын жұмысының тиімділігін арттыруға, еңбек және өндірістік тәртіпті күшейтуге, қызметтің әлеуеті мен жұмысшылардың кәсіби мақтанш сезімін тудыруға еңбек етеді.

Кәсіподақ ұйымының төрағасы жұмыс берушіге мәдени-бұқаралық, спорттық жұмыстар өткізу мен жұмысшылар балаларының жазғы демалысын қамтамасыз етуге, сауықтыру шараларын жүзеге асыруға көмектеседі, жұмысшыларға, олардың отбасы мүшелеріне, жұмыс істемейтін ардагерлерге әлеуметтік материалдық көмек көрсетеді, жұмысшылар мен олардың отбасы мүшелерін сауықтыру, еңбекті қорғауға бөлінетін ақша қаражатын мақсатты пайдалануға бақылау жасайды, өндірістегі қайғылы оқиғаларды зерттеуге және айыптылардың кінә деңгейін белгілеуге қатысады және тағы басқа шараларды атқарады.



Атауы	2016	2017	2018
Кәсіподаққа мүше қызметкерлер саны	1 829	1 773	1 725
Барлық қызметкерлер ішіндегі үлесі, %	70,9	68,8	67,4

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ, КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ ӨТЕМАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ әлеуметтік саясаты жұмысшылармен және олардың өкілдері – кәсіподақ ұйымдарымен анықталады және Компания еншілес ұйымдарының қаржылық мүмкіндіктері есебінен қамтамасыз етіледі.

Мақсаттар	Әлеуметтік пакет
Қызметкерді ұзақмерзімдік қызметке ынталандыру	<ul style="list-style-type: none"> <li>5% көлемдегі қосымша кәсіби зейнетақы жарналары;</li> <li>Кәсіби жарыс үшін сыйақы;</li> <li>Мерейтойлық және мерекелік даталарға орай сыйақылар.</li> </ul>
Тиімді өтемақы және жеңілдік жүйесі	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындарына өтемақы, жатақхана, баспана жалдау бойынша жеңілдіктер;</li> <li>Жұмысшыларды жұмысқа және жұмыстан үйіне жеткізуге автотранспорт қызметтері;</li> <li>Пеш арқылы жылытылатын үйлерде тұратын қызметкерлерге көмірді өзіндік құны бойынша беру;</li> <li>15 жасқа дейінгі балаларға лагерьге жолдама беру;</li> <li>Балаларға жаңа жылдық сыйлықтар.</li> </ul>
Қызметкерлердің еңбек қабілеті мен денсаулығын қолдау	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жұмысшыларды өндірістегі қайғылы оқиғалар мен аурулардан сақтандыру;</li> <li>Міндетті медициналық сақтандыру;</li> <li>Тұрақты медициналық тексерулер өткізу;</li> <li>Ауыр сырқаттардан ем алуға материалдық көмек.</li> </ul>
Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	<ul style="list-style-type: none"> <li>Бала дүниеге келгенде материалдық көмек;</li> <li>Жерлеу қызметтеріне материалдық көмек;</li> <li>Көп балалы және аз қамтамасыз етілген отбасыларға материалдық көмек;</li> <li>Ақы төленетін әлеуметтік демалыс;</li> <li>Ардагерлер кеңесіне ақшалай қаражат бөлу;</li> <li>Зейнетке шыққанда сыйақы беру;</li> <li>ҰОС, еңбек және кәсіпорын ардагерлерін қолдау бағдарламасы.</li> </ul>
Спорттық-сауықтыру шаралары	<ul style="list-style-type: none"> <li>Спорттық жарыстар қатысушыларының тамақтану шығындарын өтеу;</li> <li>Сауықтыру мен ұжымдық демалысты өткізуге қаражат бөлу.</li> </ul>



## АНА ЖӘНЕ ӘКЕ БОЛУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Компания атауы	Жыл ішінде жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыс рәсімдеген жұмысшылар саны			Жыл соңындағы жағдай бойынша жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыстағы жұмысшылар саны	Жыл ішінде жүктілік және бала туу/бала күтімі бойынша демалыстан шыққан жұмысшылар саны
	әйелдер	ерлер	барлығы		
«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ	15	0	15	26	5
«Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ	16	0	16	33	13
«Петропавл жылу желілері» ЖШС	18	0	18	15	2
«Севказэнергосбыт» ЖШС	5	0	5	12	6
<b>Барлығы:</b>	<b>54</b>	<b>0</b>	<b>54</b>	<b>86</b>	<b>26</b>

## КОРПОРАТИВТІК ОҚИҒАЛАР

2018 жылғы сәуірде Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күніне орай, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобында бірқатар шара өткізілді. «Еңбекті қорғау бала көзімен» балалар шығармашылығы байқауы ұйымдастырылып, оның қорытындысы бойынша жұмысшылардың 13 баласы естелік сыйлықтармен марапатталды. Отбасылық қауіпсіздік және еңбекті қорғау күні ұйымдастырылып, оның аясында қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы үздік қызметкерлер марапатталды. Ал балаларға «Тұрмыстағы электр қауіпсіздігі», «Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі» тақырыптарында бейнероликтер таныстырылып, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Петропавл 2-ЖЭО-на экскурсия ұйымдастырылды.

«Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ 55 жылдығы мен «Севказэнергосбыт» ЖШС 10 жылдығына орай 2018 жылғы шілдеде жұмысшылар мен олардың балаларының қатысуымен «Ұрпақтар энергиясы» отбасылық шарасы өткізілді. Спорттық және шығармашылық сайыстарға жалпы саны 155 адам қатысса, олардың 56-сы балалар болды.

Энергетик күні қарсаңында «Энергиялық ұйқастар» балалардың өлең шығару байқауы ұйымдастырылып, оған 23 бала қатысты. Барлық балалар сыйлықтармен марапатталды. Кәсіпорында энергетиктерді мараптауға арналған салтанатты шаралар өткізіліп, жұмысшылардың өз күшімен концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ҚжЕК қызметі «ОАЭК» АҚ холдингінің үздік ҚжЕК қызметін анықтауға арналған байқауында 1-орын иеленді. Компанияның жас мамандары КТҚ форматында өткен «Қауіпсіздік бәрінен маңызды» байқауына қатысып, арнайы аталым бойынша марапатталды.

Компания 2008 жылдан бері ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, ҚР Энергетика министрлігі, «Атамекен» кәсіпкерлердің ұлттық палатасы, ҚР кәсіпкерлер кәсіподағы ұйымдастыратын «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша байқауға қатысты. «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ ірі бизнес кәсіпорындары арасында «Экологияға қосқан үлес үшін» аталымында үшінші орын иеленді.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 73 жылдығы қарсаңында Компания ардагерлеріне арналған мерекелік концерт ұйымдастырылды.



### 2019 ЖЫЛҒА НЕГІЗГІ ЖОСПАРЛАР

2019 жылы Компанияның кәсіби кадрлық құрамын тартуға және дамытуға бағытталған қызметкерлерді басқару саясатын жүзеге асыру жалғасын табады. Бұл бағыт аясында жас мамандарды қолдау мақсатындағы шаралар атқарылып, тиімділіктің негізгі көрсеткіштері мен профильді автоматтандырылған процестерді енгізу бойынша жобалар жүзеге асырылады. Оның ішінде келесі шараларды атқару жоспарланған:

1. «PROFENERGY» бағдарламасын келесі бағыттар бойынша ары қарай жүзеге асыру:
  - жас мамандарды қолдау және қызметкерлердің білім деңгейін арттыру;
  - төлімгерлік институтын дамыту;
  - негізгі қызметкерлерді дамыту бағдарламасы.
2. Компания жұмысшыларының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша бағдарламаларды одан әрі жүзеге асыру.
3. Кадрлық есеп, қызметкерлер мен еңбек экономикасын бағалау бағыттары бойынша автоматтандырылған процестерді дамыту және енгізу, қызметкерлерді басқару процесін регламенттейтін құжаттар талаптарына сәйкес 1С 8 УПП бағдарламалық өнімінің функционалын жетілдіру.
4. Ұжымды біріктіруге бағытталған шараларды өткізу (Наурыз мейрамы, 9 мамыр және өзге мерекелік дата-ларға концерт ұйымдастыру, спорттық шаралар, СҚО демалыс орындарына ұжымдық сапарлар ұйымдастыру).
5. Компания жұмысшыларын әлеуметтік қолдау жүйелерін жетілдіру, 2018-2020 жылдарға Бірыңғай ұжымдық шарт жасасу.

## СПОРТТЫҚ-САУЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ кәсіпорындар тобында салауатты өмір салтын насихаттау және дамыту мақсатында келесі шаралар өткізіледі:

- бос уақытты белсенді ұйымдастыру;
- ұжымдық дәстүрлерді қалыптастыру;
- жыл сайын спартакиада, кәсіби жарыстар өткізу;
- спорттық ойын түрлері (баскетбол, волейбол, мини-футбол) бойынша дайындықтар өткізу.

2018 жылы 35 адамнан құралатын «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ құрамасы «Қызылжар» бірінші қалалық спартакиадасына қатысып, Петропавл қаласының 18 командасы ішінде 3-орын иеленді.

2018 жылғы маусымда Кәсіподақтар күніне орай «Солтүстік Қазақстан ЭТК» АҚ кәсіподақ комитеттері және «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ пейнтболдан турнир өткізіп, оған аталған кәсіпорындардың 130 жұмысшысы қатысты.

Компания кәсіпорындары арасында дәстүрлі жыл сайынғы спартакиада ұйымдастырылды. Ішкі жарыстарға 2018 жылы барлығы 276 жұмысшы қатысты. Жыл қорытындысы бойынша алты жыл қатарынан «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ бірінші орын иеленіп келеді. Кәсіпорын спортшылары волейбол, мини-футбол, үстел теннисі, дартс, жеңіл атлетика, шахмат, боулинг және конькиден үздік болды.

Барлық жарыс түрлерінің жеңімпаздары мен қатысушылары дәстүрлі түрде грамоталармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

## ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР ЖӘНЕ ОРЫНДАЛҒАН ШАРАЛАР

Денсаулық пен қызметкерлердің қауіпсіздігі Компания үшін Стратегиялық даму бағдарламасында қарастырылған басым міндеттер тобына жатады. Өндірістік жарақаттану мен кәсіби аурулардың алдын алу электр және жылу энергиясы өндірісі қызметінде шешім қабылдауда айқындаушы фактор болып табылады.

2018 жылы «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ-нда «ОАЭК» АҚ 2018-2020 жылдарға ҚжЕҚ бойынша шаралар жоспарына сәйкес келесі шаралар жүзеге асырылды:

- 1) Электротехникалық қызметкерлер термоқорғаныс материалынан әзірленген арнаулы киімге көшірілді;
- 2) Сақтандыру белдіктері сатып алынды;
- 3) Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күніне арналған шаралар өткізілді:

- «Еңбекті қорғау балалар көзімен» тақырыбында балалар суреттерінің байқауы өткізілді. Балалар байқауының барлық қатысушылары естелік сыйлықтармен марапатталды;

- жыл бойы қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын бұзбай жұмыс атқарған жұмысшылар естелік сувенирмен (кружкамен) марапатталды.

- 4) ҚжЕҚ өзара аудитін өткізу тәжірибесі жалғасты (2018 жылғы қазанда өткізілді).

5) Оқыс жүрек тоқтап қалған жағдайда (жедел жәрдем бригадасы келгенге дейін) науқасқа уақытылы және тиімді алғашқы көмек көрсетуге арналған автоматты сыртқы дефибриллятор алынды;

6) ҚжЕҚ мәселелерін насихаттау бойынша жұмыс жүргізіліп, кәсіпорын қонақтары мен келушілеріне жадынамалар әзірленді, ҚжЕҚ саласындағы корпоративтік плакаттар орналастырылды;

7) Кәсіпорында жарақаттану оқиғаларының, сондай-ақ, энергетикалық және технологиялық қондырғыларды пайдалану кезінде түрлі оқиғалардың алдын алуға бағытталған өзара аудит жүргізілді. Өзара аудит барысында анықталған үздік тәжірибелерді қолдану жалпы жағдай мен еңбекті қорғау көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік берді;

8) №2 жөндеу-механикалық цехында және столяр цехында жөндеу жұмыстары жүргізілді;

9) Медициналық пунктте кезекшілік алды және кезекшіліктен кейінгі жұмысшыларды медициналық куәландырудан өткізуді бақылау үшін бейнекамера орнатылды;

10) «Өндірістік алаңдар мен нысандарда транспорт пен жаяу жүргіншілердің өзара әрекеті кезіндегі қауіпсіздік талаптары» ҚжЕҚ стандартын орындау мақсатында жаяу жүргіншілер мен транспорттың қозғалыс сызбасы әзірленді;

11) Келесі құжаттар әзірленіп, енгізілді:

• Сигнал парағы туралы ереже (барлық алынған сигнал парақтарын цех басшылары қарап, оның негізінде шаралар әзірленеді);

• Қосымша қауіпсіздік белгілері туралы ереже (электр бөлмелерінің есіктерінде, электр шкафтарының есіктерінде, электр қондырғыларында қауіпсіздік белгілері және қосымша қауіпсіздік белгілері (тыйым салушы, ескертуші, өрт қауіпсіздігі белгілері, көрсетуші, бағыттаушы, эвакуациялық, медициналық және санитарлық маңыздағы белгілер) орналастырылған);

• «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО аумағында транспорт пен жаяу жүргіншілердің өзара әрекеті кезіндегі қауіпсіздік регламенті;

• «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО өндірістік бөлімшелерінің жұмыс орындарын паспорттау бойынша жұмыс топтары қызметін ұйымдастыру регламенті;

• Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлермен жылдық жұмыс жоспарын рәсімдеу регламенті;

• «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2-ПЖЭО аумағында биіктікте жұмыс жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша регламент (бұл құжатты мердігер ұйымдар да басшылыққа алады);

• Электр құрылғыларымен жұмыс істеу және оларды жөндеу кезінде қорғаныс заттарын, құралдарды, аспаптар мен сыймандарды қолдану және тексеру бойынша регламент;

• «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ-ның 2018-2019 жылғы қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша шаралар жоспары.

12) «Оқиғаны зерттеу нәтижесінде шығарылған сабақтар» ақпараттық бюллетені қызметкерлердің қолы қойылып, жүзеге асырылды;

13) 2016 жылмен салыстырғандағы 2017 жылғы өндірістік жарақаттану қызметкерлермен бірге талданды;

14) Жыл ішінде жеке қорғаныс заттары (арнайы киім мен аяқ киім) өндірістік сынақтан өткізілді, сондай-ақ, аталған сынақтар нәтижелері бойынша тиісті құжаттар (акттер, хаттамалар) рәсімделді;

15) «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ-нда жоспарлы тексеру жүргізудің нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша шаралар әзірленіп, орындалды, жою мерзімдері мен оған жауапты тұлғалар бекітілді;

16) «Жедел жеңістер» жұмыс орындарын паспорттау бойынша жұмыс топтары қызметін ұйымдастыру әдістемесі енгізіліп, жүзеге асырылды. Ағымдағы жылы 104 жұмыс орны паспортталды;

17) 2018 жылғы 17 мамырда «СҚ ЭТК» АҚ мектеп оқушылары арасында қолданыстағы электр құрылғыларының жоғары қысымына түсуден сақтану қауіпсіздігін насихаттау бойынша оқу жылының соңында ауқымды шара ұйымдастырылды. Шара барысында презентация, слайдтар және бейнеролик көрсетілді. Шараға оқу орындарының 286 өкілі (мектеп, колледж директорлары мен орынбасарлары), ұйымдар («СҚ ЭТК» АҚ, мемлекеттік еңбекті

қорғау инспекциясы) өкілдері қатысты. Шараны өткізу кезінде барлық қатысушыларға ҚжЕҚ бойынша материалдар компакт-дисктерде таратылды.

18) Компанияға келушілерге арналған «Электр қауіпсіздігі ережелерін сақтау туралы» жадынамасы әзірленді;

19) Құрылымдық бөлімшелерде жұмыс орындарында еңбек шарттарын жақсартуға, қауіпсіз еңбек шарттарын құруға, қондырғыларды еңбек қауіпсіздігі стандарттарына, санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкестендіруге бағытталған жұмыс жүргізілді.

Компания туралы, Компаниядағы жұмыстың ұйымдастырылуы туралы ақпаратты жаңадан жұмысқа орналастып жатқан адам, сондай-ақ, өндірістік тәжірибеге жіберілгендер кіріспе инструктажынан өту барысында алады. Инструктаж қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің кабинетінде презентация және видеоматериалдарды қолдану арқылы өткізіледі. Кіріспе инструктаждың өткені арнайы журналда белгіленеді. Сондай-ақ, қызметкерлер жұмыс орнындағы алғашқы инструктаждан өтеді. Оны ҚжЕҚ бойынша инженер құрылымдық бөлімше жетекшісі не оның орынбасарымен өткізіп, еңбектің қауіпсіз әдіс-тәсілдерімен таныстырады. Алғашқы инструктаждың өткені арнайы журналда белгіленеді.

Қызметкерлердің нормативтік-құқықтық актілер бойынша білімін қажетті деңгейде ұстап тұру және кеңейту, сондай-ақ, қондырғыларды пайдалану және жөндеу әдістерін жетілдіру, қауіпсіз еңбекті ұйымдастыру мақсатында кварталда бір реттен кем емес мерзім сайын тікелей басшысы қайталау инструктажын өткізеді. Қайталау инструктажының өткені ҚТ және ӨҚ бойынша арнайы журналда белгіленеді.

Компания кәсіпорындарында ай сайын қолданыстағы ереже, норма, нұсқаулықтардың талаптары бұзылуын анықтау үшін «Қауіпсіздік техникасы күні» ұйымдастырылады. «Қауіпсіздік техникасы күні» өткізілген-

нен кейін анықталған ескертпелер бойынша акт толтырылып, талқылау өткізіледі, онда аталған кемшіліктерді жою шаралары белгіленеді. Қауіпсіздік техникасы күндері мұндай шараларды өткізу бағдарламасы бойынша нормативтік талаптардың сақталуын терең тексеруге мүмкіндік береді.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, электр станцияларын және желілерін пайдалану техникасы, жарақат алушыларға дәрігерге дейінгі көмек көрсету техникасы, өрт-техникалық минимум көлеміндегі өрт қауіпсіздігі техникасы салаларындағы білімді біліктілік тексеру екі кезеңде өткізіледі – тестілеу және ауызша өңгімелесу өткізу. Бұл Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, электр станцияларын және желілерін пайдалану техникасы, жарақат алушыларға дәрігерге дейінгі көмек көрсету техникасы, өрт қауіпсіздігі техникасы салаларындағы білімді, арнайы ережелерді терең тексеруге мүмкіндік береді.

Кәсіпорында тұрақты және кезеңдік: тексерулер, қондырғы, ғимарат, құрылыстардың техникалық жағдайын куәландыру бақылаулары өткізіліп тұрады және қондырғы, ғимарат, құрылыстардың жағдайы мен қауіпсіз пайдаланылуына, сондай-ақ, техникалық және технологиялық қадағалау бойынша жауапты мамандар бекітілген. Мамандар мен жұмысшылардың барлық санаттарына лауазымдық нұсқаулықтар, жұмыс мамандықтары мен жұмыс түрлеріне қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар, пайдалану бойынша нұсқаулықтар және басқа да станция қызметкерлеріне арналған регламенттеуші құжаттар әзірленген.

Компанияда әрбір жұмыс орнына әсер ететін қауіпті және зиянды өндірістік факторлар, пайда болу жағдайлары, ықпал ету нысаны, күтпеген оқиғалар, тәуекелдерді бағалау және бақылау шаралары көрініс тапқан қауіптер мен тәуекелдер тізімі әзірленген.



## ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТИ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

«Севказэнерго» АҚ және оның еншілес ұйымдарында Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңесі құрылған. Кеңесті кәсіпорын жұмысшылары ішінен таңдалатын төраға басқарады. Кеңес құрамына жұмыс беруші өкілдері, техникалық еңбек инспекторларын қоса алғанда кәсіподақ ұйымының өкілдері кіреді.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау кеңесі келесі функцияларды орындайды:

- өндірістік жарақаттану мен кәсіби ауру себептерін, еңбекті қорғау шарттары бойынша өткізілетін шаралар тиімділігіне талдауды, ұйымның нақты еңбекті қорғау жағдайы туралы ақпараттық-талдамалы материалдарды зерттейді;
- еңбек шарттары бойынша жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелерін талдайды, құрылымдық бөлімшелер мен жалпы ұйымды өндірістік нысандардағы тұрақты жұмыс орындарын еңбекті қорғау талаптарына сәйкестікке келтіруге дайындауға қатысады;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында анықталған қателіктерді жою бойынша, қауіпсіз еңбек жағдайларын құру бойынша, ұйымда еңбек қызметі процесінде жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған бағдарламалар, ұсыныстар, шешімдер және басқаларды өзірлеу бойынша ұсыныстарды қарастырады;
- еңбекті қорғау бойынша жұмысшыларға уақытылы және сапалы инструктаж өткізуге, сондай-ақ, қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында білім тексеруге, жұмысшылар, кәсіподақ активін еңбекті қорғау саласындағы заңнама мәселелері бойынша тұрақты оқыту және білім деңгейін көтеруге көмектеседі;
- қауіпсіз еңбек жағдайларын құру, ауыр физикалық жұмысты жою мақсатында өндіріске заманауи технологиялар мен жаңа техниканы енгізу бойынша ұсыныстар береді;
- ұйым жұмысшыларын жағдайды жақсарту және еңбекті қорғау бойынша өткізілетін шаралар туралы,

өндірістік жарақат пен кәсіби аурулардың профилактикасы туралы, сертификатталған арнаулы киіммен, арнаулы аяқ киіммен және өзге жеке қорғаныс заттарымен қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы нормативтер туралы және оларды дұрыс қолдану жайында ақпараттандырады;

- ұйымда еңбекті қорғау бойынша шараларды қаржыландыру, өндірісте қайғылы оқиғалардан және кәсіби аурулардан міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелерін қарауға, еңбекті қорғау жағдайларын жақсартуға бағытталған ұйымның заттар шығынын бақылауды жүзеге асыруға қатысады.

Әрбір еншілес ұйымда еңбекті қорғау бойынша техникалық инспектор жұмыс істейді. Өз қызметінде еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлар бөлімшелер басшыларымен, қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметімен, пайдалану жөніндегі инспекциямен, өнеркәсіптік қауіпсіздік нысандарын қадағалау жөніндегі инспекциямен, сондай-ақ, мемлекеттік еңбек, мемлекеттік қадағалау және бақылау инспекторларымен өзара қызмет етеді.

Еңбекті қорғау бойынша техникалық инспекторлардың негізі функциялары:

- жұмысшылардың құқықтары мен көзқарастарын қорғау;
- ұжымдық шарттың «Еңбекті қорғау» бөліміне, сондай-ақ, кешенді мақсатты бағдарламаларға және органдар тарапынан өзірленетін еңбекті қорғауды жетілдірудің бірінші кезектегі шаралар жоспарын өзірлеуге және ұсыныстар енгізуге қатысу;
- жұмыс орындарына еңбекті қорғау талаптарын сақтауды бақылауды жүзеге асыру;
- кәсіподақ мүшелерінің көзқарастарын мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарда, еңбекті қорғауға қатысты Еңбек кодексін қолданумен байланысты еңбек дауларын қарау кезінде түрлі инстанцияның соттарында қорғау.



## ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ДЕҢГЕЙЛЕРІ

2018 жылы «Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде бір ауыр қайғылы жағдайға жол берілді.

2018 жылғы қайғылы жағдайдың оқиға түрі бойынша санаты – электр тоғымен жарақаттану. Қайғылы оқиғаның себептері – жұмыстың қанағаттанарлық деңгейде емес ұйымдастырылуы және жарақат алушының өрескел байқамаушылығы.

### Өндірістік жарақаттану деңгейі

	2017	2018
<b>Қызметкерлер саны</b>	1 117	11 119
<b>Жарақаттану оқиғаларының саны</b>	0	0
<b>Жарақаттанғандар саны/олардың ішінде әйелдер</b>	0	1/0
<b>Өліммен аяқталған жағдайлар саны</b>	0	0

Өндірістегі барлық жарақаттану жағдайларының (TIFR) мың жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті



1000 адамға шаққандағы өндірістегі барлық қайғылы оқиғалардың жиілік (TIFR) коэффициенті келесі формуламен есептелген:

$$Kж = \frac{n \times 1000}{N}, \text{ мұнда}$$

n – есептік кезеңде өндірістегі қайғылы оқиғалардан зардап шеккендердің жалпы саны;  
N – қызметкерлердің орташа саны.

1000 адамға шаққандағы өндірістегі жарақаттану оқиғаларының жиілік (TIFR) коэффициенті – 0,89.

1000 адамға шаққандағы өндірістегі өліммен аяқталған оқиғалардың жиілік (FIFR) коэффициенті – 0.

«Петропавл жылу желілері» ЖШС-нде қолданылатын

Өндірістегі барлық жарақаттану жағдайларының (FIFR) мың жұмысшыға шаққандағы жиілік коэффициенті



1000 адамға шаққандағы өндірістегі барлық қайғылы оқиғалардың жиілік (FIFR) коэффициенті келесі формуламен есептелген:

$$Kж1 = \frac{n1 \times 1000}{N}, \text{ мұнда}$$

n1 – есептік кезеңде өндірістегі қайғылы оқиғалардан зардап шеккендердің жалпы саны;  
N – қызметкерлердің орташа саны.

қайғылы оқиғаларды тіркеу, есеп беру және хабарлау жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасы және Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) талаптарына сәйкес келеді.

Өндірістік жарақаттанудың алдын алу, мониторинг және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау талаптарының бұзылу оқиғаларын есепке алу мақсатында «Петро-



павл жылу желілері» ЖШС-нде келесі жұмыстар жүргізіледі:

- шағын жарақат алу деректерн, оқиғаларды, одан да ірі жарақат пен шығындардың іргетасы болып табылатын аса қауіпті оқиғаларды зерттеу;
- қайғылы оқиғалар туралы бюллетендер өзірлеу арқылы оның себептерін түсіндіру және алдағы уақытта мұндай жағдайдың қайталанбауы үшін ақпараттандыру;
- ҚжЕК, электр қауіпсіздігі бойынша жұмысшыларды оқыту және білімін тексеру;
- ҚжЕК бойынша корпоративтік стандарттарды енгізу;
- ҚжЕК жағдайы бойынша жоспарлы және тосын тексерулер жүргізу;
- ҚжЕК күндерін өткізу;
- ҚжЕК бойынша жиналыстар өткізу;
- жұмыс орындарын ҚжЕК талаптарына сәйкестендіру;
- жұмыс орындарын ақпараттық плакаттар мен қауіпсіздік белгілерімен қамтамасыз ету;
- кәсіби сайыстар өткізу;
- наряд-допуск шараларын өткізу және басқалар.

Компанияның өндірістік нысандарында өрекет ететін мердігер ұйымдардың қызметі бақыланады: еншілес ұйымдар мердігер ұйымдарға тексерулер жүргізеді,

мердігер қызметкерлеріне инструктаж өткізіп, олармен жиналыстар ұйымдастырады.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және оның еншілес компаниялары бойынша Қауіпсіздік және еңбекті қорғау шараларын орындау, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша 2018 жылы атқарылған шаралардың нақты шығыны 54 138,97 мың теңгені құрады.

Қызметкерлер қажетті жеке қорғаныш заттарымен, оның ішінде электрден қорғау заттары, арнайы тағам, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, ақпараттық плакаттар, нормативті-техникалық құжаттар басылымы мен қауіпсіздік және еңбекті қорғау белгілері, өрт сөндіру заттарын сатып алу жүргізілді. Жұмыс орындарын қосымша жарықтандыру, вентиляция және кондиционер жүйесін жөндеу, ғимараттар мен қондырғыларды жөндеу және басқа шаралар орындалды.

Қазақстан Республикасының «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қайғылы оқиғалардан сақтандыру туралы» заңнамасының талаптарына сәйкес, Компания кәсіпорындарының барлық қызметкерлері қайғылы оқиғалардан сақтандырылған.

## КОМПАНИЯНЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІ ЖАРАҚАТ АЛУДЫҢ ЖОҒАРЫ ТӘУЕКЕЛІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Энергетикалық қондырғылармен жұмыс жасау жоғары тәуекелдермен байланысты. Электр құрылғыларымен жұмыс кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қызметкерлер оқытылып, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар өткізіледі, олардың орындалуы бақыланады. Қызметкерлер жеке қорғаныс заттары, электрден қорғану заттары және басқалармен қамтамасыз етіледі.

2018 жылы электр құрылғыларымен жұмыс жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бірқатар қосымша шаралар атқарылды:

- электр доғасынан қорғану үшін қызметкерлерді арнайы киім мен жеке қорғаныс заттарымен қамтамасыз ету;
- электр желілік компаниялар қызметкерлерін жұмысшының қорғаныс каскасына бекітетін жеке қысым сигнализаторларымен (электр құрылғыларымен жұмыс істейтін қызметкерге ескерту үшін қосымша қорғаныс заты ретінде) қамтамасыз ету;

- қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту ұйымдастырылды;
  - өрт-техникалық минимум көлемінде өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту;
  - арнайы киім, арнайы аяқ киім, жеке қорғаныс заттары, электрден қорғану заттары, механизмдері, құралдары сатып алынды;
  - еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қайғылы оқиғалардан жұмысшыларды міндетті сақтандыру шарты жасалды;
  - жұмысшыларға сүт жеткізуге шарт жасалды. Сүтпен құрылымдық бөлімшелердің барлық жұмысшылары қамтамасыз етіледі.
- 2018 жылы компаниялар тобы кәсіпорындарында қызметкерлердің электр тоғымен жарақаттану дерегі тіркелген жоқ.

## 2019 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

2019 жылға келесі шаралар жоспарланған:

1. 2-ПЖЭО-да «Энергия көздерін оқшаулау» қауіпсіздік және еңбекті қорғау стандартын кезең-кезеңімен енгізуді бастау;
2. Электротехникалық қызметкерлерге арнайы киім алу;
3. Толықтай сақтандыру белдіктеріне көшу;
4. Бүкіләлемдік еңбекті қорғау күнін өткізу;
5. Бөлімдер арасында кәсіби шеберлік сайыстарын өткізу;
6. Оқиғаларды басқару, ҚжЕК аудиттері, тәуекелдері, ЖҚЗ (болуын бақылау), ҚжЕК бойынша оқыту бағыттары бойынша ҚжЕК саласындағы қызметті шоғырландыруға және автоматтандыруға мүмкіндік беретін барлық еңбекті қорғау аспектілерін кешенді автоматтандыру жүйесін енгізу;
7. Кіріспе инструктажын жаңалау.

## ТҰТЫНУШЫЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ

### АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫ

Компанияның электр желілік кәсіпорнының өрбір аудандық бөлімшелерінің басшылығы қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметі мамандарымен бірге тұрғындарға қолданыстағы электр құрылғылары мен электр беру желілері жанында қауіпсіздік талаптарын сақтау тақырыбында ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Оқу жылының басында және соңында балалар электр жарақатын алуының алдын алу және профилактика бойынша акциялар өткізіліп, аудандық электр желілік кәсіпорындар мамандары мектептерге шақырылып, олар оқушыларды электр тоғынан жарақат

алудан сақтандырады, сол арқылы денсаулықтарын сақтауға баулиды.

Еншілес ұйымдар пайдаланатын барлық электр құрылғыларында қауіп туралы тұрғындар мен қызметкерлерге ескерту үшін қауіпсіздік белгілері мен жазбалары орналастырылған, қондырғылар рұқсат етілмеген енуден қорғалған, олар тиісті қоршаулар, құлыптар, бекітулермен қамтылған.

Облыстық және аудандық БАҚ-та жарақаттану профилактикасына, оның ішінде балалардың жарақаттануына және тұрғындардың денсаулығын қорғауға арналған мақалалар жарияланып тұрады.

## ӨТКІЗУШІ КӘСІПОРЫНДАРДА ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫН САҚТАУ

Өткізуші компанияларда қауіпсіздік және тұтынушылардың денсаулығын қорғау мақсатында келесі шаралар атқарылды:

- жарақаттануды ескерту мақсатында сервис-орталықтары ғимараттарының кіреберістері сырғанауға қарсы резина кілемшелерімен жабдықталған;
- физикалық мүмкіндігі шектелген адамдар үшін сервис-орталықтары ғимараттары пандустармен жабдықталған;
- сервис орталықтары ғимараттары видеобақылаумен жабдықталған;
- барлық сервис-орталықтар қажетті дәрі-дәрмекпен қамтылған медициналық қобдишамен жабдықталған;
- сервис-орталықтар ғимараттарында ауа кондиционерлеу жүйесі орнатылған;
- өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында барлық сервис-орталықтарда өрт-күзет дабыл жүйесі орнатылған, алғашқы өрт сөндіру заттарымен қамтылған;

- Сервис-орталықтарының көрнекті жерінде өрт кезінде адамдарды эвакуациялау жоспары орналастырылған, ғимарат сыртына қарай эвакуациялық есіктердің еркін ашылуы қамтамасыз етілген.





## ЕСЕП ТУРАЛЫ

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ 2013 жылдан бастап жыл сайынғы тәртіпте Жылдық есебін шығарады. Бұған дейінгі 2017 жылдың есебі 2018 жылғы тамызда жарық көрді.

Бұл есеп «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ және оның еншілес компанияларының қызметі туралы ақпаратты ұсынады. Құжат GRI G4 нұсқаулығына сәйкес әзірленген Тұрақты даму туралы есепті қамтиды. Әзірлік кезінде электр энергетикасы саласына арналған GRI standards қолданылды.

Есеп мазмұнында айтарлықтай өзгерістер орын алған жоқ, Компания GRI Standards бойынша ақпаратты ашып көрсету талаптарын қолдануға көшті. Есептіліктің стандартты элементтері мен көрсеткіштер жарияланған кесте «GRI элементтерінің индексі» бөлімінде орналасқан. Бұл есеп сыртқы растаудан өткен жоқ.

## ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Солтүстік Қазақстан облысындағы халықты қолдауға бағытталған әлеуметтік жобалардың белсенді қатысушысы болып табылады.

Петропавлда 2015 жылы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігімен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында ашылған 320 орындық «Алақай» балабақшасы өз жұмысын жалғастыруда.

2016 жылы пайдалануға берілген Компания қызметкерлері мен Петропавл қаласы тұрғындарына арналған 90 пәтерлік шағын отбасылы жатақхана өз қызметін жалғастыруда. Жоба «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ

мен Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі арасындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік арқасында жүзеге асырылды. Ведомстволық жатақхананың болуы энергетикалық кешен кәсіпорнына жас және перспективасы бар жұмысшыларды тартуға көмектеседі.

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ көп жылдар бойы «Жұлдыздар» отбасылық үй балаларына демеушілік көмек көрсетіп, оның тәрбиеленушілері мен түлектеріне мерекелік даталарға орай естелік сыйлықтар ұсынып, каникул кезеңінде олардың бос уақытын ұйымдастырады.

## МАҢЫЗДЫ АСПЕКТТЕР МЕН ШЕКАРАЛАР


GRI Standards есептің мазмұнын анықтау принциптеріне сәйкес, есепте баяндалатын тақырыптардың маңыздылығына бағалау жүргізілді. Маңыздылықты анықтау үдерісі келесі кезеңдерден тұрады:

1-кезең. GRI Standards нұсқаулығының базасында тұрақты дамуға қатысты тақырыптардың бәрі айқындалды.

2-кезең. Тізімде көрсетілген тақырыптардың Компания ішінде және оның сыртында ықпал ету деңгейіне талдау жасалды. Одан арғы тереңдетіліп баяндалатын тақырыптарды таңдау мүдделі тараптармен өзара қызмет ескеріліп жасалды. Бұдан бөлек, тақырыптар Компания қызметіне және оның даму стратегиясына ықпал ету тұрғысынан талданды.

3-кезең. Мүдделі тараптардың пікірлері мен Компанияның стратегиялық жоспарларына сәйкес, маңызды тақырыптар Маңыздылық картасына орналастыру үшін реттеліп, орындары анықталды. Әрбір қызмет аспектісіне Компанияға ықпалы (көлденең ось) және мүдделі тараптарға ықпалы (тік ось) ескеріліп, орташа балл берілді. Аса жоғары басымдыққа ие аспектілер көк аумақта орналасты – есеп құруда оларға бірінші кезекте мән берілді. Сондай-ақ, есепте көгілдір аумақта орналасқан аспектілер де ішінара баяндалды.

ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҚ КАРТАСЫ



№	Аспекттер	№	Аспекттер
1.	Экономикалық нәтижелілік	18.	Дайындық және білім беру
2.	Нарықтарда қатысу	19.	Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер
3.	Тікелей емес экономикалық әсерлер	20.	Алалаушылыққа жол бермеу
4.	Сатып алулар тәжірибесі	21.	Қауымдастық және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі
5.	Коррупцияға қарсы әрекет	22.	Балалар еңбегі
6.	Бәсекелестікке тосқауыл	23.	Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек
7.	Материалдар	24.	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі
8.	Энергия	25.	Негізгі және ұсақ халықтардың құқықтары
9.	Су	26.	Адам құқықтарының сақталуын бағалау
10.	Биоәртүрлілік	27.	Жергілікті қоғамдастықтар
11.	Шығарылымдар	28.	Жеткізушілердің әлеуметтік критерийлерге сәйкестігін бағалау
12.	Қалдықтар	29.	Бұқаралық саясат
13.	Жеткізушілердің қоршаған ортаны қорғау критерийлерін сақтауын бағалау	30.	Тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі
14.	Экологиялық талаптарға сәйкестік	31.	Өнімдер мен қызметтерді маркалау
15.	Жұмыспен қамту	32.	Тұтынушылардың жеке өміріне қол сұқпаушылық
16.	Қызметкерлер мен басшылардың өзара қарым-қатынасы	33.	Әлеуметтік-экономикалық заңнамалардың сақталмауы
17.	Денсаулық пен жұмыс орнындағы қауіпсіздік		

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ	ЕРЕКШЕЛІК ТҮСІНДІРМЕЛЕР
<b>GRI 101: ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ ПРИНЦИПТЕРІ (2016)</b>			
<b>GRI 102: ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (2016)</b>			
	Ұйым профилі		
	102-1 Ұйым атауы	«Қызмет профилі» бөлімі, 7-бет	
	102-2 Қызмет бағыттары	«Қызмет профилі» бөлімі, 7-бет «Бизнес-модель» бөлімі, 14-бет	
	102-3 Бас кеңсенің мекен-жайы	«Байланыс» бөлімі, 108-бет	
	102-4 Қызмет географиясы	«Қызмет географиясы» бөлімі, 15-бет	
	102-5 Меншік формасы	«Компания құрылымы» бөлімі, 7-бет	
	102-6 Өткізу нарығы	«Қызмет географиясы» бөлімі, 15-бет «Еншілес ұйымдар» бөлімі, 16-бет	
	102-7 Ұйым ауқымы	«Қызметтің негізгі көрсеткіштері» бөлімі, 8-бет	
	102-8 Қызметкерлер туралы ақпарат	«Кадрлық және әлеуметтік саясат» бөлімі, 80-бет	
	102-9 Жеткізілімдер тізбегі	«Бизнес-модель» бөлімі, 14-бет	Өзгеріссіз
	102-10 Компания жұмысындағы маңызды өзгерістер	«Ұйымдық құрылым» бөлімі, 48-бет «Акционерлік капитал құрылымы» бөлімі, 48-бет	
	102-11 Сақтық принциптері	«Табиғат қорғау шаралары», 76-бет	
	102-12 Сыртқы бастамаларды қолдау	«Экологиялық ықпал етуді басқару» бөлімі, 72-бет «Парник газдарының шығарылымы» бөлімі, 75-бет «Экологиялық менеджмент жүйесі» бөлімі, 78-бет	
	102-13 Қауымдастықтарға мүшелік	—	Компания Қазақстан Электрэнергетикалық Қауымдастығының (ҚЭК) мүшесі болып табылады
<b>Стратегия</b>			
	102-14 Менеджмент хабарламасы	«Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі» бөлімі, 3-бет «Бас директор үндеуі» бөлімі, 4-бет	
<b>Әдеп және адалдық</b>			
	102-16 Құндылықтар, принциптер, стандарттар және тәртіп нормалары	«Корпоративтік басқару кодексін сақтау» бөлімі, 60-бет	
<b>Корпоративтік басқару</b>			
	102-18 Басқару құрылымы	«Ұйымдық құрылым» бөлімі, 48-бет «Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер қызметінің нәтижелері» бөлімі, 53-бет	
<b>Мүдделі тараптармен өзара қызмет</b>			
	102-40 Мүдделі тараптар тізімі	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 69-бет	
	102-41 Ұжымдық шарттар	«Кәсіподақ ұйымдарымен өзара қызмет» бөлімі, 86-бет	
	102-42 Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 69-бет	

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ	ЕРЕКШЕЛІК ТҮСІНДІРМЕЛЕР
GRI 102: ЖАЛПЫ АҚПАРАТ (2016)	102-43 Өзара қызмет тәсілдері	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 69-бет	
	102-44 Негізгі көтерілген тақырыптар мен қауіптер	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 69-бет	
	<b>Есеп туралы мәліметтер</b>		
	102-45 Шоғырлану негізі	«Есеп туралы» бөлімі, 97-бет	
	102-46 Есептің мазмұны мен шекараларын анықтау	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 98-бет	
	102-47 Маңызды тақырыптар тізімі	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 98-бет	
	102-48 Өткен кезеңдер мәліметтерін қайта есептеу	—	Көрсеткіштер өзгерген жоқ және Компанияның өткен жылдық есептерінде келтірілген мәліметтермен сәйкес келеді
	102-49 Есеп мазмұнындағы өзгерістер	—	Өзгеріссіз
	102-50 Есептілік кезеңі	«Есеп туралы» бөлімі, 97-бет	
	102-51 Соңғы жарияланым датасы	«Есеп туралы» бөлімі, 97-бет	
	102-52 Есептілік циклі	«Есеп туралы» бөлімі, 97-бет	
	102-53 Есеп мазмұны бойынша мәселелерге арналған байланыс ақпараты	«Байланыс» бөлімі, 108-бет	
	102-54 GRI стандарттарына сәйкестік деңгейі	«Есеп туралы» бөлімі, 97-бет	
102-55 GRI мазмұнының индексі	«GRI элементтерінің индексі» бөлімі, 99-бет		
102-56 Сыртқы растау	«Есеп туралы» бөлімі, 97-бет		

**Маңызды тақырыптар**

**ЭКОНОМИКА**

GRI 103: БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕРІ (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 98-бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Қаржылық-экономикалық көрсеткіштер» бөлімі, 42-бет	Көрсеткіштер өзгерген жоқ және Компанияның өткен жылдық есептерінде келтірілген мәліметтермен сәйкес келеді
	103-3 Менеджментті бағалау	—	Өткізілмейді
GRI 203: ТІКЕЛЕЙ ЕМЕС ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҰҚПАЛДАР (2016)	203-1 Инфрақұрылымды қолдау	«Корпоративтік оқиғалар» бөлімі, 90-бет	
	203-2 Айтарлықтай тікелей емес экономикалық ұқпалдар	«Жас мамандарды тарту» бөлімі, 81-бет	

**ЭКОЛОГИЯ**

GRI 103: БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕРІ (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 98-бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Экологиялық ұқпал етуді басқару» бөлімі, 72-бет	Экологиялық ұқпал етуді басқарудың кешенді саясаты бұл саладағы барлық негізгі тақырыптарды қамтиды
	103-3 Менеджментті бағалау	—	Өткізілмейді

**Материалдар**

GRI 301: МАТЕРИАЛДАР (2016)	301-1 Масса не көлемі бойынша шығындалған материалдар	«Экологиялық ұқпал етуді басқару» бөлімі, 72-бет	
-----------------------------	-------------------------------------------------------	--------------------------------------------------	--

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ	ЕРЕКШЕЛІК ТҮСІНДІРМЕЛЕР
<b>Су</b>			
GRI 303: СУ (2018)	303-1 Су ресурстарын пайдалану	«Су пайдалану және су ресурстарын қорғау» бөлімі, 77-бет	
	303-3 Су алу	«Су пайдалану және су ресурстарын қорғау» бөлімі, 77-бет	
	303-4 Су	«Су пайдалану және су ресурстарын қорғау» бөлімі, 77-бет	

**Шығарылымдар**

GRI 305: ШЫҒАРЫЛЫМДАР (2016)	305-1 Парник газдарының тікелей шығарылымдары	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 75-бет	
	305-4 Парник газдары шығарылымдарының интенсивтілігі	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 75-бет	
	305-5 Парник газдары шығарылымдарының азаюы (COR2R)	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 75-бет	
	305-7 NOx, SOx және өзге маңызды ластаушы заттар шығарылымдары	«Атмосфералық ауаны қорғау» бөлімі, 72-бет	

**Қалдықтар**

GRI 306: ҚАЛДЫҚТАР (2016)	306-2 Типі мен орналастыру тәсілі бойынша қалдықтардың жалпы массасы	«Өндіріс қалдықтарын тиімді қолдану және жою» бөлімі, 78-бет	
---------------------------	----------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------	--

**Талаптарға сәйкестік**

GRI 307: ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУ (2016)	307-1 Экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамау туралы ақпарат	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 75-бет	
-----------------------------------	------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------	--

**ӘЛЕУМЕТТІК САНАТ**

GRI 103: БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕРІ (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 98-бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Қызметкерлерді басқару саясаты» бөлімі, 80-бет	Кешенді кадрлық саясат бұл саладағы барлық негізгі тақырыптарды қамтиды
	103-3 Менеджментті бағалау	—	Өткізілмейді

**Жұмыспен қамту**

GRI 401: ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ (2016)	401-1 Жалданған қызметкерлер мен кадр тұрақсыздығы	«Кадр тұрақсыздығы» бөлімі, 84-бет	
--------------------------------	----------------------------------------------------	------------------------------------	--

**Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы**

GRI 402: ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН БАСШЫЛЫҚТЫҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ (2016)	402-1 Ұйым қызметіндегі айтарлықтай өзгерістерге қатысты хабарландырулардың ең аз кезеңі	«Кадрлық және әлеуметтік саясат» бөлімі, 80-бет	
-------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------	--

**Денсаулық және қауіпсіздік**

GRI 403: ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК (2016)	403-1 Жұмысшылардың басшылық пен жұмысшылар қатысты денсаулық пен қауіпсіздік жөніндегі ресми бірлескен комитетте болуы.	«Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы стратегиялық мақсаттар және орындалған шаралар» бөлімі, 90-бет	
	403-2 Өндірістік жарақат түрлері мен деңгейлері, кәсіби сырқат деңгейі, жоғалтқан күндер коэффициенті мен жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ, өліммен аяқталған жұмысқа қатысты оқиғалар саны	«Өндірістік жарақат түрлері мен деңгейлері» бөлімі, 93-бет	
	403-3 Жоғары жарақаттылықты және жұмысына қатысты сырқаттану қаупі бар жұмысшылар	«Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы стратегиялық мақсаттар және орындалған шаралар» бөлімі, 90-бет	

GRI СТАНДАРТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖАРИЯЛАНУ ЖЫЛЫ	КӨРСЕТКІШ	БЕТ, БӨЛІМ НОМЕРІ	ЕРЕКШЕЛІК ТҮСІНДІРМЕЛЕР
<b>Оқыту</b>			
GRI 404: ТРЕНИНГ ЖӘНЕ ОҚЫТУ (2016)	404-2 Біліктілікті дамыту бағдарламалары	«Қызметкерлерді оқыту және дамыту» бөлімі, 83-бет	
<b>Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер</b>			
GRI 405: ӘРТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР (2016)	405-1 Басшылық органдар құрамы	«Қызметкерлердің санаты мен жынысына қарай құрылымы» бөлімі, 82-бет	
<b>Жергілікті қоғамдастықтар</b>			
GRI 103: БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕРІ (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 98-бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 69-бет	
	103-3 Менеджментті бағалау	—	Өткізілмейді
GRI 413: ЖЕРГІЛІК ҚОҒАМДАСТЫҚТАР (2016)	413-1 Жергілікті қоғамдастықтармен өзара қызмет, қызметтің жергілікті қоғамдастықтарға ықпалы мен жергілікті қоғамдастықтардың дамуын бағалау бағдарламалары	«Мүдделі тараптармен өзара қызмет» бөлімі, 69-бет	
<b>Тұтынушының қауіпсіздігі мен денсаулығы</b>			
GRI 103: БАСҚАРУ ТӘСІЛДЕРІ (2016)	103-1 Маңыздылық және шекаралар	«Тақырыптар тізімі және маңыздылық картасы» бөлімі, 98-бет	
	103-2 Басқару тәсілдері	«Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы стратегиялық мақсаттар және орындалған шаралар» бөлімі, 90-бет	
	103-3 Менеджментті бағалау	—	Өткізілмейді
GRI 416: ТҰТЫНУШЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫ (2016)	416-1 Өнімдердің тұтынушыға қауіпсіздігін бағалау	«Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы стратегиялық мақсаттар және орындалған шаралар» бөлімі, 90-бет	
<b>Қосымша ақпарат</b>			
САЛАЛЫҚ ХАТТАМА	G4-EU1 Орнатылған қуат	«Қызметтің негізгі көрсеткіштері» бөлімі, 8-бет	
	G4-EU2 Энергия өндіру	«Қызметтің негізгі көрсеткіштері» бөлімі, 8-бет	
	G4-EU3 Тұрмыстық, өнеркәсіптік, институционалдық, коммерциялық тұтынушылардың жеке есепшоттарының саны	«Қызмет географиясы» бөлімі, 15-бет	
	G4-EU4 Реттеу режимдеріне бөлгендегі жерүсті және жерасты электр энергиясын беру және тарату желілерінің ұзындығы	«Негізгі өндірістік сипаттамалар» бөлімі, 8-бет	
	G4-EU5 COR2R немесе эквиваленттер шығарылымдарына квота бөлу	«Парник газдарының шығарылымдары» бөлімі, 75-бет	

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП  
(мың теңге)

	31 желтоқсан 2018 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.
<b>АКТИВТЕР</b>		
<b>ҰЗАҚМЕРЗІМДІ АКТИВТЕР:</b>		
Негізгі қаражат	100,119,870	101,534,714
Берілген аванстар	293,247	243,469
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	23,353	168,225
Бейматериалдық активтер	187,750	206,140
Өзге ұзақмерзімді активтер	302,495	302,495
Өзге қаржылық активтер	2,090	4,515
<b>Барлық ұзақмерзімді активтер</b>	<b>100,928,805</b>	<b>102,459,558</b>
<b>АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР:</b>		
Тауарлық-материалдық қорлар	2,132,305	2,198,380
Саудалық дебиторлық қарыз	2,510,220	3,366,122
Берілген аванстар	609,544	282,992
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	46,343	69,564
Өзге ағымдағы активтер	701,321	891,315
Өзге қаржылық активтер	383,470	454,608
Ақшалай қаражаттар	454,400	70,705
<b>Барлық ағымдағы активтер</b>	<b>6,837,603</b>	<b>7,333,686</b>
<b>БАРЛЫҚ АКТИВТЕР</b>	<b>107,766,408</b>	<b>109,793,244</b>
<b>КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>		
<b>КАПИТАЛ:</b>		
Акционерлік капитал	16,291,512	16,291,512
Қосымша төленген капитал	277,168	277,168
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв	19,310,757	20,274,349
Бөлінбеген табыс	20,308,992	20,080,465
<b>Барлық капитал</b>	<b>56,188,429</b>	<b>56,923,494</b>
<b>ҰЗАҚМЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:</b>		
Шығарылған облигациялар	5,542,187	8,251,896
Қарыздар	-	13,720,381
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	15,701,429	16,241,831
Болашақ кезеңдегі табыстар	2,852,276	3,103,658
Рекультивациялау бойынша міндеттемелер	446,382	349,597
Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелер	50,708	59,086
Қаржылық аренда бойынша міндеттемелер	196,546	284,258
Төленетін дивидендтер	-	2,127,865
<b>Барлық ұзақмерзімді міндеттемелер</b>	<b>24,789,528</b>	<b>44,138,572</b>

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСПОРЫНДАРЫ

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП  
(мың теңге)

	31 желтоқсан 2018 ж.	31 желтоқсан 2017 ж.
АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:		
Шығарылған облигациялардың ағымдағы бөлігі	324,339	472,015
Саудалық кредиторлық қарыз	2,092,488	3,114,220
Қысқамерзімді қарыздар және ұзақмерзімді қарыздардың ағымдағы бөлігі	20,301,687	3,733,303
Алынған аванстар	490,737	585,813
Рекультивациялау бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	61,665	87,693
Болашақ кезеңдегі табыстардың ағымдағы бөлігі	136,784	-
Қызметкерлер сыйақысы бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	6,062	5,081
Қаржылық аренда бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	63,155	33,156
Өзге міндеттемелер мен есептелген шығындар	3,311,534	699,897
<b>Барлық ағымдағы міндеттемелер</b>	<b>26,788,451</b>	<b>8,731,178</b>
<b>БАРЛЫҚ КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР</b>	<b>107,766,408</b>	<b>109,793,244</b>

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСПОРЫНДАРЫ

КІРІСТЕР МЕН ШЫҒЫСТАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ЖӨНІНДЕГІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП  
(мың теңге)

	2018 ж.	2017 ж.
ТАБЫСТАР	33,302,903	31,701,948
ӨЗІНДІК ҚҰНЫ	(24,802,579)	(22,267,150)
ЖАЛПЫ ПАЙДА	8,500,324	9,434,798
Өткізу бойынша шығындар	(325,551)	(303,167)
Жалпы және әкімшілік шығындар	(2,247,413)	(2,167,073)
Қаржылық шығындар	(2,865,464)	(2,379,735)
Қаржылық табыстар	271,740	119,045
Курс айырмасынан болған (шығындар)/табыс, нетто	(1,242,943)	49,963
Прочие доходы/(расходы), нетто	529,808	(161,097)
САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ТАБЫС	2,620,501	4,592,734
ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫН	(871,342)	(1,229,890)
<b>БІР ЖЫЛҒЫ ТАЗА ПАЙДА ЖӘНЕ БАРЛЫҚ ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС</b>	<b>1,749,159</b>	<b>3,362,844</b>
АКЦИЯ ТАБЫСЫ		
Акцияға бір жылғы табыс, базалық және бытыранқы, теңге	12.16	23.38

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСПОРЫНДАРЫ

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(мың теңге)

	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв	Бөлінбеген табыс	Барлық капитал
<b>1 қаңтар 2017 ж.</b>	16,291,512	277,168	21,480,749	17,954,086	56,003,515
Бір жылдағы таза пайда және барлық жиынтық шығын	-	-	-	3,362,844	3,362,844
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв	-	-	(1,206,400)	1,206,400	-
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	(2,442,865)	(2,442,865)
<b>31 желтоқсан 2017 ж.</b>	<b>16,291,512</b>	<b>277,168</b>	<b>20,274,349</b>	<b>20,080,465</b>	<b>56,923,494</b>
КЕХЖ (IFRS) 9 көшу: - күтілетін кредиттік шығындарды қайта есептеу (3-қосымша)	-	-	-	(445,524)	(445,524)
<b>1 қаңтар 2018 ж.</b>	<b>16,291,512</b>	<b>277,168</b>	<b>20,274,349</b>	<b>19,634,941</b>	<b>56,477,970</b>
Бір жылдағы таза пайда және барлық жиынтық шығын	-	-	-	1,749,159	1,749,159
Негізгі қаражатты қайта бағалау бойынша резерв	-	-	(963,592)	963,592	-
Берілген қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер	-	-	-	(1,029,841)	(1,029,841)
Жарияланған дивидендтер	-	-	-	(1,008,859)	(1,008,859)
<b>31 желтоқсан 2018 ж.</b>	<b>16,291,512</b>	<b>277,168</b>	<b>19,310,757</b>	<b>20,308,992</b>	<b>56,188,429</b>

«СЕВКАЗЭНЕРГО» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСПОРЫНДАРЫ

АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

(мың теңге)

	2018 ж.	2017 ж.
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ:</b>		
Салық салуға дейінгі табыс	2,620,501	4,592,734
Түзетулер:		
Тозу және амортизация	5,065,781	4,818,414
Қаржылық шығындар	2,865,464	2,379,735
Күмәнді қарыздар бойынша резерв есептеу/(қалпына келтіру)	(19,151)	51,769
Ескірген тауарлы-материалдық қорлар бойынша резерв есептеу/(қалпына келтіру)	16,990	(32,775)
Негізгі қаражат пен материалдық емес активтердің шығып қалуынан болатын шығындар	105,377	252,230
Қызметкерлер сыйақысы бойынша (табыстар)/шығындар	(965)	452
Пайдаланылмаған босатылым бойынша резервтер есептеу/(қалпына келтіру)	136,090	(2,517)
Курстық айырма шығындары/(табысы), нетто	1,242,943	(49,963)
Мемлекеттік субсидияны алып тастаудан түскен табыстар Д	(116,812)	(35,995)
Қаржылық табыстар	(271,740)	(119,045)
Ақшалай емес баптар бойынша өзге түзетулер	(30,463)	-
Айналымдық капиталдағы өзгерістерге дейінгі ақша қаражатының қозғалысы	11,614,015	11,855,039
Тауарлық-материалдық қорлардың өзгеруі	49,555	(221,524)
Сауда дебиторлық қарыздың өзгеруі	360,324	(129,977)
Қысқамерзімді активтерді алуға берілген аванстардың өзгеруі	(326,552)	(35,084)
Өзге ағымдағы активтердің өзгеруі	210,254	(542,274)
Сауда кредиторлық қарыздың өзгеруі	(599,605)	(541,264)
Алынған аванстардың өзгеруі	(95,076)	212,805
Өзге міндеттемелер мен есептелген шығындардың өзгеруі	223,237	(242,488)
Қызметкерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердің өзгеруі	(3,481)	2,053
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты</b>	<b>11,432,671</b>	<b>10,357,286</b>
Төленген табыс салығы	(887,460)	(20,515)
Төленген пайыздар	(2,481,922)	(2,380,670)
<b>Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаты</b>	<b>8,063,289</b>	<b>7,956,101</b>

## ГЛОССАРИЙ

**Агрегаттың (станцияның) қолданылатын қуаттылығы** — өндіруші агрегаттың (станцияның) қуаттылығын шектеуді алып тастағандағы белгіленген қуаттылығы.

**Әуелік электр желісі** — электр энергиясын ашық ауада орнатылған, оқшаулағыштар мен арматуралардың көмегімен тіреулерге немесе кронштейндерге бекітілген өткізгіштердің бойымен беретін электр желісі.

**Белгіленген қуаттылық** — турбоагрегаттардың номиналды қуатының қолданыстағы шамасы.

**Бу турбинысы** — энергетикалық турбомашина, жоғары параметрлі будың потенциалды энергиясын электрді өндіретін оның роторының айналуының механикалық энергиясына түрлендіретін булы турбоагрегат элементі.

**Гигакалория** — жылу энергиясы мөлшерінің өлшем бірлігі, жылу энергетикасы, жылыту жүйесі, коммуналды шаруашылықта бағалау үшін қолданылады.

**Гигакалория / сағат** — белгілі бір уақыт ішінде қандай да бір жабдықтың өндірген немесе пайдаланған жылу мөлшерін сипаттайтын туынды бірлік.

**Градирия** — ауа массасын соратын сорғыш мұнара түріндегі құрылыс ғимараты.

**Гудвилл (ағылш. goodwill)** — компанияның бағасы мен оның барлық активтерінің таза құны арасындағы айырмашылық.

**Жылу мен электр энергиясын аралас өндіру** — электр өндіргіштің бу турбинысын қозғалысқа келтіріп электр энергиясын және бу турбинынан бөлініп шыққан будан шығатын жылуды өндіруі.

**Жылу электр орталығы (ЖЭО, жылытатын электр станциясы)** — электр энергиясын ғана емес, сондай-ақ бу және ыстық су күйінде тұтынушыларға жіберілетін жылуды өндіретін жылу электр станциясы.

**ЖІӨ дефляторы (жалпы ішкі өнім дефляторы)** — экономикадағы белгілі бір кезеңде тауарлар мен қызметтер (тұтыну себеті) жалпы баға деңгейін есептеуге арналған бағалық индекс.

**Қазандық агрегаты** — отын жағу, электр энергиясын пайдалану, шығатын газ жылуы немесе технологиялық үрдіс салдарынан қысыммен бу немесе ыстық су алуға арналған құрылғы.

**Калория (кал)** — жылу мөлшерінің жүйеден тыс бірлігі. **Күл** — отынның толық жанған кезде минералды қоспаларынан түзілетін жанбайтын қалдығы (шаң тәрізді).

**Күл үйіндісі** — жылу электр орталықтарында қатты отынды жаққан кезде түзілетін күл мен боқатты жинауға және көдеге жаратуға арналған жер.

**Мегаватт** — электр өндірісінде қуаттылықты өлшеу бірлігі.

**Қолданылатын қуаттылық** — техникалық себептер бойынша сатылмаған (түтін құбырларының тарту күшінің жеткіліксіздігі, турбина конденсаторларының салқындату жүйесі және т.б.) қуаттылықты алып тастағандағы жабдықтың белгіленген қуаттылығына тең шама.

**РҚШ томы** — рұқсат етілген қалдықтар шегі нормативтерінің жобасы.

**Сорғы** — энергия (кинетикалық немесе потенциалды) келіп түскен кезде ең алдымен сұйықты қысыммен қозғалтуға (соруға, айдауға) арналған құрылғы.

**Сорғы қондырғысы** — сорғының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, белгілі бір сұлба бойынша құрастырылған құраушы жабдықтары бар сорғы агрегаты.

**Станциядағы белгіленген жылу қуаты** — жылуды сыртқы тұтынушыларға және бу мен ыстық суға деген жеке қажеттіліктерге жіберуге арналған жабдықтарды пайдалану актісі бойынша қабылданған номиналды жылу қуаттылықтарының қосындысы.

**Трансформатор (лат. transformare — өзгерту, түрлендіру)** — энергияның (мысалы, электр трансформаторы, гидротрансформатор) немесе нысандардың (мысалы, фототрансформатор) қандай да бір маңызды қасиеттерін түрлендіруге арналған құрылғы.

**Турбина** — бу, газ, судың жұмыс жылуының кинетикалық энергиясын механикалық жұмысқа түрлендіретін, жұмыс органы болып табылатын роторды айналдыру қозғалысы бар алғашқы қозғалтқыш.

**Турбоагрегат** — бір жиынтық сымға біріктірілген бу турбинысы, электр өндіруші мен қоздырғыштың жиынтығы; пардың потенциалды энергиясын электр энергиясына түрлендіруді қамтамасыз етеді.

**Шағын станция** — электр энергиясын түрлендіру және тарату үшін пайдаланылатын, трансформатор немесе энергияны басқа да түрлендірушілерден, тарату құрылғыларынан, басқару құрылғысы мен қосалқы құрылыстардан тұратын электр қондырғысы.

**Электрді әуемен беру желісі** — электр энергиясын қашықтықтарға өткізгіштер арқылы беруге арналған құрылым.

**Электрді беру желісі (ЭБЖ)** — электр энергиясын электр станциясынан тұтынушыларға беруге арналған, сымдар (кабельдер) мен қосымша құрылғылардан тұратын құрылыс.

**Энергожүйенің белгіленген электр қуаты** — энергожүйедегі электр станцияларының барлық турбо және гидроагрегаттарының паспорты не болмаса техникалық шарттарына сәйкес келетін жиынтық номиналды белсенді қуаты.

**Эмульгатор** — фазалар инверсиясы режимінде жұмыс істейтін ылғалды күл және шаңды тазалау аппараты.

### «СЕВКАЗЭНЕРГО» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

#### АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)

(мың теңге)

	2018 ж.	2017 ж.
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ:</b>		
Негізгі қаражаттарды иелену	(3,986,586)	(8,600,505)
Бейматериалдық активтерді иелену	(17,745)	(42,160)
Депозиттен шешілген/(орналастырылған) ақша қаражаттары және пайыздардың түсімі, нетто	115,481	(120,902)
Негізгі қаражаттың шығып қалу түсімдері	29,521	173,755
<b>Инвестициялық қызметте қолданылған таза ақша қаражаттары</b>	<b>(3,859,329)</b>	<b>(8,589,812)</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ:</b>		
Қарыздар түсімі	6,050,000	5,042,046
Қарыздарды өтеу	(4,576,748)	(5,317,678)
Облигацияларды орналастыру	-	100,777
Дивидендтерді төлеу	(2,527,865)	(684,783)
Облигацияларды сатып алу	(2,725,186)	(500,100)
Мемлекеттік субсидиялар түсімдері	21,335	1,912,490
Қаржылық лизинг бойынша негізгі қарызды төлеу	(61,794)	(21,381)
Қаржылық қызметтен алынған/(пайдаланылған) таза ақша қаражаттары	<b>(3,820,258)</b>	<b>531,371</b>
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ТАЗА АРТУЫ/(АЗАЮЫ)	383,702	(102,340)
жыл басындағы АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ	70,705	173,045
Шетелдік валюта курсы өзгерісінің шетелдік валютадағы ақша қаражатының қалдығына әсері	(7)	-
<b>жыл соңындағы АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ</b>	<b>454,400</b>	<b>70,705</b>



## ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

**CTF** (ағылш. қысқ. Clean Technology Fund) Таза технологиялар қоры  
**EBITDA** салықтарды, пайыздарды және есептелген амортизацияларды төлеу бойынша шығындарды алып тастағандағы пайда көлеміне тең аналитикалық көрсеткіш  
**ESAP** Экологиялық және өлеуметтік әрекеттер жоспары  
**ISO** Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым  
**KEGOC** «Қазақстан Электр желілерін басқару жөніндегі компания» АҚ  
**OHSAS** халықаралық еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі  
**2-ПЖЭО** 2-Петропавл жылу электр орталығы  
**АЕК** айлық есептік көрсеткіш  
**АҚ** акционерлік қоғам  
**АЭЖ** аудандық электр желісі  
**ӘЖ** әуелік желілер  
**БАҚ** бұқаралық ақпарат құралдары  
**Гкал** гигакалория  
**Гкал/с** гигакалория/сағат  
**ГЭС** гидро электр станциясы  
**ҒӨБ** ғылыми-өндірістік бірлестік  
**ЕҚДБ** Еуропа қайта құру және даму банкі (ағылш. European Bank for Reconstruction and Development EBRD)  
**ЖКЕАЖ** жылу энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі  
**ЖОС** жеке оқшаулағыш сым  
**ЖТҚ** жиынтық тарату құрылғысы  
**ЖШС** жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
**ЖІӨ** жалпы ішкі өнім  
**ЖЭО** жылу электр орталығы  
**ИИҚ** Ислам инфрақұрылымдық қоры  
**кВт·с** киловатт-сағат  
**КЖ** кабельді желілер  
**КҰҚ** күлді ұстау құрылғысы  
**ҚҚС** қосымша құн салығы  
**ҚОМЖ** қоршаған орта менеджменті жүйесі  
**МАЭС** мемлекеттік аудандық электр станциясы  
**МВт** мегаватт  
**ОАОЭК** «Орталық-Азия отын-энергетикалық компаниясы» АҚ  
**ОАЭК** «Орталық-Азия Электроэнергетикалық Корпорациясы» АҚ  
**ПЭ** «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ  
**ПЭТК** «Павлодар электр желілік тарату компаниясы» АҚ  
**СКЭ** «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ  
**СҚ ЭТК** «Солтүстік Қазақстан электр желілік тарату компаниясы» АҚ  
**СПЖ** сапа менеджменті жүйесі  
**ТБЖ** төуекелдерді басқару жүйесі  
**ЭБӘЖ** электрді берудің әуелік желілері  
**ЭБЖ** электрді беру желілері  
**ЭКЕАЖ** электр энергиясын коммерциялық есептеудің автоматтандырылған жүйесі  
**ЭС** электр станциясы

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бас кеңсесі**  
 150009, Қазақстан Республикасы, Петропавл қ.,  
 Жамбыл к-сі, 215 мекен-жайында орналасқан.

Электрондық пошта: info@sevkazenergo.kz  
 Тел.: +7 (7152) 31 43 24.  
 Факс: +7 (7152) 41 28 28.

Компания сайты: www.sevkazenergo.kz

Аты-жөні/қызметі	Байланыс ақпараты
Инвесторлар мен акционерлермен жұмыс бойынша жауапты адамдар	
<b>Кумаченко Ирина Михайловна</b> – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Бас директорының қаржы және экономика мәселелері бойынша орынбасары	Қазақстан республикасы, Петропавл қ., Жамбыл к-сі, 215 Тел.: +7 7152 31 43 24. Факс: +7 7152 41 28 28
<b>Алексеевене Татьяна Вячеславна</b> – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ бас бухгалтері	Қазақстан республикасы, Петропавл қ., Жамбыл к-сі, 215 Тел.: +7 7152 31 43 24. факс: +7 7152 41 28 28
<b>Джаманчолова Наталья Михайловна</b> – «Қорғау» заң агенттігі» ЖШС СКФ директоры, «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ корпоративтік хатшысы	Қазақстан республикасы, Петропавл қ., А. Шажимбаев к-сі, 144 тел.: +7 7152 31 43 07
Жылдық есепке жауапты тұлға	
<b>Агеев Андрей Михайлович</b> – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Қоғаммен байланыс бөлімі басшысы	Қазақстан республикасы, Петропавл қ., Жамбыл к-сі, 215 Тел.: +7 7152 41-29-39. Факс: +7 7152 41 28 28.

### АУДИТОР

**«СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ аудиторы РwC Қазақстан компаниясы болып табылады, орналасқан мекенжайы:**

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., “AFD” бизнес орталығы, «А» ғимараты,  
 4-қабат, өл-Фараби даңғылы, 34  
 Алматы, Қазақстан, A25D5F6

Т: +7 (727) 330 32 00

Ф: +7 (727) 244 68 68

### ТІРКЕУШІ

«Бағалы қағаздарды бірыңғай тіркеуші» АҚ (Алматы қ. Әділет департаментінің 11.01.2012 ж. берген 1678–1910–02 АҚ мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі).

